

Орынбасарова Е.Д, Притворова Т.П, Легостаева А.А.

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОРЫНДАҒЫ
НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕУ**

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2024



ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Орынбасарова Е.Д. PhD, профессор

Притворова Т.П. э. ғ. д, профессор

Легостаева А.А. э. ғ. к, доцент

**«Экономиканың қоғамдық секторындағы нәтижелер бойынша
басқару және бюджеттеу»**

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2024



ӘОЖ(УДК) 336 (075.8)
КБЖ(ББК) 65.261.3 я73
О-74

Рецензенттер:

э.ғ.д, профессор Андарова Р.К. - Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ
э.ғ.д, профессор Сихимбаев М.Р. – Қазтұтынуодағы Қарағанды
университеті

Орынбасарова Е.Д, Притворова Т.П, Легостаева А.А.

**ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОРЫНДАҒЫ
НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУ ЖӘНЕ
БЮДЖЕТТЕУ: Экономикалық мамандықтар бойынша білім
алушыларға арналған оқу құралы. / Е.Д. Орынбасарова, Т.П.
Притворова, А.А. Легостаева.– Қарағанды, 2017.- 241б.**

ISBN 978-601-235-675-1

Оқу құралында нәтижелерге бағытталған мемлекеттік басқару және бюджеттеу жүйесі қарастырылған. Қоғамдық сектордағы нәтижелер бойынша басқарудың ерекшеліктері (модельдер мен механизмдер) егжей-тегжейлі баяндалған. Оқу құралы Қазақстанның экономикасында ҰШЖ-93 призмасы арқылы қоғамдық игіліктер беру жөніндегі мемлекеттің қызметін және бизнестегі мемлекеттік басқаруды бақылау жүйесі, стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларды бағалау, мемлекеттік қызметтің толық құнын айқындаудың әдістемелік негіздері туралы түсінік береді. Оқу құралы "Экономика", "Менеджмент", "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандықтары бойынша білім алушыларға, оқытушыларға, практикалық қызметкерлерге арналған.

ӘОЖ(УДК) 336 (075.8)
КБЖ(ББК) 65.261.3 я73

Қарағанды университетінің ғылыми кеңесінде бекітілді
(25.06.2024ж. №10 хаттама)

**Дайындағандар: PhD, профессор Орынбасарова Е.Д, э.ғ.д,
профессор Притворова Т.П., э.ғ.к, доцент Легостаева А.А. 2024ж**

ISBN 978-601-235-675-1

©Орынбасарова Е
Притворова Т.П.
Легостаева А.А.



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		6
ТАРАУ 1. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ		8
1.1	Қоғамдық секторды басқарудың экономикалық тиімділігі және қоғамдық қажеттілігінің ара қатынасы	8
1.2	Жеке және қоғамдық мүдденің өзара байланыстарының проблемалары	9
1.3	Қоғамдық игіліктер негізі: классификациялау тәсілдері	12
ТАРАУ 2. ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОРДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МОДЕЛЬДЕР МЕН МЕХАНИЗМДЕР		16
2.1	Қоғамдық сектордағы нәтиже бойынша басқару ерекшеліктері: квази-нарықтық қатынастар, контрактация және нәтижені бағалау	16
2.2	Қызмет көрсетушіні таңдаудың моделдері мен механизмдері	22
ТАРАУ 3. ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ		35
3.1	Әлеуметтік қызметтің тұтынушылықтық моделі және оның қызмет стандарттарымен байланысы	35
3.2	Қамтамасыз ету мен қолжетімділік қызмет стандарты ретінде	38
ТАРАУ 4. ҰШЖ-93 ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТЕРДІ ҰСЫНУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ		59
4.1	Макродеңгейде қоғамдық сектордың қызметін сараптау әдісі	59
ТАРАУ 5. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕН БЮДЖЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА МОДЕЛЬДІ ЕНГІЗУ		71
5.1	Қазақстандағы нәтиже бойынша мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеуді енгізудің алғышарттары	71



5.2	НББ (нәтижеге бағытталған бюджеттеуді) енгізудің әлемдік тәжірибесі.	75
5.3	Нәтиже бойынша басқару элементтері мен негізгі түсініктер	77
5.4	Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Министрліктердің стратегиялық жоспары олардың құрылымдары мен элементтері	80
ТАРАУ 6. БИЗНЕСТЕГІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ КОНТРОЛЛИНГ ЖҮЙЕСІ (2 САҒАТ)		86
6.1	Жаңа мемлекеттік басқару әдістемесі контроллинг жүйесі ретінде	86
6.2	Мемлекеттік басқаруды бағалауды дамытудағы контроллингтік жүйе құру элементтері (әлемдік тәжірибе)	92
ТАРАУ 7. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ (1 САҒАТ)		128
7.1	Бағдарламаны басқару қызметі ретіндегі бағалауға әдістемелік тәсілдер	128
7.2	Бағалауды классификациялау	129
7.3	Бағалау мен оның мазмұны тұрғысынан бағалау принциптері	136
7.4	Бағдарламалар мен жобаларды бағалау әдістері	138
7.5	Жұмыспен қамтудың салалық бағдарламасы мысалында экономикалық және әлеуметтік тиімділікті бағалау	141
ТАРАУ 8. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТОЛЫҚ БАҒАСЫН АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР (1 САҒАТ)		161
8.1	Мемлекеттік қызмет бағасын анықтау бойынша халықаралық тәжірибеге шолу жасау	161
8.2	Мемлекеттік қызметтің толық бағасын есептеудің әдісі	167
8.3	Мемлекеттік қызметтің толық бағасын есептеуге арналған кейстер	179
ҚОРЫТЫНДЫ		213
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ		215



КІРІСПЕ

2007 жылдан бері Қазақстанның мемлекеттік секторында басқару және бюджеттендіру жүйесі нәтижелер бойынша енгізіліп жатыр, ол дамыған елдердегі қоғамдық ресурстарды басқарудың неғұрлым тиімді тәжірибесі болып саналады¹.

5 жыл өткен соң жүйені ресми түрде енгізіп болған соң 2013 жылы қолданыстағы мемлекеттік жоспарлауға сыни баға берілді, ол «Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін дамыту концепциясында» ұсынылған²

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің проблемалық мәселелері ретінде мыналар анықталды: құжаттың көптігі, мақсаттар, міндеттер мен көрсеткіштердің қайталануы; стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудағы өзара байланыстардың әлсіздігі; тәуекелді басқарудың тиімсіздігі; мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі және мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік пен нәтижелікті бағалау механизмдерінің жетілмегендігі.

Салалық бағдарламаларды бағалау үшін жеке нормативтік-құқықтық акт³ қабылданды. «Ережелермен...», оның ішінде мына мәселелердің маңыздылығы туралы айтылған:

- Салалық бағдарламаның барысына әсер еткен факторларды сараптау;

- Құжаттың жүзеге асырылу барысының тиімділігі мен нәтижелігі туралы қорытынды.

Ол мәселелер Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігінің 4 ақпан 2016 жылғы № 58.⁴ Бұйрығында да көрсетілген.

31 қаңтар 2017 жылғы ҚР Президентінің Қазақстан Халқына жолдауындағы негізгі міндеттердің бірі де салықтық-бюджеттік саясатты жаңа кезеңге шығару болып табылады, оның ішінде «бюджеттік шығыс тиімділігін күрт арттыру».⁵

Аталған оқу құралы мемлекеттік сектордағы басқарудың жаңа моделінің маңызды мәселелеріне арналған, ол күрделі бірнеше кезеңдік процестен тұрады онда оң да теріс те ерекшеліктері бар.

Модельді енгізудегі тәжірибе көрсетіп отырғандай акталған ерекшеліктердің әрбір басқарушыға тәуелді емес объективтік және нақты бір мемлекеттік органға және нақты бір орындаушыға тиесілі субъективтік жақтары да бар.



Экономиканың қоғамдық секторындағы бюджеттеу және басқару жүйесіндегі объективтік күрделілік қоғамдық секторда нарықтық механизмдегідей автоматтық және ашық механизмдердің болмауы. Қоғамдық секторда әрекет етіп отырған субъектінің нақты критерилерінің болмауы көрсеткіштерді құру қиындығын және көптеген құбылыстар мен процестердің индикаторларының қиындығын көрсетеді. Егер де нарықтық секторда бизнестің табыстылығы мен кірістілігін оның нәтижесі көрсететін болса ал қоғамдық секторда қоғам қалауын көрсететін нәтиже көрсеткіштері мен индикаторларды генерациялау қажет болады.

Басқа да объективтік күрделілік мемлекеттік органның қызметінің соңғы нәтижесін немесе нақты бір мемлекеттік бағдарламаны бағалау процедурасы ол да оны дұрыс жүргізу үшін және нәтижені сипаттау үшін арнайы спецификалық құралдар жасауды талап етеді. Мемлекеттік бағдарламадан әлеуметтік әсерді бағалау әдісі оқу құралында жұмыспен қамтудың мемлекеттік салалық бағдарламалары материалы арқылы жасалды.

Оқу құралында мемлекеттік секторға арналған мемлекеттік қызметтің толық бағасын анықтаудың жаңа мәселелері толық жасалды, ол қоғамдық секторға жеке немесе коммерциялық емес ұйымдарды тарту үшін және қоғамдық сектор қаржысын игеруге ниет білдіргендер арасында толыққанды бәсекелестік үшін қажет. Мемлекеттік қызметтің толық бағасын есептеуге берілген кейстер нәтиже бойынша басқару мәселесінің экономикалық бөлігін көрсетеді. Жаңа менеджмент моделі бірінші кезекке қоғамдық шығын тиімділігі критерилерін шығарады.

Аталған оқулық құралында нәтиже бойынша басқару әдістерін толық негіздеу тән және докторанттарға қазіргі заманғы басқару моделінің ерекшеліктерін, күрделігін түсінуге арналған көптеген практикалық материалдар бар.



ТАРАУ 1. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қоғамдық секторды басқарудың экономикалық тиімділігі мен қоғамдық қажеттілігінің ара қатынасы

1.2. Жеке және қоғамдық мүдденің өзара байланысының проблемалары

1.3. Қоғамдық игіліктер негізі: классификациялау тәсілдері

Тақырыптың мақсаты: Қоғамдық секторды басқару барысындағы жеке және қоғамдық мүдденің өзара байланысы контекстінде қоғамдық қажеттіліктер мен экономикалық тиімділіктердің ара қатынасын анықтау

Негізгі сөздер: қоғамдық сектор, мемлекеттік сектор, қоғамдық және жеке қажеттіліктер, экономикалық тиімділік, ғылыми мектептер, қоғамдық таңдау теориясы.

1.1. Қоғамдық секторды басқарудың экономикалық тиімділігі мен қоғамдық қажеттілігінің ара қатынасы

Қазіргі заманда, тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың тиісті институттары және экономикалық даму тиімділігіне деген талап қоғамдық институттар категориялары мен қоғам игіліктері тарихи, экономикалық, әлеуметтік, саяси зерттеулер құралы болып отыр.

Қоғамдық мүдде мен қоғамдық игілік концепциясы қоғамдық сектордың қаржысын игеруге арналған ақпаратталған механизмдердің теориялық талдаулар негізінде жатыр, себебі нақты осы ресурстар тұрғындардың қажетін қанағаттандыруға арналған. Себебі мемлекет институционалдық субъект болып табылады, ол жалпы қоғам мүддесін жүзеге асыруға тырысады және қоғам өзіне сеніп тапсырған ресурстарға иелік етеді, ол қоғам мүддесін мемлекеттік сектор арқылы қызмет пен тауарды өндіру немесе сату арқылы қоғам қажетін қанағаттандырады. Сатып алынатын тауар мен қызметтің номенклатурасы мен көлемі және сатып алынатын тауар мен қызмет көлемі бюджеттің мүмкіндігіне және қоғамға қажет деп танылған аталған игіліктердің әлеуметтік пайдалылығына байланысты. Сондықтан қоғамның мүдделері арасындағы өзара байланыстың болуы оның әр түрлі әлеуметтік топтары арасындағы жалпы алғанда қоғамдық тауар мен қызметтің арасындағы байланыс мәселесі зерттеуге негіз болады деп санаймыз.

Сонымен, әлеуметтік мемлекетте қоғамдық игіліктер ұсыну үшін мемлекеттік шығындарды тиімді басқару жанамалас жүреді. Себебі, мемлекеттің ресурсы үнемі шектеулі болады және оны тиімді түрде



бөлу керек, ал мемлекет оны өз басымдықтары арқылы шешеді. Жалпы алғанда мемлекеттің басымдықтары мыналар болуы мүмкін: елдің бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық процестердің жандануы, әлеуметтік әділділік.

Аталған басымдықтар қоғамдық сектор ресурстарымен бәсекелес.

Сонымен қатар, басымдықтардың ішінде де қоғамдық игілікті бөлуде шешілмейтін дилемма туындауы мүмкін. Бұл жерде Нобель сыйлығының лауреаты А.Сеннің «Әділдік идеясы» кітабындағы қарастырылған сюжеттер осыған мысал бола алады.

Үш бала флейта кімге тиесілі екені туралы дауласады.

Тұңғыш бала ол маған тиесілі деп санайды, себебі ол ең кедей және ешқандай ойыншығы жоқ.

Екінші бала да флейта өзіне тиесілі деп санайды себебі оны өз қолымен жасаған демек оған тиесілі.

Үшінші бала да флейтаға ие болуға өзін лайықпын деп санайды себебі ол флейтада ойнай алады яғни ойнау арқылы жалпы қоғамға пайда әкеледі.

Мемлекет бірінші кезекте ең кедей тұрғындарды қамқорлығына алады, екінші жағдайда ол нақты жұмыс істеп қоғамға игілік әкелетіндерді қорғайды себебі, олар экономикаға нақты пайда әкеледі.

Үшінші нұсқаны экономиканы дамытудың инновациялық жолы деп санауға болады.

Аталған мысал әділдік проблемаларын шешудегі мемлекеттің алдында тұрған қиындықтарды көрсетеді, ол қоғамдық ресурсты бөлгенде кездесетін қиындықтар себебі ол шектеулі және әрқайсысының оған деген қажеттілігі айқын және ол қажеттілікті қосымша түсіндірусіз теріске шығару мүмкін емес.

Бұл жерде жеке және ұжымдық қажеттіліктің табиғатына деген теориялық дилемма туындайды, ол социумның жеке тұлға қажеттілігіне қарсылық ретіндегі ішкі қарсылықтарын көрсетеді біз оны экономикалық зерттеулерде қарастырған болатынбыз.

1.2. Жеке және қоғамдық мүдденің өзара байланысының проблемалары

Төрт ғылыми мектеп бар, оның үшеуі «қоғамдық қажеттілік» түсінігінен бастау алып отыр ал біреуі «қоғамдық игіліктен» бастау алады.

Алдыңғы үш мектепті неміс ғалымы бөліп қарастырды, ол қаржы жүйесінің маманы К.Шмидт ғалымдардың қоғамдық қажеттілік туралы көзқарастарын жүйеледі.

Бірінші мектепке 19 соңы 20 ғасырдың басындағы ғалым-экономисттерді жатқызды. Аталған мектептің көрнекті өкілдерінің бірі К.Менгера «...бірлестіктер адамдық индивидуумдардан ғана тұрмайды сонымен қатар, аталған бірлестіктердің өзіндік табиғаты бар сол



арқылы өзінің болмысын, өз дамуын қорғайды оны жекелеген тұлғалардың қажеттілігімен араластырмау керек және бірлестіктің барлық мүшелерінің қажеттіліктерімен шатастыруға болмайды» деді.

Аталған жағдайда ұжымдық қажеттілік (мысалы, сүтке деген қажеттілік) жекелеген тұлғаның қарапайым қажеттілігі қоғамдық қажеттілікпен теңестірілмейді қоғамның қажеттілігі дегеніміз күрделі. Демек К. Менгердің сөзімен айтқанда қандайда бір бірлестіктегі жеке тұлғаның қоғамның мүддесіне қарағанда өздерінің жеке спецификалық мақсатын көздейтін болады.

2 мектеп: Ф.Кухль, Х.Ритшль, Е.Селигмен, мынандай көзқарастарды ұстанып отыр: адамдардың бірлесуі барлық қоғам болмаса да оның аздаған бөлігі қажет ететін қоғамдық қажеттіліктерді емес өзінің ғана қажеттіліктерін көрсетуі мүмкін. Қоғамдық қажеттілікті түсінудің осындай жағы қазіргі заманғы экономика теориясында кең тараған.

Аталған ғылыми мектеп аясында анықталған қоғамдық мүддені анықтау механизм туралы теориялық мәселе көтеріліп отыр олар нарықтық механизм негізінде дұрыс түсіндірілмейді.

3 мектеп: Й.Кайцлем, А.де Вити. Олар ұжымдық қажеттіліктерді ұжымдағы жеке адамның қажеттілігі ретінде көрсетеді және оның қанағаттандырмау қоғамдық бірлескен өмір мүмкін болмайды.

Олардың көзқарастары көбіне екінші ғылыми мектепке ұқсас алайда қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру қажеттілігіне басымдық береді.

4 мектеп : маржинализм мектебін көрсетеді (негізін қалаушы А.Маршалл) және қоғамдық қажеттілікке деген басқаша көзқарасты көрсетеді. Аталған мектептің көзқарасы мына қаржыгерлердің еңбектерінде жазылған: Э.Сакса «Теориялық мемлекеттік экономика іргетасы», К.Виксель «Қаржылық-теориялық зерттеулер шведтік салықтық жүйенің сипаттау және сынаумен қатар», Э.Линдаль «Салық салудағы әділдік», К.Менгер «Халық шаруашылығы теориясының негізі». Маржинализм көзқарасын қоғамдық мүддеге жатқыза отырып қоғамдық қажеттілік деп сапалық және сандық жағынан анықталған қажеттілікті ғана қоғамдық деп тану керек деді.

5 мектеп: Қазіргі заманғы классик, американдық ғалым П.Самуэльсон «Қоғамдық айырмашылықтардың таза теориясында» қоғамдық игіліктерді мынандай түрлерге бөледі: «Қоғамдық тауар дегеніміз пайдалығы жағынан екі немесе одан да көп көлемде пайдалы қызметі бар тауарды айтамыз». Ол екі полюс жүйесін, яғни біреуі жеке игілік екіншісі қоғамдық игілік ретінде бөліп қарастырды. Нақты айтқанда универсалдық айырбас құралын жеке айырбас ретінде қарастырушылардың алғашқысы болды.

Танымал энциклопедист М.Блауг, итальяндық экономист У.Маццоллаға сілтеме жасай отырып қоғамдық тауар түсінігінің басқаша нұсқасын ұсынды: «Қоғамдық игіліктің ерекше табиғаты оны



бірлесіп және тең пайдалану болмақ: бір шаруаға көп болған сайын басқаларға ол аз болмауы керек».

Аталған екі түсінік мазмұны қоғамдық тауар сипатын көрсетеді: бірін бірі жоққа шығармайтын және бәсекелес емес оны қазіргі заманғы ғалым Р.Масгрейв былайша түсіндіреді.

Тауардың қасиеті былай берілген:

Егер де ол біреуге қолжетімді болса, онда ол бәріне де қолжетімді – ол тұтынудағы алмастырылмайтын қасиет (nonexcludability).

Оны біреулердің тұтынуы басқалардың тұтынуына кедергі емес ол – бәсекесіздік қасиет (nonrivalness).

Бұл жерде индивид пен қоғам қажеттілігінің ара қатынасы туралы шешім қабылдауда мынаны айтып өту қажет, яғни қоғамдағы жекелік қажеттілік туралы шешім қабылдаудың әр түрлі әдістері бар.

Бұл мәселені шешу қоғамдық тауар мен қызметті өндіру бойынша шешім қабылдау әдісімен байланысты. Қоғамдық игіліктер мен қызмет өндірісі саласындағы әлеуметтік таңдау мәселесімен айналысатын көптеген экономисттер жекелеген индивидтің пайдалылығы қызметіне «нарықтық игіліктермен қатар көптеген параметрлер кіреді, олар қоғамның әр саладағы сипатын көрсетеді».

Аталған гипотезаны К.Эрроу неғұрлым толық сипаттаған болатын: «...әрбір индивидуум социумның барлық жағдайда өз қалауы бар. Ол оның қажеттілігінен туындайтын қалауын ғана көрсетіп қоймайды сонымен қатар әлеуметтік түсінігін, жеке қажеттілігін, оның басқа индивидтермен бірлескен ұжымдық тұрғыдағы игіліктерді бөлудегі әділдікке деген түсінігін де көрсетеді». Саяси өмір ұсынып отырған мүдделерді қалыптастыру барысында қоғамның аздаған бөлігі ғана қатысады оны таңдау қоғам құрамы жағынан репрезентативті бола бермейді.

Әлеуметтік экономика саласындағы басқа да мамандар мысалы, А.Сен – кедейлік дегеніміз индивидумның мүмкіндіктерінің болмауы деген қазіргі заманғы парадигманың авторы, қоғамның қызығушылығы мен жекелеген пайда қызмет арасындағы мүмкіндіктерге күдікпен қарайды, себебі индивидтің әрқайсысы төменгі сатыдағы адамдардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын біле бермейді. Кейбір адамдар оған мүлдем қызықпайды да.

Сонымен қатар, қоғамдық қызығушылықты біле отырып индивидтер институционалдық әр түрлі ортада өздерін әр түрлі ұстауы мүмкін. Нарықтың субъектісі ретінде қоғамдық және мериторлық игілікке төлем жасамауы мүмкін немесе толық төлем жасамауы мүмкін, ал қоғамның мүшесі ретінде немесе саяси процестің қатысушысы ретінде аталған игілікті өндіруге толық дауыс береді. Амартия Сен: «Саясат дегеніміз – ол күрделі институционалдық процесс, оның негізінде адамдар әр түрлі альтернативтерді таңдайды, оны өз құндылықтарымен салыстырады, олар нарықтан тауар алған сияқты олар жеке өздерінің қалауына ғана сүйенеді» деп жазды.



Қоғамдық таңдау теориясына сәйкес қоғамның нормалары мен ережелері, оның ішінде қоғамдық тауарды өндіруге қатысты нормалар мен ережелер саяси нарықтағы өзара әрекеттестік нәтижесінде көрінеді. Осыдан барып норманы бағалау критеріі жекелеген құндылықтарды жүзеге асыру тұрғысынан тиімділігімен бағаланады және жекелеген мүддені өзара тиімді жүзеге асыру тұрғысынан бағаланады.

Жеке және қоғамдық мүддені үйлестірудің тәжірибесінде тіпті демократикалық тұрғыдан болса да өте қиын, себебі бір ауыздан қолдау жасалған шешімді жүзеге асыру тікелей демократия аясында ғана мүмкін болады, ал қандайда болмасын таңдау құқығын шектеу норманың кемуіне соқтырады. Демек таңдау жасау органдарына бақылау жасау қажет. Оны барлық сайлаушылар да біледі, алайда олар бақылауды жүзеге асыруға қатысты ақпаратты жинау мен салыстыру жүргізу жұмысының шығындарын төлеуге құлқысыз. Аталған көпшілікке танымал құбылыс «билетсіздердің проблемасы» деп аталады. Ол жерде жекелеген топтардың таңдауларын қолдау, лобби орын алуы мүмкін ол заңды нәтиже болып табылады.

Қалай дегенмен де нарықтық және қоғамдық мүддені салыстыру барысында екі әр түрлі қоғам мүддесі туралы сөз болады, ол нарықтық және саяси орта арқылы анықталады. Олардың үйлеспеушілігінің өзі де осында.

1.3. Қоғамдық игіліктердің негізі: классификациялау тәсілдері

Қоғамдық тауар түсінігі жоққа шығарылмайтын және бәсекелестік қасиеттерінің болмауымен сипатталады.

Сондықтан классикалық қоғамдық тауарлармен қоса әдебиетте қоғамдық игіліктер атауының мынадай нұсқаларын да кездестіруге болады:

- «таза қоғамдық тауарлар»;
- «қоғамның тұтынуына пайдалы игіліктер»;
- «квази-қоғамдық» тауарлар мен игіліктер, олар жартылай ғана қоғамдық болып табылады;
- «аралас қоғамдық тауарлар».

Әр түрлі атаулардың көптігі қоғамдық тауардың негізгі қасиетін көрсететін әдістеменің жоқтығымен және олардың бірлігін реттеп отыратын әдістің жоқтығымен байланысты.

А.Рубинштейн қоғамдық тауардың үш базалық сипатын қарауды ұсынды: «игілікті берудің бастапқы/екінші әсері», «қоғам игілігінің бөлінуі/бөлінбеуі», «коммуналдық».

Қоғамдық игіліктерді тұтынудың сипаты тұрғысынан алғанда бастапқы әсер туралы айтуға болады, егер де әрбір индивидте нәтиже болатын болса. Ал, егер де индивид игілікті тұтынғанда емес барлық қоғам тұтынғанда әсер пайда болатын болса оң нәтиже туралы айтуға



болады. Тұтынудың екінші әсері қоғам мүшелерінің бірлесіп тұтынуы кезінде пайда болады.

Бөлу мүмкіндігі тауарды әрбір индивидтің жеке тұтынуы яғни ешкімге тәуелді болмай тауарды тұтыну мүмкіндігін көрсетеді. бөлінбеушілік қасиет дегеніміз ол игілікті бөліктерге бөле алмау, яғни жеке пайдалана алмау және тең дәрежеде барлығымен тең қолдану мүмкіндігі.

Зерттеуде игіліктерді неғұрлым толық классификациялау үшін сонымен қатар «коммуналдық» түсінігі қолданылады, ол тұтыну барысында жоққа шығара алмау мен бәсекелессіздік. «Коммуналдық» түсінігінің неғұрлым толық анықтамасы «ортаның бір жүйе ретіндегі тұтынуы, оны жекелеу мүмкін еместік...Коммуналдық орта қоғамдық игілік формасында ғана қызмет етеді, олар жеке тұтынуға бөлінбейді және бөлшектеп сатылмайды (тұтынылмайды)».

Үш классификациялық белгіні пайдалану қоғамдық игілікті бөлудің толық бөлінбейтін сипатын береді.

Тақырып бойынша қортынды:

Қоғамдық игіліктер табиғаты индивидтің қоғамдық мүддесінен көрінеді ол оның жеке нарықтық қажеттілігіне қайшы.

Аталған қажеттілік қоғамдық таңдау теориясы аясында негізделіп саяси процедуралар негізінде сапалық және сандық тұрғыдан анықталады.

Қазіргі заманғы мемлекеттерде қоғамдық игіліктер диверсифицияланған олар жоққа шығарылмайтын және бәсекелеспейтін идеалды классикалық қоғамдық тауарлар тізіміне жатпайды.

Мемлекеттік ресурстар игіліктердің кең таңдауына жұмсалады осыған байланысты аталған шығындардың адресатын көрсету керек: индивид, индивидтер қауымдастығы және жалпы қоғам.

Ол аталған шығындардың тиімділігі мен нәтижелігін бағалауды тек соңғы тұтынушы жүргізе алады деген сөз, ол әр қызмет үшін әр түрлі болады.

Игілікті берудің бастапқы және екінші әсері маңызды, ол әр түрлі жолдармен өлшенеді, себебі бірінші жеке деңгейде жүзеге асырылады, ал екінші жалпы қоғам деңгейінде жүзеге асырылады.

Бұл жерде аралас топта (квази-қоғамдық игіліктер) қоғамның кейбір мүшелері арасында бөлуге болатын игілік болса, екінші деңгейде нәтиже барлық қоғамға тән болады.

Оқу -әдістемелік материалдар:

Тапсырма 1. Тақырыптар бойынша реферат жазу:



П.Самуэльсон және игіліктер теориясы: қоғамдық тауар анықтамасы

Ресей ғалымдары А.Рубенштейн мен А.Гринбергтің социодинамикасы мектебі

К.Эрроу және мүмкін еместік теоремасы: дәлелдеу логикасы

Дж. Бьюкенен және оның қоғамдық таңдау теориясы

Тапсырма 2. Қоғамдық мүдде мен қажеттілік трактовкасы мектептері бойынша салыстырмалы кесте құрыңыз.

Тапсырма 3. 1 кестені есте сақтау, қоғамдық игіліктер белгілеріне берілген мысалдарымен есте сақтау: «бастапқы/екінші әсер», «бөлінетін/бөлінбейтін игілік», игіліктің «коммуналдық» қасиеті. Қоғамдық игіліктің әрбір классы бойынша кем дегенде үш мысал келтіру керек.

Тапсырма 4. Тауар тұтынудың бастапқы әсері мен тұтынудың екінші әсері арасындағы негізгі ерекшеліктерді игеру мақсатында және бөлу немесе бөлінбеу қасиеттері арасындағы және басқа да белгілері арасындағы негізгі ерекшеліктерді игеру мақсатында аналитикалық кесте құрыңыз.

Кесте 1 – «Бастапқы және екінші әсер», «бөлінетін және бөлінбейтін игіліктер», «игіліктердің коммуналдығы» базалық белгілері негізінде қоғамдық игіліктерді классификациялау

Бастапқы әсерді (индивид береді)		Тұтынудың бастапқы және екінші әсері		Екінші әсерді (жалпы қоғам береді)
Жеке игіліктер	Жоққа шығарылмау және бәсекелестіктің жоқтығы		Аралас игіліктер (квази- қоғамдық игіліктер)	
?	Ком- муналдық игіліктер	Аралас ком- муналдық игіліктер	?	Әлеуметтік игіліктер
	?	?		?
Бөлінетін игіліктер	Бөлінбейтін игіліктер. Мінсіз қоғамдық тауарлар		Бөлінетін игіліктер	Бөлінбейтін әлеуметтік игіліктер

Тапсырма 5. Игілікті бөлу мен тұтынудың бастапқы және екінші әсері тұрғысынан маяк пен кітапхана қызметіне салыстыру жүргізіңіз.



Тапсырма 6. Игілікті бөлу мен тұтынудың бастапқы және екінші әсері тұрғысынан іргелі ғылымдар мен жол шаруашылығы қызметіне салыстыру жүргізіңіз.

Тапсырма 7. Игілікті бөлу мен тұтынудың бастапқы және екінші әсері тұрғысынан арнайы әлеуметтік қызмет көрсету мен жол шаруашылығы қызметіне салыстыру жүргізіңіз.

Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:

Қазіргі заманғы әлеуметтік мемлекетте қандай екі альтернатива бар?

Индивидуалдық және ұжымдық пайда ара қатынасын әр түрлі ғылыми мектептер қалай қарастырады?

Индивидуалдық пайда табиғаты қандай?

Нарықтық пайданың табиғаты қандай?

К.Менгердің айтуы бойынша қандай болмасын қоғам өзінің спецификалық мақсатына жетуді көздейді, ол осы қоғамды құрайтын жеке индивидтердің мүддесінен ерекшеленеді. Білім беру, денсаулық сақтау, экономика саласынан осы көзқарасты көрсететіндей мысал келтіріңіз.

Ф.Кухля мектебінің негізін көрсететін сипаттарды ашып беріңіз?

А.Вагнер, Й.Кайцель мектебінің негізін көрсететін сипаттарды ашып беріңіз?

Маржинализм мектебінің негізін көрсететін сипаттарды ашып беріңіз ?

П.Самуэльсон бойынша қоғамдық тауардың анықтамасы, оның көзқарасы бойынша жеке және қоғамдықтың үйлесімі?

М.Блауг бойынша У.Мацоллуға сілтеме жасалған қоғамдық тауардың анықтамасы?

Негізгі әдебиет:1-13; Қосымша әдебиет:1-3.



ТАРАУ 2. ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОРДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МОДЕЛЬДЕР МЕН МЕХАНИЗМДЕР

2.1. Қоғамдық сектордағы нәтиже бойынша басқару ерекшеліктері: квази-нарықтық қатынастар, контрактация және нәтижені бағалау.

2.2. Қызмет көрсетушіні таңдаудың моделдері мен механизмдері

Тақырып мақсаты: Қызмет жеткізушіні таңдау моделдері мен механизмдерін сипаттау, нәтиже бойынша және қоғамдық секторда басқарудың ерекшеліктерін қарастыру: квази-нарықтық қатынастар, контрактация және нәтижені бағалау

Ілмек сөздер: қоғамдық сектор, бөлуші модель, немесе клиенттік модель, екі немесе одан да көп жеткізуші моделі, квази-нарықтық қатынастар, контракттылық қатынастар, шығындар мен нәтижені салыстыру.

2.1. Қоғамдық секторда нәтиже бойынша басқарудың ерекшеліктері: квази-нарықтық қатынастар, контрактация және нәтижені бағалау

Қандайда болмасын елдің қоғамдық секторы екі критерий негізінде бағаланады: мемлекеттік меншік көлемімен және мемлекеттік шығындар мен кірістермен бағаланады. Бірінші бапқа барлық ресурстар, меншік құқықтары кіреді ол мемлекетке тиесілі. Екінші бапқа бюджетке түсетін барлық қаржы ағысы және бюджеттен жұмсалатын қаржы кіреді.


Жалпы алғанда ЭҚДҰ (экономикалық қызметтестік және даму ұйымы) құрамына кіретін қазіргі замандағы дамыған елдерде мемлекеттік шығын үлесі аз, себебі 20 ғасырдың екінші жартысында әсіресе екінші дүние жүзілік соғыстан кейін және экономиканы қалпына келтірген соң, аталған шығындар едәуір артты. Бірнеше әлемдік деңгейдегі дағдарыстан соң және экономикалық даму қарқыны төмендеген соң, бәсекеге қабілеттілік проблемаларынан кейін көптеген мемлекеттер мемлекеттік шығын көлемін шектеу керектігін мойындады, себебі ол тұрғындар мен кәсіпкерлерге салынатын салықтық жүктеменің артуын тудырады.

Көптеген мемлекеттер қабылдаған ең бірінші шара мемлекеттік шығынды кеміту емес, мемлекеттің қатысуын қысқарту формасына ауысу болды. Ол жаңа форма қоғамдық игіліктер өндірісін дұрыс деңгейде ұстап тұруға бағытталды, сонымен қатар шығынның кейбір каналдарын толық жапты, немесе аталған қоғамдық игіліктерге қатты мұқтаж азаматтарды және оны өзі өз қаржысына сатып ала алтын азаматтарды бөліп алды.



Тура сол уақыттан бастап көптеген мемлекеттер экономиканың коммерциялық секторына тән адрестік принципін ұстанды және тиімділік пен нәтижелік көрсеткіштеріне сүйенді (бизнесте-бәсекеге қабілеттілік).

Ол, бизнес-менеджмент принциптерінен және жобалық басқарудан шығатын әдістеме тиісті құралдарын қолданады және «жаңа мемлекеттік менеджмент» немесе «нәтиже бойынша басқару» атауына ие болды.



Сурет 1 –Әлеуметтік қызметке кететін мемлекеттік шығындар тиімділігін арттыру бойынша міндетті шешудің механизмдері

Нәтижелер бойынша басқарудағы іргелі ерекшеліктері мыналар болып табылады.

1) Квази-нарықтық экономикалық қатынастар құру. Ол мемлекеттік секторда ұйымдастыруды меңзейді, ол экономика секторындағы осыған ұқсасқа бәсекелесті емес, және қызмет көрсетуінің таңдау еркі бар.



Басқаша айтқанда экономиканың аталған секторында көптеген жеткізушілер болса және оларды таңдау мүмкіндігі болса нарықтық экономиканың осыған ұқсасын құру мүмкіндігі туындайды. Бұл жерде мемлекет әлеуетті қызмет алушыны субсидиялайды ол нарықтан өзіне қажетті қызметті сатып алады. Оны мемлекеттік, жеке немесе коммерциялық емес өндірушіден сатып ала алады, сатып алу үшін оның мемлекеттік субсидиясы бар. Субсидия ваучер түрінде (құнды қағаз) немесе қолма қол ақша формасында да берілуі мүмкін. Субсидиялаудың екі әдісінің де өз артықшылықтары бар және кемшіліктері бар. Бірінші шығыны көп (құнды қағаз шығару және оның түпнұсқалығын қорғау) ал екіншісі мақсатсыз жұмсалып кету қаупі бар. Аталған моделдердің артықшылығы оқулықта «квази-нарықтық» деп аталған, біз оны келесі лекцияда толық сипаттаймыз.

Егер де экономиканың дамуының аталған кезеңінде бәсекелестік орта жоқ болса және нақты қызметтерді бір ғана жеткізуші жеткізетін болса онда бір жеткізушіні субсидиялау моделін пайдалануға тура келеді, алайда оның қызметін «мемлекеттік қызмет стандарттары» көмегімен бақылау қажет. Нақты алғанда аталған модель де шығыны көп, себебі жеткізушінің қоғамдық секторға қызмет көрсету бойынша қызметін бағалауды және оған мониторинг жасауды меңзейді. Ол бағаны мемлекет береді немесе коммерциялық емес сектордан немесе жеке сектордан «бағалаушыны» жалға алады, ол мемлекеттік ресурс арқылы бағалау жүргізеді және игілікті пайдаланушының қанағаттануын анықтайтын болады.

2) қоғамдық секторға нарықтық құралды-контрактыны енгізу, ол қоғамдық игілікті жеткізушімен немесе мемлекет арасында және қоғамдық игілікті тұтынушы арасында жасалуы мүмкін.

Экономиканың қоғамдық секторындағы контрактыларды былайша бөлуге болады:

Тауар мен қызметті жеке және коммерциялық емес сектордан сатып алуға жасалған контрактылар, оған мемлекеттік меншік нысандарын басқаруды беру контрактылары да кіреді (административтік контрактылар).

Мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы контрактылар, олар әлеуметтік бағдарламалар аясындағы игілікті пайдаланушылар болып табылады және мемлекеттің ойынша аталған игілікті алу үшін бірнеше талаптарды анықтау керек деп санайды. Мысалы, адрестік әлеуметтік көмек алу барысында азаматпен контракт жасалады, ол бірнеше қарсы әрекеттерді қарастырады оның ішінде ол әлеуметтік жұмыспен қамтудың ықпалдастықты белсенді бағдарламаларына қатысуды да талап етеді.

Экономикалық қатынастар контрактылар күрделі спецификалармен болады: франчайздер, концессилер, трасттар және т.б.

Қоғамдық игілікті жеткізушілермен қатынастағы контракттылық жүйе 20 ғасырдың 70 жылдары пайда болды. Урбанизация мен қалалық



өмір сүру салты қалалық қоғамдық көлік, көше сыпыру, қоқыс жинау және қоқыс шығару, қаланы көгалдандыру және саябақтар аумағына қызмет көрсету сияқты қажеттіліктер тудырды.

20 ғасырдың соңында ол жүйе жаңа мағынаға ие болды, оған постиндустриалдық қызметтер кірді (ақпараттық-коммуникациялық, қала салу, қалалық өмір сүруді жоспарлау, аудиторлық және т.б.). постиндустриалдық қызметтің көпшілігі өте күрделі ғылымның басым бөлігін және жоғары технологиялық нәтижелерді қамтиды. Сондықтан осы сұраныстарды мамандандырылған жеке және коммерциялық емес фирмалар қанағаттандырады.

1980 жылдан 2015 жылдар аралығында АҚШ үкіметінің іскери және кәсіби қызметтегі контракті үлесі 21-ден 30% дейін артты. (Іскери қызметке юристік, маркетингілік, консалтингілік, ақпараттық, бухгалтерлік қызметтер жатады. Кәсіби қызметтерге архитектуралық, инжинирингілік, конструкторлық және т.б. жатады.

Контрактылық қатынастарды мемлекеттік органдар да қолданады, егер де олар шығынға қанағаттанбаса және оны аутсорсингке берген тиімді болса қолданады. АҚШ мысалы муниципалитеттер өз бөлімшелерінің жұмысына қанағаттанбайтын болса, онда басқа да қызметтерге жүгіне алады және басқа да бағдарламаларға жүгіне алады.

АҚШ мемлекеттік органдар қоғамдық сектор ресурсын игеру бойынша серіктестіктерін анықтауда еркін бола алады. Олар түрмені және басқа да аса үлкен қауіпсіздікті сақтауды талап ететін органдарды күзету үшін жеке фирмаларды жалдай алады.

Ұлыбританияда мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі қажетті медициналық қызмет көрсету әлеуметтік кепілдік аясында құрылған жеке клиникалармен контрактылар жасау арқылы жүргізіледі.

Контрактылық жүйе үздіксіз жетіліп отырады және үнемі даму үстінде контрактілер формасы өзгеріп отырады және ағымдағы жағдайға, контракты негізіне және серіктестерге жүктелетін жүктеме көлемі үйлесімді.

Білім беру саласында, мысалы орта білімді берушілер арасындағы жоғары бәсекелестіктерді қолдау болып табылады. Себебі оған құнды қағаз формасындағы субсидиялау – ваучер қолданылады, орташа немесе кәсіби білім беру оқу орнын қаржыландыру көлемі осы оқу орынында оқуға ниет білдірген оқушылар санымен анықталады. Олардың үкіметтен алатын ваучер көлемі қаржы көлемі болып саналады. Ваучерлер құнды қағаз болып табылады, ол ваучерді жұмсау барысында оқу орнын еркін таңдау арқылы мемлекеттің қаржылық міндеттерін орындауға кепілдік береді. Аталған механизмдер жұмыссыздарды оқыту барысында да қолданылады олар да білім беру орнын өз деңгейі бойынша және қажеттілігіне қарай таңдай алады.

Контрактылық қатынастар шаруашылық етуші қатынастар есебінен кеңейіп отыр: басқару контрактылары, мемлекеттік мүлікті жалға алу



келісімдері, оның ішінде франчайз, ұзақ мерзімдік концессиялар, басқарудың контрактылар және т.б. мысалы АҚШ билігі жергілікті университеттермен мектеп жүйелерін басқаруға арналған контрактылар жасалған, жеке мекемелерді басқаруға, стационарлық көмек көрсету бойынша, рекреациондық аумақтарда және саябақтарды, мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерін басқару бойынша контрактылары бар.

Әр түрлі контракттылық қатынастар жүргізу, нақты бір қызмет саласында қоғамдық сектордағы контракттылық салаға арналған ұтымды формалар іздеу *нәтиже бойынша басқару ерекшелігі болып табылады*. Контракттылық механизмдегі өзгерулердегі басты ерекшеліктер ол экономикалық бағытқа қарай өзгеруін айтамыз: баға, шығынды қайтару нормативтері, тауар мен қызметке төлем жасау формалары мен мерзімдері, сапа стандарттары, заң бұзушылықтар бойынша салынатын санкциялар, сонымен қатар соңғы нәтижелер. Контракттылық келісімнен басқа шығын мен мемлекеттік мекемедегі нәтижені осыған ұқсас жеке секторлардағы мекемелер көрсеткіштерімен салыстыру тәжірибесі де артып отыр.

Нәтиже бойынша басқаруды енгізудің *үшінші ерекшелігі шығын мен нәтижені салыстыру* осы негізде қоғамдық сектордың тиімділігін бағалау болып отыр.

Себебі қоғамның ресурсты бөлуге қатысуы басқару формасын таңдау арқылы жүргізіледі, азаматтың қоғамдық тауарды өндірудегі қанағаттанушылығын бағалауға тікелей қатысуы арнайы процедураны талап етеді. Алайда, әрбір жекелеген азаматқа кететін шығын тиімділігін бағалау қиындық тудырады.

Бұл жерде мынандай сұрақ туындайды: мемлекеттік кәсіпкерлікке арналған немесе мемлекет жүзеге асырып отырған әлеуметтік бағдарламаға арналған тиімділік индикаторын кім анықтайды және оны қалай анықтайтын болады. Бұл жерде шығын мен пайданы сараптау маңызды болады, ол қоғамдық бағдарлама мен жобалардың тиімділігін бағалау құралы ретінде.

Қоғамдық секторда жеке сектордағыдай ресурстарды бөлу шешімі шығын компоненттерін анықтауға негізделеді. Алайда, қоғамдық секторда дұрыс баға беру қиындықпен жүргізіледі, себебі біраз шығындар мен пайдалар индивид тұрғысынан емес қоғам тұрғысынан жасалады (мысалы, іргелі ғылымдар) максимизациялауды қажет ететіндері қоғамдық тиімділік пен қоғамдық шығынды көрсетеді.

Қоғамдық сектордағы басқарудың тиімділігін бағалауда немесе қоғамдық шығындардың мақсаттылығын бағалауда үнемділік, пайдаланылатын ресурстардың өнімділігі және нәтижелігі индикаторы көмегімен жүргізуге болады.

Үнемділік қоғамдық сектордағы шығынды көрсетеді. Үнем дегеніміз қажетті ресурстардың сандық және сапалық көлемі аз шығынмен алынған жағдайды атауға болады. Үнем дегеніміз үнемдеу



яғни, бір игілікті пайдаланушыға кететін шығын (егер алушы индивид болса) қоғамдық секторға тартылған артық шығынды кеміту.

Өнімділік өнім (қызмет) көлемі мен аталған салаға тартылған индивидтер саны арасындағы қатынас ретінде анықталады. Мысалы білім беру саласы туралы айтатын болсақ онда, өнімділік көрсеткіші дегенміз ол мына қатынастар: бір оқытушыға келетін оқушы саны немесе бір адамды оқытуға кететін оқытушының уақыты.

Нәтижелік қоғамдық шығын мен оның нәтижесі арасындағы қатынастардың қандайда бір мақсатқа сәйкестігі. Егер де үнемділікті бағалағанда бір бірлік өнімнің (қызметтің) шығынына көңіл бөлетін болсақ, ал нәтижелікті сараптау барысында өндірілген өнім немесе қызмет көрсеткішінің қоғамның нақты қажеттілігіне, нақты әлеуметтік топтың немесе жеке индивидтің сәйкестігіне көңіл бөлінеді.

Қоғамдық шығындарды бағалау барысындағы аталған тәсілдер арасындағы өзара баланыс бір текті емес. Неғұрлым үнемді шешімдер ғана неғұрлым көп өнімділікті қамтамасыз етеді, ол жақсы нәтижеге жеткізе алады. Бағалаудың үш аспектілері арасында конфликт бар: шығынды үнемдеу және шығын өнімділігі нәтижені төмендетеді.

Жұмыспен қамту бағдарламасын бағалау барысында критерилер арасындағы конфликтіні ескеру керек және аталған жағдайда нәтижелікті шешуші критери деп тану қажет. Осыған ұқсас мысалды әлеуметтік қызмет көрсету бойынша да алуға болады.

2.2. Қызмет жеткізушіні таңдаудың модельдері мен механизмдері

Бөлуші модель. Арнайы әлеуметтік қызметті бөлуші модель бүгінгі күні Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып отыр және қызметті жеткізушіні тікелей бюджеттендіру арқылы жүргізіледі. Жеткізуші ол мемлекеттік мекеме, олар мұқтаж азаматтарға альтернативасыз негізде қызмет ұсынады.


Басқарушы (мемлекет) үшін оң нәтиже ол бюджеттік ресурстарды басқарудың қарапайымдылығы болып табылады.

Аталған модельдің теріс жағы ол мына сипаттар: қызметті жеткізушінің қызығушылығы тұтынушының қызығушылығымен сәйкеспейді, себебі оның еңбегін төлеу игілікті алушының қанағаттануына тәуелді емес;

Клиенттерде қызмет көрсетушіні таңдау мүмкіндігі жоқ;

Қызмет көрсетушілер арасында бәсекелестік жоқ, демек қызмет сапасын жетілдіруге деген стимул жоқ (Сурет 2)






Сурет 2 – Қоғамдық секторға қызмет көрсету барысындағы қаржыландыруды бөлу моделі

Жетілдірілген бөлу моделі. Мемлекеттік бөлімшені, ҰЕҰ немесе жеке тұлғаны қаржыландырудың осындай моделін бұрынғысынша тұрғындарға көрсетілген қызметке арналған шығынның орнын толтыру арқылы мемлекет жүзеге асырады. Бұл жерде ҰЕҰ немесе жеке тұлғамен тұрғындарға қызмет көрсетілетіні туралы келісімшарт жасалады, ол баға келісімшартта көрсетілген бағадан артық болмайды.

Аталған модельде бағалаушының рөлі басым ол әлеуметтік қызмет ұсыну үшін:

- арнайы әлеуметтік қызмет көлемі мен қызмет түрін анықтау үшін клиенттің өмірлік жағдайын бағалауы қажет;
- клиентті ҰЕҰ немесе жеке тұлғаға беру;
- жеткізушінің көрсеткен әлеуметтік қызметі сапасын бағалау (қабылданған стандарттарға сәйкес).

Аталған модельде клиенттің қызметті жеткізушіні таңдау еркіндігі шектеулі, ал көрсетілген қызмет сапасын бағалау бойынша әлеуметтік қызметкер қамтамасыз ететін нәтижелікті мониторингілеу арқылы жүргізіледі. (Сурет 3)



Сурет 3 – қоғамдық секторда қызмет көрсету барысындағы жетілдірілген бөлу моделі


Квази-нарықтық немесе клиенттік модель. Дамыған елдерде арнайы әлеуметтік қызметті ұсынудың клиенттік моделі



қатынастардың нарықтық түрін имитациялаушы ретінде және қызмет көрсететін субъектілер арасындағы бәсекелестікті ұйымдастырушы ретінде көрсетілген (мемлекеттік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар, жеке тұлғалар).

Әдістемелік тұрғыдан аталған жүйе экономиканың қоғамдық секторына бәсекелестік механизмдерін енгізеді және қоғамдық секторға оның қызметін бағалауға арналған индикаторлар орнатады, ол нарықтық құралдарды имитациялайды. Нарықтық элементтерді (бәсекелестікті) және механизмдерді қоғамдық сектордың әлеуметтік қызмет көрсету блогында қолдану мүмкіндігі аталған қызметті тұтынудың жекелеген компоненттерінің болуы арқылы теориялық негізделеді: бірнеше өндіруші болған жағдайда тұтынушы қалауынша таңдау жасай алады. (Сурет 4)

Сурет 4 – Қоғамдық секторда қызмет көрсету барысындағы қаржыландырудың квази-нарықтық моделі



Аталған модель аясында бәсекелестік негізінде өндірушілер қажеттілік пен тұтынушылық сұранысты есепке алу арқылы қызметтерін жетілдіруге мәжбүр. Егер де азаматтарға өмірлік қиын жағдайда көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметті мысалға алатын болсақ (мүгедектік, егде жастағыларға және т.б.) онда аталған модел қалай іске асып жатқаны туралы көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мысалы, Латвияда 2007 жылдың 1 қаңтарынан жаңа заңда қамқорға алу мекемесін емес қызмет көрсетуді қаржыландыру қарастырылған. Сонымен тұтынушы үкіметтік емес ұйымдар мен ауылдық және муниципалдық мекемелер арасынан қызметті жеткізушіні таңдауға мүмкіндігі бар. Аталған жүйе Хорватияда да бар, онда тұрғындарға бөлінген аталған қызметке қызмет жеткізушімен мемлекет мемлекеттік субсидиядан аспайтын баға бойынша қызмет көрсетуге келісімшарт жасайды.

Әлеуметтік қызметкердің рөлі клиенттің өмірлік жағдайын бағалауға және қажет етілетін әлеуметтік қызмет көлемін анықтауға бағытталады (клиенттің категориясы) және ваучер бағасын анықтайды.



Сонымен қатар ваучер бағасын есепке ала отырып әлеуетті жеткізушімен келісімшарт жасау қажет.

Аталаған модельдің оң жағы мыналар болып табылады:

Клиенттің қызмет жеткізушіні таңдау еркіндігі;

Қызмет көрсетушіні ауыстыру мүмкіндігі және клиенттің қанағаттануын арттыру мүмкіндігі;

Қызмет жеткізушілер арасындағы бәсекелестік және әлеуметтік қызмет ұсынуды арттыру мүмкіндігі.

Қызмет стандарттарында қызметті таңдау құқығы болуы керек ол аталған механизмді бәсекеге қабілетті етеді.

Игілікті алушыны субсидиялау, әдетте күрделі қаржылық механизм, ол қызмет көрсетушіні субсидиялауға қарағанда күрделі, алайда игілікті қолданушының қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді механизмдерінің бірі болып табылады және мемлекеттік органды қызмет сапасын стандарт бойынша бағалау қажеттілігінен құтқарады, игілікті тұтынушының қызмет сапасына қанағаттануын бағалаудан құтқарады. Аталған моделдің минусы квази-ақша шығару шығындары болып табылады.

Екі немесе одан да көп жеткізушісі бар модель әдетте дамыған экономикаға қызмет секторы диверсифицирленген экономикаға тән, онда әр түрлі сападағы әр түрлі қызметтерді көрсете алатын мекемелер арасында таңдау мүмкіндігі болады.

Қазақстан экономикасына арнайы әлеуметтік қызметтерге, балалардың мектепке дейінгі білім беруіне (мысалы соқырларға арналған арнайы мектеп-интернаттар және т.б.) арналған бір жеткізушінің болуы. Алайда, бір ғана жеткізуші болғанда да нарықтық қатынастарды имитациялауға болады ол көрсетілген қызмет сапасын бақылау арқылы жүргізіледі.

Қорытынды:

Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін талап ету жағдайында қоғамдық игіліктер мен қызмет өндірісінің кең номенклатурасын басқару нарықтыққа жақын шаруашылық етуші механизмдерді таңдау қажеттілігін көрсетіп отыр.

Қоғамдық секторда қолданылып отырған көрсеткіштер жүйесі жалпы экономикадағы қоғамдық сектордың тиімділігін арттыруға арналған нарықтық құралдар мен механизмдерді пайдалануды меңзейді.

Қоғамдық секторға квази-нарықтық механизмдерді енгізу, контракция жүйесін енгізу және бюджеттік шығындардың тиімділігін бағалауды енгізу (варианттарды таңдау барысында үнемділік пен өнімділік көрсеткіштерін таңдау барысында) бір шығын бірлігіне сектор ресурсын үнемдеу мен пайдалылықты максимизациялау тиімді (қоғамдық және жеке)



Оқу -әдістемелік материалдар:

Тапсырма 1. Мемлекеттік шығындарды қысқарту әдістеріне дискуссия өткізу және аналитикалық кестені толтыру

Кесте 2 - Мемлекеттік шығындарды қысқарту әдістері

Бағалау түрлері	Индикатор	Мысал
Үнемділік	Бір өнім (қызмет) бірлігіне кететін шығын	???
Өнімділік	Бір уақыт бірлігіне немесе 1 жұмысшыға кететін өнім көлемі	???
Нәтижелілік	Өндірілетін өнімнің немесе қызметтің қоғамның нақты қажеттілігіне, нақты әлеуметтік топтың немесе индивидтің сәйкестік мөлшері	???

Тапсырма 2 – Мемлекет және азамат тұрғысынан бөлуге жетілдірілген және клиенттік модель ерекшеліктерін ашатын кесте немесе сурет формасында салыстырмалы сараптама жасаңыз. SWOT-анализ жасаңыз және олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтаңыз және қолдану шектеулері мен мүмкіндіктерін анықтаңыз.



Сурет 5 – қоғамдық секторға арналған нақты қызметтердің көрсеткіштер мысалы.




Тапсырма 3 – қоғамдық шығындарға нақты мысал келтіріңіз аталған графикалық форманы қолданыңыз. (Сурет 5)

Өнімділік және нәтижелілік көрсеткіштері арасындағы қарсылықтарды ашып көрсетіңіз.

Тапсырма 4 – экономиканың қоғамдық секторындағы мемлекеттік-жеке серіктестік қатысушылары арасындағы құқықтарды бөлу кестесін есте сақтаңыздар.

Кесте 3 - МЖК контрактыларындағы меншік құқығының спецификациясы

Меншік құқығы	Административтік келісімшарт		Концессия		Бірлескен кәсіпорын	
Иелік ету құқығы						
Пайдалану құқығы						
Бөлу құқығы						
Кіріс құқығы						
Ұзақ мерзімділік						
Қауіпсіздік құқығы						
Орнын толтыру түріндегі жауапкершілік						
Қалдық сипаты						




Сурет 6 – Қолданылатын әдістер мен көрсеткіштер тұрғысынан алғандағы қоғамдық сектордағы дәстүрлі басқару



Тапсырма 5 - Нақты мысал келтіре отырып «нәтиже бойынша басқару» мен «қолданылуға болатын әдістер мен көрсеткіштер тұрғысынан қоғамдық сектордағы дәстүрлі басқару жүйесі» арасындағы айырмашылықтар негізін талдаңыз.


Тапсырма 6. «Қоғамдық сектордағы мемлекеттік субсидия классификациясы» экономиканың қоғамдық секторына арналған субсидия түрлеріне мысалдар келтіріңіз. Бұл жерде Қазақстанды мысалға алуға болады, сонымен қатар аталған субсидияның толық қырын ашу үшін әлемнің қандай болмасын елін мысалға келтіруге болады.



Сурет 7 – әлеуметтік сектордағы мемлекеттік субсидиялар классификациясы


Тапсырма 7 – Өз таңдауыңыз бойынша қоғамдық қызмет кестесін қарап қызмет ұсыну моделін анықтаңыз.

Тапсырма 8 – Кейс – «Қазақстан азаматтарына арналған протездік-ортопедиялық көмек, протездік-ортопедиялық қызметке кіріптарларға арналған».



Сурет 8 – қаржылық ресурстар шығыны көлеміне әсер ететін жүйе параметрлері

1 кезең – Қоғамдық игіліктер ұсыну саласындағы ұйымдастыру-құқықтық форманың эволюциялануына нақты масыл келтіріңіз және аталған қызметті ұсыну моделін анықтаңыз (бөлушілік, жетілдіру немесе квази-нарықтық).



Сурет 9 – 1997-2012 жылдардағы протездік-ортопедиялық сала кәсіпорындарын ұйымдастырушылық-құқықтық өзгерту.

Ескерту
 * ТЭ ПОО–тәжірибелік-эксперименталдық протездік - ортопедиялық орталық
 ** ТЭ ПОК –тәжірибелік-эксперименталдық протездік - ортопедиялық кәсіпорын

2 кезең – Протездік-ортопедиялық көмек формасында қоғамдық игіліктерді ұсыну бойынша квази-нарықтық моделіне өз ұсынысыңызды беріңіз.



Сурет 10 –протездік-ортопедиялық қызмет ұсынудың клиенттік моделінің кестесі (ұсыным)

Тапсырма 9 - Кейс: әлеуметтік саладағы мемлекеттік шығындар тиімділігі (әлеуметтік қызмет материалдарында).

Шарттары: Сораң шағын қаласындағы әлеуметтік қызмет көрсету учаскесінде үш санатқа бөлінген клиенттер тобы бар.



Сурет 11 – Саран қ. Егде адамдар және мүгедектер санаты (барлығы 165 адам)



Аталған клиенттер санатына қызмет көрсетуге кететін шығын ағымдағы және ұсынылған модель бойынша төмендегі кестеде берілген 4.

Кесте 4 - ағымдағы және ұсынылған модель бойынша шығындар

СБЖ ұсыну формасы	СБЖ ұсыну моделінің сипаты		Жеке шығындар теңгемен 1 клиентке бір айға
Арнайы әлеуметтік қызметтерді үйде көрсету	Типтік клиент (қолданыстағы модель)		6610,7
	Ұсынылатын модель	1 санаты (минималдық қажеттік)	6619,3
		2 санат (орташа қажеттік)	13394,5
		3 санат (максималдық қажеттік)	48722,1
Егде адамдар мен мүгедектерге стационарлық типтегі қызметті ұйымдастыру	киімге мұқтаж емес клиенттерге		93198
	киімге мұқтаж клиенттерге		100387,5
*нормативтік-жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі әдісімен есептелген			

Тапсырма:

А) Үш нұсқа бойынша клиентке кететін шығынды есептеу: 1) типтік клиент 2) Клиникалық-шығындық топтар 3) Тек 2 және 3 клиент топтары (кіру қадамын енгізу, 1 топ қызмет ала алмайтын болады).

Б) Үш нұсқа бойынша үйде көмек көрсетуге кететін шығындар ол А тапсырмасында көрсетілген.

Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:

Мемлекеттік шығындарды кемітудегі мемлекеттік негізгі бағыттары қандай, оған қол жеткізу үшін қандай әдістерді қолданып отыр?

Қоғамдық секторға нәтиже бойынша басқарудың жаңа жүйесін енгізудің мақсаты қандай?

Қоғамдық сектордағы мемлекеттік шығындардың тиімділігі дегеніміз не?



Мемлекеттік экономикалық секторға «квази-нарықтық экономикалық қатынастарды енгізу» дегеніміз не? Ол қалай жүзеге асырылады?

Қызметті жеткізушінің әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау қалай жүргізіледі, оның формалары қандай.

Мемлекеттік реттеу құралы ретіндегі-мемлекеттік қызмет стандарты дегеніміз не?

Мемлекеттік қызмет стандарты қандай қызметтер атқарады?

Сапалы қызмет көрсету үшін қандай стандарт қажет – төмен немесе жоғары ма? Жоғары стандарттар енгізу барысында қандай проблемалар туындайды? Төменгі стандарттар енгізген кезде қандай проблемалар туындайды?

Экономиканың қоғамдық секторындағы контрактылардың классификациясы қандай?

Үнемділіктің экономиканың қоғамдық секторындағы тиімділік көрсеткіші ретіндегі мазмұнын ашып көрсетіңіз.

Үнемділіктің экономиканың қоғамдық секторының тиімділігі көрсеткіші ретіндегі мазмұнын ашып көрсетіңіз.

Өнімділіктің экономиканың қоғамдық секторының тиімділігі ретіндегі мазмұнын ашып көрсетіңіз.

Нәтижеліктің экономиканың қоғамдық секторының тиімділігі ретіндегі мазмұнын ашып көрсетіңіз.

Аталған көрсеткіштер арасындағы байланыс қандай, жеке мысалмен көрсетіңіз.

Үнемділік, өнімділік және нәтижелік арасындағы дауды қоғамдық секторды қандайда бір саласынан мысал келтіру арқылы қалай шешуге болады.

Экономиканың мемлекеттік секторының көлемін қалай сипаттауға болады, ол үшін қандай тәсілдер мен статистикалық көрсеткіштерді пайдалануға болады?

Көбінесе қоғамдық секторды қамтитын экономика саласы немесе секторы қандай?

Экономикадағы мемлекеттік сектордың көлемі неге байланысты болады, аталған мәселеде факторлар мен сақтандыру түрлерін анықтаңыз?

Қазақстанды экономикаға қатысу үлесі бойынша сипаттаңыз, 2 және 3 тапсырманы орындап аталған ақпаратты жүйелеңіз.

Қазіргі заманға сай елдерде экономикалық жүйедегі мемлекеттік сектордың өзгеру қарқыны қандай?

Қоғамдық сектордағы ресурстарды игерудегі мемлекеттік қатысу үлесінің қатысу формасында қандайда бір өзгерістер бар ма?

Қоғамдық сектор ресурстарын игеруде мемлекеттің негізгі серіктері қандай секторлар болып табылады?

Негізгі әдебиет: 8-15; Қосымша әдебиет: 4-8.



ТАРАУ 3. ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАСЫ

3.1. Әлеуметтік қызметтің тұтынушылық моделі және оның қызмет стандарттарымен байланысы

3.2. Қамтамасыз ету мен қолжетімділік қызмет стандарты ретінде.

Тақырып мақсаты: әлеуметтік қызметтің тұтынушылық моделі санатына түсінік беру және оның қызмет стандартымен байланысын көрсету, қамтамасыз етілу мен қолжетімділіктің қызмет стандарттары элементі ретіндегі санатын ашу.

Ілмек сөздер: тұтынушылық модель, тұрғындардың қамтамсыз етілушілік нормативтері, стандарттар, тұрғындардың әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік аз қамтылған санаттар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, орталық және жергілікті атқарушылық органдар.

3.1. Әлеуметтік қызметтің тұтынушылық моделі және оның қызмет стандарттарымен байланысы

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтарға қатысты және олардың қамтамасыз етілуіне қатысты мемлекеттің әлеуметтік міндеттері нақты көрсетілген:

- тұрғынжаймен (25 бап, 2 тармақ);
- минималды еңбекақымен, зейнетақы, әлеуметтік төлемдермен (28 бап, 1 тармақ);
- тегін кепілденген медициналық көмек көлемімен (29 бап, 2 тармақ);
- тегін орта және конкурстық негіздегі жоғары біліммен (30 бап, 1-2 тармақ) .

Сонымен қатар, аталған құқықтарды мемлекет азаматтарына жүзеге асыру үшін игіліктердің қандайда бір көлемі бірнеше бірлескен қажеттіліктерді анықтайды, оның ішінде аталған азаматтық құқықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін аумаққа қатысты жүзеге асырылады.

Аталған жағдайда, аталған әлеуметтік игіліктерді ұсынатын мемлекеттік органдар әлеуметтік стандарттар жасайды, ол игіліктерді тұтыну моделін көрсетеді, оған тұрғындардың нақты тауармен және қызметпен және аталған тауарлар мен қызметті алу механизмдерін (немесе жеңілдіктер және жеткіліксіз болған жағдайда төлемдерді) қамтиды.

Аталған стандарттарға тұрғындарға көрсетілетін бірнеше әлеуметтік қызмет сипаттары туралы ақпараттар кіреді. Әлеуметтік қызметтердің негізгі сипаттары ретінде әлеуметтік қызметтер мынандай болуы мүмкін:



-персоналдың нормативтік көлемі (мысалы,1 қызметті алушыға шаққандағы әр түрлі санаттағы жұмысшылар саны);

- арнайы құралмен қамтамасыз етілудің нормативтік қамтамасыз етілуі (қызметті тұтынушы санына байланысты);

- стандартты қызметті ұсынуға арналған шығын материалдарымен қамтамасыз етілудің нормативтік қамтамасыз етілуі.

Қазақстанда арнайы әлеуметтік қызмет көрсету тәжірибесінде персоналдардың нормативтік санына қойылатын талаптар 1 кестеде берілген.

Кесте 5 – Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету бойынша персоналға қойылатын минималды штаттық нормативтер (Жалпы профильдегі арнайы әлеуметтік қызметтер)

	Лауазым атауы	Қызмет алушылар саны								
		51-дейін	51-100	101-150	151-200	201-250	251-300	301-400	401-500	500 артық
1	Әлеуметтік жұмыс бойынша маман	1,5	2,5	3,5	4,5	5,5	6,5	8	9,5	10
2	Шаштараз (шаштараз құралы болғанда)	100 қызмет алушыға 1 бірлік, әдеттегі шаштаразда қызмет алу мүмкіндігі шектеулі немесе мүлдем мүмкін емес болған жағдайда								
3	Палата - санитаркасы	5,25 жүктеме бір топқа: Оның ішінде 6 адам - өзіне қызмет ету немесе жеке гигиенаны ұстануға қауқары болмаған жағдайда (өз еркімен тамақ іше алмайды және қозғала алмайды), үнемі сырттан көмек көрсетілуге мұқтаж; 8 адам - қалыптасқан (жартылай қалыптасқан) өзіне қызмет көрсету жеке гигиенаны ұстану дағдысы бар, үнемі сырттан бақылауды қажет етеді; 10 адам – қалыптасқан тұрмыстық дағдылары бар (жартылай қалыптасқан); 12 адам - қолы епті, қалыптасқан тұрақты дағдылары бар (еңбекті бағыттау үшін топ 6 адамнан тұратын топқа бөлінеді)								

Клиенттердің стационарлық киіммен қамтамасыз етілу нормативі 2 кестеде берілген. Аталған мысалдан әлеуметтік қызмет көрсетуге кететін шығын материалдарын көреміз, ол шығын материалынсыз қызмет көрсетілмейді.

Аталған нормативтер эмпирикалық мәліметтер негізінде құрылған және әр түрлі нұсқаларда қолданылуы мүмкін. Мысалы балалар бақшасымен қамтамасыз етуді есептеу барысында мектеп жасына



дейінгі балалардың болжамдық саны немесе нақты сандары есептеледі осыдан бала бақшаға деген және персоналға деген (төсек орынға, орындық, үстелге, музыкалық құралдарға және т.б.) және тамаққа деген сұраныс есептеледі.


Басқа қызметтер үшін тиісті көрсеткіштер негізге алынады, ол үшін тұрғындарды сапалы әлеуметтік қызметпен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік мекемелерге арналған сонымен қатар, мемлекеттік емес мекемелер жүзеге асыратын мемлекеттік тапсырыс арқылы бірлескен бюджет негізге алынады.

Стандартқа тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтер туралы бірнеше ақпараттар кіреді.

Аталған тәсіл шетелдегі жүргізілген сараптамадан көріп отырғандай көптеген елдерде кең тараған және әлеуметтік ортада тиімді әрекет етеді.

Қызмет көрсетудің тұтынушылық моделі әр түрлі нормативтер жиынтығын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар көрсетілетін қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық механизмін де көрсетеді, мысалы 3.1 суретте жергілікті деңгейдегі адрестік әлеуметтік көмек көрсетудің ұйымдастырушылық механизмі берілген.

Жергілікті деңгейде адрестік әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырылу механизмі



Коммерциялық банк

Сурет 12 – Жергілікті деңгейдегі адрестік әлеуметтік көмек көрсетудің ұйымдастырушылық механизмі

Аталған мысал арқылы азаматтар адрестік әлеуметтік көмек алу үшін уәкілетті органға немесе ауыл әкімдігіне өтініш береді.

Уәкілетті орган кеңес алады немесе учаскелік комиссия құрады (егер де осы уақытқа дейін құрылмаған болса) оған жергілікті



атқарушы орган өкілі, оқу орнының өкілі кіреді (егер үй шаруашылығында балалар бар болса) сонымен қатар аталған көмек көрсетілетін аумақтағы үй шаруашылығын бағалау туралы дұрыс түсінігі бар басқа да азаматтар кіреді.

Учаскелік комиссия адрестік көмек активтерін жергілікті орын байынша тексереді және аталған тұлғаға қосымша қаражат қажеттігі туралы мәліметтің мақсаттылығын анықтайды. Қорытынды жазбаша түрде уәкілетті органға ұсынылады және аталған тұлғаға адрестік әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болады.

Мемлекеттік қызметтің қажеттігін көрсететін маңызды модель оның қолжетімділігімен қоса қолжетімділікті ұйымдастыру механизімі болып табылады.

3.2. Қамтамасыз етілу мен қолжетімділік қызмет стандарты ретінде.

Қамтамасыз етілу мен қолжетімділік түсініктері уәкілетті органдар деңгейінде бірегей ретінде ғана түсіндірілмейді, сонымен қатар ғылыми еңбектерде де бірегей болып саналады. Кейде қолжетімділікті көрсету үшін «физикалық қолжетімділік» түсінігі де қолданылады.

Аталған түсініктерді әлеуметтік қызмет саласы материалдары түсінігінде қарастырайық.

Қамтамасыз ету – тиісті профильде қызмет көрсететін әлеуметтік инфрақұрылымның болуы (мысалы, балалар бақшасы) оған арналған материалдық-техникалық база, білікті персонал және аталған қызметті көрсетуге арналған нормативті шығын материалдары.

Егер де үй шаруашылығының орналасқан орнында қызметті талап етуші аздаған инфрақұрылымдық нысандары болса (мысалы, балалар бақшасы) онда үй шаруашылығының балалар бақшасы мен мектепке дейінгі қызметпен қамтамасыз етілгені туралы айтуға болады.

Сонымен қатар, орналасқан аумақта аталған инфрақұрылым нысандарының болуы оған әркім барып автоматты түрде қызмет алады деген сөз емес. Аталған қызметті алу барысында үй шаруашылығы ұйымдастырушылық және экономикалық сипаттағы кедергілерге жолығуы мүмкін.

Қызмет алуға арналған ұйымдастырушылық механизмдер анықтамасының мысалын біз жоғарыда көрсеттік.

Қызметтің қолжетімділігі мәселесі экономикалық қолжетімділік ретінде болуы мүмкін, ол аталған қызметті алуға арналған үй шаруашылығының қосымша шығынының болмауы.

Мысалы, тегін орта мектепте білім алу сияқты стандартты мемлекеттік қызметті алу мыналармен тығыз байланысты:

- азаматтардың аталған қызметті алуы үшін көлігі болуы керек;
- азаматтар қосымша тамақтануға мүмкіндіктері болуы керек, себебі аталған қызметтің сапасын арттыру үшін маңызды;



- азаматтар аталған қызметті алуға қажетті қосымша қаржысы болуы керек, яғни тауар мен қызметтерді алуға қажетті (оқулықтар, киім, аяқ киім және т.б.)

Мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызмет көрсету барысында (немесе тұрғындардың әлеуметтік қызметпен қамтамасыз етілуі жеткілікті) тұрғындардың кейбір бөліктерінде аталған қызметті пайдалануға мүмкіндіктері бола бермейді (немесе қызмет көрсетуге қолжетімділік жеткіліксіз). Басқаша айтқанда үй шаруашылығы аталған қызметті алу үшін қосымша жеке шығындар шығаруы керек.

Мектепте білім беру түріндегі мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі мен қамтамасыз етілуін мысалға алайық.

ҚР «Білім беру туралы» Заңына сәйкес мектеп жасындағы балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алады.

16 бапқа сәйкес. 16-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

1. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлға аралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады.

63-бап. Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге білім беру ұйымдары бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

2. Мемлекеттік білім беру мекемелеріне және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарына:



3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

4. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

5. Жеке меншік білім беру ұйымдары ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды және қызметтер көрсетуді) өткізуден, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының шеңберінде оқытудан түскен кірістерді, құрылтайшылардың қаражаттарын және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздерін дербес пайдаланады.⁶

Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстарында 2017 жылдары жүргізілген эмпирикалық зерттеулерге сәйкес қосымша қызмет алудың мынандай нұсқалары қалыптасқан:

Мектеп аясында қызметті тегін алу – 67,4% респондент, оның ішінде 2,4% негізгі мектеп бағдарламасы бойынша тегін кеңестер алған (репетиторлық);

Мектеп аясында тегін қызмет алу – 29,3% респондент, оның ішінде 2% негізгі мектеп бағдарламасы бойынша ақылы сабақтарға қатысқан (репетиторлық);


Мектептен тыс қосымша қызметтер алу 51,1% респондент, оның ішінде 25,5% негізгі мектеп бағдарламасы (репетиторлық); 74,5% дамыту сипатындағы қызметтер;

Қосымша қызметті алмағандар – 14,1% респондент.

Қосымша қызметті алу мектеп аясында тегін.

Мектеп аясында тегін қосымша қызмет алу мүмкіндігін көрсеткендер ішінде мына қызметтерді атады, ол 13 суретте берілген.





Сурет 13 – Қала/ауылдағы мектептерден негізгі бағдарлама бойынша және дамыту сипатындағы тегін қосымша қызметтермен қамтамасыз ету

Ескерту – авторлар құрастырған

13 суреттен көрініп отырғандай қала мектептеріндегі тегін қосымша білім беру ауыл мектептеріне қарағанда көп. Қала мектептерінің көбі дамыту білімін береді спорт секциясы және музыка (немесе вокал) білімдерін беріледі, ол 63,4% және 36,6%.

Мектеп бағдарламасының пәндері бойынша тегін кеңес алу (репетиторлық) 2,4%. Аталған білімге сұраныс жасаушылар көлемі 57% респондент. Жалпы алғанда оқытушылар оқушыдан мектеп бағдарламасы бойынша пәндерден қосымша сабақтарға қатысуға кеңес береді, яғни оқушылар сабаққа бөлінген сағат аясында бағдарламаны игеріп үлгермейді дейді. Бұл құбылыс жалпы сипат алып отыр аталған қызмет түрі артқан. Ол оқушының ата-аналары балаға мектеп аясындағы бағдарлама бойынша ақылы қызметтер алуына мәжбүрлеп отыр.

Сауалнаманы сараптау мына жағдайды да көрсетті 2,5 % мектеп аясында тегін берілетін қызметті тұтынбайды, себебі: денсаулығы жарамайды, қаламайды және бос уақыты жоқ. Ал, 2,5% мектепте баланы дамыту сипатында тегін қызметтер жоқ екенін көрсеткен.

Проблемалық аумақтар мыналар болып табылады:

Ауыл мектептерінде балаларды дамытуға арналған тегін қызметтердің жоқтығы. Кейбір спорттық секцияларды қоспағанда (футбол) және театр шеберлігі қызметтері жоқ.

Қала мектептеріндегі баланы дамыту сипатындағы тегін қызметтің дұрыс сұранысқа ие болмауы 2,5% респондент.




Негізгі мектеп бағдарламасы бойынша тегін кеңес беруге сұраныс деңгейінің жоғары болуы (репетиторлық) және мектеп аясында аталған қызметтің көлемінің аздығы бойынша.

Ұсынылады:

1. Ауыл және қала мектептерінде баланы дамыту сипатындағы тегін қызметтерді дамыту.

2. Мектептердегі негізгі пәндер бойынша тегін кеңестердің спекторын арттыру.

Мектептерде ақылы репетиторлық пен баланы дамыту қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету. Мектеп аясында ақылы қосымша қызметтердің бар екенін көрсеткен респонденттер мыналарды атады: репетиторлық, спорттық секциялар, музыка (хор, музыкалық құрал сабақтары), шахмат, театр, би (эстрада, бал). (Сурет 14).



Сурет 14 – Қала және ауыл мектептеріндегі қосымша ақылы білімі беруді қамтамасыз етілуі %

Ескерту – авторлар құрастырған

14 суреттен көрініп тұрғандай ақылы қосымша білім беру ауыл мектептеріне қарағанда қала мектептерінде көп. Қалада негізінен баланы дамыту қызметі негізінен спорттық секцияларда (27,8%), музыкада (27,8%), биде (13,9%) респондент. Мектеп бағдарламасы бойынша пәндерде ақылы сабақтарға қатысатындар (репетиторлық) 11,1% респондент.

Сонымен, **проблемалық аумақ** ауыл мектептерінде баланы дамыту сипатындағы ақылы қызметпен қамтамасыз ету. Тек кейбір пәндер бойынша репетиторлық қызмет (математика) және дамытушы сабақтар «шахмат».



Мектеп аясындағы білім беру бағдарламасы бойынша қосымша қызметке ай сайын кететін қаржы 500-7000 теңге (Кесте 6).

Кесте 6 – үй шаруашылығының мектептегі қосымша білім беру қызметіне кетіретін шығыны 2014ж.

Қызмет атауы		Ай сайынғы шығын, теңгемен есептегенде		Табыс % тұтынылған қызмет 37877теңге		% ресми кедейлік көлемінен 7986,4 теңге	
		Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	ауыл
Спорттық секциялар	Каратэ	6000	1000	15,8	2,6	75,1	12,5
	Жүзу	7000		18,5		87,6	
	Би	3000		7,9		37,6	
Музыка сабағы	Фортепиано	3500		9,2		43,8	
	домбра	3500		9,2		43,8	
	Хор	500	500	1,3	1,3	6,3	6,3
6 кестенің жалғасы							
Репетиторлік		1260-3000		3,3-7,9		15,8-37,6	
Театр		2200-2800		5,8-7,4		27,5-35,1	
Шахмат		3000		7,9		37,6	
Илемек		3000		7,9		37,6	
*әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша құрылды							

Кестенің мәліметтеріне сәйкес ең қымбат тұратын қызмет спорттық секция қызметі 3000-ден 7000 теңгедейін. Шаруашылық етуші қызметтегі арзан қызмет түрі балалар хоры – айына 500 теңге. Репетиторлық қызметінің шығыны шамамен 1260-3000 теңге.

Жалпы 66,7% респондент қызметтер қолжетімді деп көрсетті себебі, олар төмен бағада. Ол мектептегі қосымша білім беру қызметінің үлесі: қалада 1,3-тен 18,5%, ауылда – 2,6% артпайтынын көрсетіп отыр.

Алайда, 7,4% респондент кейбір қызметтердің қымбат екенін және қолжетімсіз екенін көрсеткен. Олар тұрғындардың еңбек табысының аздығын көрсетеді, ал қалалы жерде 87,6%, репетиторлық 37,6%.


Табысы аз тұрғындарға баланы қосымша дамыту қызметінің қолжетімді түрлері: спорттық секциядан–каратэ, музыкалық үйірмелерден ән айту.

Мектептен тыс қосымша білім берудің қолжетімділігі және қамтамасыз етілу.

25,9 % респондент мектеп аясындағы қосымша қызметке қанағаттанбайды.

Сондықтан көптеген ата-аналар қажеттілікті мектептен тыс жерлерден алады (Сурет 15).





Сурет 15 – қала-ауыл айырмашылықтарында мектептен тыс ұйымдардағы қосымша білім беру қызметімен қамтамасыз ету

**Ескерту – авторлар құрастырған*

15 суреттен көрініп тұрғандай қалалы жерлердегі баланы дамытудың ақылы қызметтері (мектептен тыс) көп, ал ауылдық жерлерде аталған қызмет түрлері аз. Мектептен тыс жерлерде негізінен репетиторлық қызметтер- 25,5% респондент қалалы жерде, және 2,1% ауылды жерде. Репетиторлық тек түлектер арасында ғана сұранысқа ие емес, сонымен қатар бастауыш клас оқушылары арасында да сұранысқа ие.

Денсаулықты арттыру және дене шынықтыру сабақтары бойынша қызметтер сұранысқа ие: спорттық секциялар (күрес, каратэ, самбо, тек-вон-до, футбол) –20,0% , жүзу – 18,2%, би 7,3%. Ата-аналар балаларға музыкалық қызметтер алуға белсенді – 14,5%. Логикалық ойды дамыту үшін балалар моделдеу секциясына барады – 5,5% респондент, шахмат – 1,8%. Шығармашылық ептілігін дамыту үшін балалар театр, сурет, илемек секцияларына барады 7,2% респондент.

Сонымен **проблемалық аумақтар** мыналар болып табылады:

Ауылдық жерлердегі балаларға арналған мектептен тыс қызметтің шағын көлемі қалалық жерлерде қызмет 9 бағыт бойынша ұсынылады, ауылдық жерлерде 3 түрлі қызмет түрі ұсынылады: репетиторлық, спорт, музыка.

Мектептен тыс қызмет түрін қолдануда мектеп пәндері бойынша репетиторлық қызмет көп пайдаланылады 45,5% респондент. Ата-аналар балалардың мектеп аясында дайындығы жеткіліксіз екенін және мектеп мұғалімдерінің «репетитор жалдауға» ұсыныстар беретінен көрсетіп отыр. Бұл жерде мектеп бітірушілер арасында ғана емес



сонымен бірге төменгі класс оқушылары да пәндер бойынша репетитор жалдайды және жыл бойы жалдауға мәжбүр.

Эксперттік көзқарастарға сәйкес аталған процесс оқытушылардың еңбек ақысының төмендігінен орын алып отыр, олар қосымша табыс табу мүмкіндіктерін іздестіруде және аталған қызметті білім беру нарығынан табуда.

Ұсынылады:

Балаларды білім алуға жеткізу қызметін ұйымдастыру мысалы, ағылшын тіліне оқытуға жақын жердегі елді мекенге апару.

Мектепте білім беру сапасын арттыру арқылы репетиторлық қызметіне деген сұранысты кеміту. Ол үшін оқытушылардың еңбек ақыларын арттыру қажет, кластағы балалар санын азайту қажет.

Мектептен тыс қосымша білім беру қызметінің 20% респонденті баланы дамыту сипатындағы қызметті тегін алатынын көрсетті. Оларға: футбол, бокс, моделдеу, илемек, вокал жатады. Демек, 80 % респондент қосымша қызмет ақылы деп көрсетіп отыр.

Басым шығын диапазоны айына 1000 нан 79000 теңге аралығында. Мектепте қосымша білім беру қызметінің қолжетімділігін бағалау 7 кестеде берілген.

Кесте 7 – Мектептен тыс қосымша білім берудің шығыны

Қызмет атуы		Бір айдағы шығын, теңгемен есептегенде		Табыс % тұтынылған қызмет 37877теңге		% ресми кедейлік көлемінен 7986,4 теңге	
		қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Спорттық секциялар	Каратэ, самба, футбол	2500-5000	1000	6,6-13,2	2,6	31,3-62,6	12,5
	Жүзу	5000-15000		13,2- 39,6		62,6- 187,8	
	Би	800-20000		2,1-52,8		10,0- 250,4	
	Гимнастика	5000-20000		13,2- 52,8		62,6- 250,4	
	Хоккей	5000-20000		13,2- 52,8		62,6- 250,4	
	Теннис	7500		19,8		93,9	
Музыка сабағы		3000-4000	1000	7,9-10,6	2,6	37,6-50,1	12,5
Репетиторлық		21600-79000	21600	57,0- 208,6	57	57,0- 1252,1	270,5
Театр		2200-2800		5,8-7,4		27,5-35,1	
Шахмат		3000-5000		7,9		37,6-62,6	
Сурет, илемек		3000		7,9		37,6	
*әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша құрылды							



Тұрғындарға неғұрлым қолжетімді секциялар спорттық секциялар (күрес, футбол) онда шығын көлемі тұрғындардың табысының – 13,2% артпайды, музыка сабағы – 10,6%, театр секциясы – 7,4%, шахмат, сурет, илемек – 7,9%.

Қымбат тұратын және қолжетімсіз балаларды дамыту қызметтері олар бал билері, көркем гимнастика, хоккей, теннис болып табылады. Бұл жерде форма сатып алуға және спорттық инвентарға шығын көп кетеді. Тенниспен айналысу айына шамамен 7500 теңге, бал биі, көркем гимнастика, хоккей шығындары 20000 теңге. Тұрғындардың аталған шығын үлесі 50% аспайды.

Табысы аз тұрғындардың мектептен тыс қосымша білім беру қызметіне қолжетімсіз. Кейбір қызмет түрлерінің бағасы олардың табысынан асып кетеді. Би секциялары ақысы шамамен 800 теңге .

«Қызмет алу барысында қандайда бір қиындықтар болды ма?» деген сұраққа респонденттер мына проблемаларды көрсетті: кезекке тұру ауылдық жерде көлік қызметінің болмауын – 3,4% респондент көрсетті.

Проблемалық аумақтар

Мектептен тыс қосымша білім беру қызметінің табысы аз тұрғындарға қолжетімсіздігі. Мектептен тыс қосымша қызмет шығыны табысы аз тұрғындардың табысының 40-50% құрап отыр. Тек би секцияларының бағасы 800 теңгені құрап отыр .

Балалар мен жасөспірімдер үйінде балаларды дамытудың тегін қызметі (футбол, бокс, моделдеу, илемек, вокал және т.б.).

Ауылдық жерде көлік қызметінің болмауы.

Ұсынылады:

Табысы аз тұрғындарға балаларды дамыту қызметі Балалар мен жасөспірім үйлеріндегі тегін қызмет алуға сұраныстың артуы кедергі келтіріп отыр.

Балаларды дамыту бағдарламасы қызметтеріне балаларды жеткізу ұйымдастырылмаған.

Мектептегі пәндік сабақтар бойынша репетиторлық қызметті ерекше атап өту қажет. Сауалнамаға сәйкес репетитор қызметінің үлесі табысқа шаққанда 57-ден 208,6% құрайды. 8 кестеде мына пәндер байынша аумақтардағы репетиторлықтың орташа бағасы көрсетілген: шет тілі, математика, физика, орыс және қазақ тілі әдебиет, химия, тарих, қоғам тану, информатика (Кесте 8).


Бір сағат көлемінде репетиторлық қызметін алудың шығыны мен номиналды табысы арасындағы қатынасты сараптау маңғыстау, Атырау, Қарағанды, Ақмола облыстарында 25-тен 41,6 сағатқа дейін, орташа қажеттілікте айына 24 сағат (тұрғындардан сауалнама алуға сәйкес балалар репетитормен жұмысына 6 сағат немесе бір айда 24 дайындалады).



Кесте 8 - репетиторлықтың бір сағатқа шаққандағы номиналды қаржылық табысты сатып алу мүмкіндігі.

№	Аумақтың атауы	Мектеп пәндері бойынша орташа баға, 1 сағат теңгемен	Бір адамға шаққандағы номиналды қаржы табысы	Репетиторлықтың бір сағатының номиналды қаржы көлемі
1	Маңғыстау	2531,5	105234	41,6
2	Атырау	4200	132248	31,5
3	Қарағанды	2320,5	67534	29,1
4	Ақмола	2050	52030	25,4
5	Алматы	2058	48685	23,7
6	Ақтөбе	2734	61782	22,6
7	Павлодар	2966,5	66409	22,4
8	Жамбыл	1951,5	38389	19,7
9	БҚО	3321,5	62853	18,9
10	СҚО	2700	49987	18,5
11	ШҚО	3152,5	55764	17,7
12	Қостанай	3331,5	52772	15,8
13	ОҚО	3175,5	39393	12,4
14	Қызылорда	6228,5	53844	8,6
Ескерту - ақпарат көздері бойынша есептелген [20,21]				

Басқа да аумақтарда репетитор қызметін тұтынушылар аталған қызмет бағасының жоғары болуына баланысты және номиналды қаржылық табыстың төмендігіне байланысты қиындыққа ұшырап отыр (Сурет 16).



Сурет 16 – Номиналды қаржылық табыстың сатып алушылық ептілігі, репетиторлық қызметтің бір айдағы бір сағат шығынымен көрсетілген

* Автор құрастырған



16 суреттен көріп отырғандай Жамбыл, БҚО, СҚО, ШҚО, Қостанай, ОҚО, Қызылорда облыстарында үй шаруашылықтары репетитор қызметіне 20 сағаттан кем уақытқа қол жетімді яғни, қызмет көрсету сұраныс көлемінен аз.

Сонымен, базалық кешендегі қызметің қолжетімділігі және қосымша қызметтердің қолжетімділігі жалпы білімі беретін мектептердегі 7-17 жастағы балаларға шаққанда мынандай сипатта болып отыр.

Ауылды жерлерде балаларды дамыту қызметінің тегін қызметтің түрлері аз. Тек кейбір спорттық секциялар (футбол) және театр шеберлігі қызметтерін қоспағанда.

Ауыл мектептеріндегі баланы дамытудың тегін қызметтерін қанағаттандырмау 2,5% респондент .

Негізгі мектеп бағдарламасы бойынша тегін кеңес беруге сұраныстың жоғарылығы және аталған қызметтің мектеп қабырғасында аз болуы.

Ауыл мектептеріндегі балаларға арналған дамыту сипатындағы қызметтер спектрінің аздығы. Кейбір пәндер бойынша репетиторлықты қоспағанда (математика) және шахматты қоспағанда.

Ауылдық жерлердегі мектептен тыс қосымша білім беру қызметінің шектеулі спектрі. Ауылдық жерлерде қызмет 9 бағытта ұсынылады, ауылдық жерлерде 3: репетиторлық, спорт, музыка.

Табысы аз тұрғындарға арналған қосымша білім беру қызметінің қолжетімсіздігі. Мектептен тыс қосымша қызметке кететін шығын 50% артық. Тек би секциясын қоспағанда, оның бағасы 800 теңге .

Баланы тегін дамыту қызметтерін алуға кезек күту мысалы, Балалар мен жасөспірімдер үйінде. Ауылдық жерлерде қоғамдық көліктің болмауы.

Мектептен тыс ақылы қызметтен негізінен мектеп пәндері бойынша қызметтер көп пайдаланылады 45,5%. Ата-аналар балалардың мектеп аясында дайындығы жеткіліксіз екенін және мектеп мұғалімдерінің «репетитор жалдауға» ұсыныстар беретінен көрсетіп отыр. Бұл жерде мектеп бітірушілер арасында ғана емес сонымен бірге төменгі класс оқушылары да пәндер бойынша репетитор жалдайды және жыл бойы жалдауға мәжбүр. Эксперттік көзқарастарға сәйкес аталған процесс оқытушылардың еңбек ақысының төмендігінен орын алып отыр, олар қосымша табыс табу мүмкіндіктерін іздестіруде және аталған қызметті білім беру нарығынан табуда.

Репетиторлық қызметінің қолжетімсіздігі, оның шығыны тұрғындар табысының 57,0% құрап отыр. Тұрғындардан алынған сауалнамаға сәйкес орташа есеппен балалар репетитормен жұмасына 6 сағат жұмсайды немесе айына 24 айналысады. Аумақтардағы бағалар шамамен 1 сағаты 900-дан 9000 теңгеге дейін кетіреді, ол пәнге байланысты. Орташа есеппен бір тұрғынға шаққандағы репетиторлық



Маңғыстауда, Атырау, Қарағанды, Ақмола облыстарында 25-тен 41,6 сағат репетиторлықты құрап отыр. Ұй шаруашылығы Жамбыл, БҚО, СҚО, ШҚО, Қостанай, Қызылорда облыстарында репетитор қызметін 20 сағаттан кем көлемде ала алады.

Сонымен, әлеуметтік қызметті алу моделі оның сапасын бағалау үшін міндетті элемент болып саналады. Қызмет сапасын бағалау оның нәтижелігін бағалау барысында міндетті компонент болып саналады, себебі процестің әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді сонымен қатар тұрғындардың жаңа сұраныстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалауды мемлекеттік реттеу тәжірибесінде пайдалану алгоритмі 17 суретте көрсетілген .

«Нәтижелікті бағалау» мен «қызмет моделі» блоктары арасындағы кері байланыс корректірлеуші мазмұнда: егер де нәтиже ең төменгі мақсат пен міндеттен төмен болса, қызмет моделін өзгерту қажет болуы мүмкін оның мазмұнын неғұрлым жоғары талапқа сәйкес жетілдіру қажет.



Сурет 17 – Сапаны және қоғамдық сектор қызметі тиімділігін бағалау алгоритмі.

Әлеуметтік қызмет моделі әлеуметтік қызметтің нақты деңгейінен алынуы керек және көрсеткіштің оң қолжетімді мәні ретінде қабылданады, сонымен қатар кешенді экономикалық, әлеуметтік және өмірді қамтамасыз ету зерттеуін жүргізу қажет. Халықаралық норма тұрғысынан алғанда ең дұрыс көрсеткіш қызмет моделін кейіннен пайдалануға базалық ретінде қолданылады.

Оқу -әдістемелік материалдар:

Тапсырма 1.

Мектеп алды дайындық шығындарының қолжетімділігін бағалаңыз, оған балабақшадан тыс қосымша шығындарды қосыңыз 9 кестеде көрсетілген мәліметтерді пайдаланыңыз.



Кесте 9 - мектеп алды дайындық мерзіміндегі білім беру қызметтері моделінің қолжетімділігі

Мектепке дейінгі білім беру варианттары	Орташа шығындар, теңгемен бір айда						Мектеп алды дайындық мерзіміндегі білім беру қызметтері моделінің қолжетімділігі			
	Негізгі шығындар		Дайындықтан тыс қосымша дамыту қызметтері		Барлығы		% кірістен алғанда, қажетке ұсталғаннан қалған, теңгемен	% ресми кедейлік шегінен алғанда теңге	****	
	Г*	С**	Г	С	Г	С				
Отбасында	0	0	3850	1000	3850	1000	10,2	2,6	48,2	12,5
Мектеп ұйымдарында (балалар бақшасында)	8800	5500	3850	1000	12650	6500	33,4	17,2	158,4	81,4
Мектеп алды кластарында, білім беру, лицей және гимназияларда (мини-центр)	0	0	3850	1000	3850	1000	10,2	2,6	48,2	12,5
Орталықтар мен балалар бақшасының қызметтерін араластыру	8800	5500	3850	1000	12650	6500	33,4	17,2	158,4	81,4
* Қалалық жерлер ** ауылдық жерлер *** Соңғыны пайдалану, ресми қолжетімді статистикалық мәліметтер **** ағымдағы жылдағы мәнді пайдалану.										

Тапсырма 2. 10 кестедегі мәліметтерді пайдалану, мектепке дейінгі білім беру қызметінің қосымша (дамыту) қызметтері ережесін сипаттаңыз.



Кесте 10 – мектепке дейінгі жастағы балалардың қосымша білім қызметтеріне қолжетімділігін бағалаңыз.

Білім беру салалары	Ірі және орташа қалалар		Шағын қалалар		Ауылдық елді мекендер	
	Ақылы	Тегін	Ақылы	Тегін	Ақылы	Тегін
Денсаулық (спорттық секциялар)						

10 кестенің жалғасы

Коммуникация (сөйлеу тілін т.б.)						
Шығармашылық (сурет, музыка т.б.)						
Ескерту: - жасыл түспен берілген аумақтар тұрғындары қосымша білім беру қызметімен толық қамтылған аумақтар; - сарғыш түспен тұрғындары қосымша білім беру қызметімен жартылай қамтылған аумақтар; - қызыл түспен тұрғындары қосымша білім беру қызметімен қамтылмаған аумақтар белгіленген.						

Тапсырма 3. 11 кесте негізінде балаларға мектепке дейінгі білім берудің стандарттық мемлекеттік қызметіне қосымша шығындарын (аяқ асты шығынды) есепке ала отырып қолжетімділігін анықтап оған баға беріңіз.

Кесте 11 – қосымша (аяқ асты шығынды) шығынды есепке ала отырып стандартты мемлекеттік қызметке қолжетімділікті бағалаңыз.

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштер мәні	
1	2	
Дене шынықтыру, мен денсаулықты арттыруға бағытталған орташа шығында (хореография, би), теңге ай сайын	2000	
Коммуникацияны арттыруға бағытталған орташа шығындар (ағылшын тілі), теңге ай сайын	500	
Интеллектуалдық және мәдени дамуға арналған орташа шығындар (шахмат, сурет, театр, цирк), теңге ай сайын	500	
материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған орташа шығындар (жөндеу, кеңсе тауарлары, ойыншықтар және т.б.), теңге ай сайын	1000	
БАРЛЫҒЫ, бала бақшасындағы қосымша шығындардың арналған орташа шығыны, теңге ай сайын	1000	
Мемлекеттік мекемелердегі балаларға күтім жасау қызметінің ай сайынғы төлемі, теңге ай сайын	7200	12000
Мемлекеттік мекемедегі балаларға күтім жасау қызметіне төленетін ай сайынғы төлем, қосымша шығынды қоса есептегенде, теңге ай сайын	8200	13000
% орташа еңбек ақыдан – 102759 теңге	??	??
% тұтынудан қалған - 37877 теңге	??	??
% ресми кедейлік шегінен 7986,4 теңге	??	??
Ескерту – есептеулер қала тұрғындары бойынша есептеулер бойынша жүргізілді, себебі ауылдық жердегі респонденттер қосымша шығынның бар екенін көрсеткен жоқ		



Кесте 12 – Литва Республикасындағы арнайы әлеуметтік қызмет жүйесінің клиенттерінің қызмет көрсету стандарттары

Санаттар мен персонал	Литва							
	Кететін уақыт интервалы, жүктеме үлесі (40сағат)		Бір жұмадағы уақыт шығыны интервалы		Бір жұмада қызмет көрсетілетін клиенттер саны		50 клиентке	
	мин	макс	мин	макс	макс	мин	мин	макс
Мүмкіндігі шектеулі 1 бала								
Әлеуметтік қызметкер / Әлеуметтік педагог	0,12	0,18	4,8	7,2	8	6	6	9
Әлеуметтік қызметкер көмекшісі*/ медбикенің көмекшісі *	0,18	0,3	7,2	12	6	3	9	15
Мүгедектігі ауыр 1 бала								
Әлеуметтік қызметкер / Әлеуметтік педагог	0,12	0,18	4,8	7,2	8	6	6	9
Әлеуметтік қызметкер көмекшісі */медбикенің көмекшісі *	0,47	0,75	18,8	30	2	1	23,5	37,5
Егде адам немесе ересек мүгедек адам								
Әлеуметтік қызметкер	0,12	0,18	4,8	7,2	8	6	6	9
Әлеуметтік қызметкер көмекшісі /медбикенің көмекшісі	0,13	0,25	5,2	10	8	4	6,5	12,5
Қарт немесе мүгедектігі ауыр ересек адам								
Әлеуметтік қызметкер	0,09	0,16	3,6	6,4	11	6	4,5	8
Әлеуметтік қызметкер көмекшісі медбикенің көмекшісі	0,5	0,9	20	36	2	1	25	45
Директор/директордың орынбасары	Алушылар 50 – 0,5–1, алушылар 50 артық – 1–2							



тәрбиеші	50 алушыға - 0,5-1	
Психолог**	50 алушыға - 0,5-1	
Дәрігер -терапевт	50 алушыға - 0,5	
Кинези терапевт/массажист/ эрг терапевт **	15-30 алушыға – 1	1,5-3
Арнайы педагог/еңбекпен қамту бойынша маман (кәсіпке оқыту)*	12-30 алушыға – 1	1,5-4

Тапсырма 4. Қазақстанда және Литвадағы әлеуметтік арнайы қызмет көрсететін мекемелердегі қызметкерлер штаты нормативі бойынша стандартты салыстыру, олардың арасындағы айырмашылықтарын анықтау.

Тапсырма 5. Үш елдегі арнайы әлеуметтік қызмет бәсекелесін дамыту мен қызмет сапасы тұрғысынан персоналдарға қойылатын талаптар нормативінің дамуын салыстырыңыз.

Штаттық бірлік атауы	Қазақстан, жүктеме	Ресей, жүктеме	Беларусь, жүктеме
Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша персонал			
1. Әлеуметтік қызмет бойынша маман	2,5		
Әлеуметтік -тұрмыстық қызмет көрсету бойынша персонал			
2. палата санитаркасы	10,5 уақыт 2 тәуліктік постқа (1тәуліктік пост 50 адамға)	6,5 (1 жүктеме 15 төсекке және қосымша 1 ден 8 төсекке арналған)	15,46 (Чммо) Формула бойынша есептелген: Чммо = -3,5 + 0,128 x Кфк + 0,154 x Кл
3. бақылау бойынша санитар	-	-	(қозғала алатын 60 адамға арналған (Кфк) және төсек тартып жатқан 40 Кл))
4. күтім жасаушы санитарка (паллиативтік көмек көрсету палаталарында)	1 бірлік 6 ауыр науқасқа, жеке күтімді қажет етушілер	Кіші медбике (төсекте жатқандар бөлімінде) 1 адам 30 төсекке	
Арнайы -медициналық қызмет көрсету бойынша персонал			
5. Дәрігер – педиатр	-	-	-
6. Дәрігер – терапевт	1	1	1
7. Дәрігер - невропатолог	1	0,5	Қажеттілік болған жағдайда сонымен
8. Дәрігер -	1	-	қатар мына



психиатр (психотерапевт)			лауазымдар анықталады Дәрігер - психиатр-нарколог, Дәрігер - стоматолог және т.б.
9. Дәрігер - травматолог-ортопед	-	-	
10. Дәрігер	1	-	1,32
11. Инструктор Райт терапия бойынша (иппотерапия)	1 (тиісті жағдай болғанда)	-	
12. жүзу бойынша инструктор (гидро-кинезотерапия)	1 (бассейн болған жағдайда)		
13. Медициналық медбике диеталық тамақтану бойынша	1	0,5	
14. Инструктор ЛФК	1 бірлік 20 қызмет алушыға жүре алмайтын ауыр науқастарға ОДА немесе ОДА шамалы қозғала алатын 40 қызмет алушыға 2-бірлік бір кабинетте ЛФК	Қолданыстағы нормаға сәйкес жұмыс жүктемесі мен көлемі анықталады	
15. Басты медициналық медбике (аға медбике)	1 мекемеде	Үй-интернаттағы аға медбике	8,14 фельдшер, бас медбике, аға медбике, медбике - маман (физиотерапия, массаж, диетолог және т.б. бойынша), емдік дене шынықтыру бойынша инструктор, лаборант, медициналық дезинфектор (дезинфектор)
16. Медбике	5,25 жүктеме әрбір тәуліктік постқа. Бір тәуліктік пост 50 төсекке арналған қолданылып отырған алаңнан, қажеттіліктен және мүмкіндіктен қалыптастырылады,	1 адамға 40 төсек 1 адамға 60 төсек төсек тартып жатқандарға	
17. Медбике массаж бойынша	1	1	
		Физиотерапия бойынша медбике 1 маман 100 физиотерапевтикалық құрал болғанда	
18. Акушерка	-	-	



19. Фельдшер	0,5	0,5	
	-	Дәрігер - окулист 1 400 төсекке	
	-	Дәрігер - стоматолог 1 қызмет алушы 400 төсек	
	-	Дәрігер - ЛОР 1 қызмет алушы 600 төсек	
	-	Дәрігер - хирург 1 қызмет алушы 600 төсек	
Әлеуметтік - психологиялық қызмет көрсету бойынша персонал			
20. Психолог	1		
Әлеуметтік- педагогикалық қызмет көрсету бойынша персонал			
21. Методист	-		
22. тәрбиеші	-	1 жанға шаққанда 25 жас мүгедектерге	3,36
23. Логопед	-		(әлеуметтік жұмыс бойынша психолог,
24. дефектолог оқытушы	-		культ маман, кітапханашы,
25. Музыка оқытушысы	-		үйірме жетекшісі, физикалық оңалту бойынша
26. физкультура оқытушысы	-		инструктор- методист
27. еңбек терапия бойынша инструктор (еңбек сабағының мұғалімі)	-	1 қызмет алушылар саны 50 адам болғанда (жас мүгедектер)	(адаптациялық физикалық мәдениет бойынша инструктор- методист), еңбек
Әлеуметтік - еңбек қызметі бойынша персонал			терапиясы бойынша инструктор)
28. еңбек терапиясы бойынша инструктор	1 бірлік профиль (профиль 6 қызмет алушы болғанда қалыптасады)		
Әлеуметтік - мәдени қызмет көрсету бойынша персонал			
29. мәдени ұйымдастырушы	1	-	



30. Музыкалық жетекші	1	-	
31. кітапханашы	1 (библиотека болса)	0,5	
Әлеуметтік -құқықтық қызмет бойынша персонал			
31. Юрист	1	-	-
Ескерту – ақпараттар бойынша құрылды ^{7 8 9} [32,47,48]			

Тапсырма 6. Мектепке дейінгі балаларға білім беру қызметіне арналған стандарт профилін құрыңыз.

Сала / Қызмет түрі	Көрсеткіш			Индикаторла ры
	Қамтамасыз ету		Қызметтің қолжетімділігі	Сапа және қызмет тиімділігі
	Инфрақұрылым нысандары	Инфрақұрылым қызметінің нормативтері		
Ағарту / Мектепке дейінгі білім беру				Сапа: тиімділік

Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:

Қоғамдық игіліктерді пайдалану моделі дегеніміз не және ол қызмет көрсету стандарттарымен қандай байланыста?

Әлеуметтік стандарттарды кім жасайды?

Әлеуметтік қызметпен қамтамасыз етілу нормативі дегеніміз не? Қамтамасыз етілу көрсеткіші қандай? Қамтамасыз етілу нормативі қалай жасалады?

Егер де эмпирикалық көрсеткіштер бірінен бірі қатты ерекшеленетін болса жергілікті басқару органдары не істей алады, қамтамасыз етілуді анықтау барысында негізге алатын не болмақ?

Қызмет стандарттарына қамтамасыз етілуден басқа не кіреді?

Балаларды мектепке дейінгі қызметпен қамтамасыз етудің маңыздылығы неде?

Медициналық қызмет саласында, әлеуметтік қызмет көрсету саласында мектепке дейінгі және мектепте білім беру саласы нормативтеріне нақты мысал келтіріңіз?

Негізгі әдебиет :16-19; Қосымша әдебиет :9-10.



ТАРАУ 4. ҰШЖ-93 ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТЕРДІ ҰСЫНУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

4.1. Қоғамдық сектордың қызметін макродеңгейде сараптау әдісі

Тақырып мақсаты: макродеңгейде қоғамдық сектордың қызметі әдісін сипаттаңыз, ұжымдық және жеке пайдаланудағы қоғамдық тауарларды өндірісін қарастыру, табысты бөлу қалай жүргізілетінін ашу, тәуекел топтағы әлеуметтік топтарға қалай қолдау жасалатынын ашып көрсету.

Ілмек сөздер қоғамдық сектор, өндіріс, қоғамдық тауарлар, ішкі жалпы өнім, соңғы тұтыну, жеке тауарлар, табысты қайта бөлу, теңсіздік, әлеуметтік саясат.

4.1. Қоғамдық сектордың қызметін макродеңгейде сараптау әдісі

Қоғамдық сектордың көлемі және экономиканың барлық субъектілерінің оның ресурстарын игеру бойынша барлық әрекеті макро-экономикалық тұрғыдан алағанда көрсеткіштер жүйесінің көмегімен бағалануы керек, ол барлық әлемде жүйенің базалық әдістемесі ретінде қолданылады.

Жүйенің көрсеткіштері мыналарды көруге мүмкіндік береді:

- қоғамдық сектор ресурстарының негізгі бағыттарын;
- аталған қаржы ағысының көлемі ІЖӨ және басқа да макро-экономикалық көрсеткіштермен салыстырғанда;
- аталған ресурстарды игеретін субъектілер;
- аталған ресурстарды алатын игілікті алушылардың негізгі табыс құрылымдары мен деңгейі.

Қоғамдық сектордың қызмет ету нәтижелерін сараптау, әдетте мемлекеттік бюджеттің шығындарының екі құрылымдық элементімен жүргізіледі:

Қоғамға екі негізгі игілікті ұсыну, олар дәстүрлі түрде ұжымдық және жеке игілік деп аталады. Аталған оқулықтағы бірінші тақырыпта қарағандай қоғамдық игілік, жеке пайдалану тауары бастапқы қолдану тұрғысында болады (қажетті жағдайлары), оның тиімділігі де болуы мүмкін. Ал ұжымдық пайдаланылатын игіліктер бір жұмалық болады және екінші реттік болады.

Бюджет кірісін әлеуметтік көмекке мұқтаж тұрмысы ауыр тұрғындарға әлеуметтік топтарды қолдау мақсатында қайта бөлу.

Қоғамға ұжымдық және жеке пайдаланылатын игіліктерді ұсыну



ҰШЖ-93 жүйесіндегі макроэкономикалық көрсеткішті жалпылау ішкі жалпы өнім болып табылады (ішкі жалпы өнім) ол үш әдіспен есептеледі: өндіріс, пайдалану және кірісті құру.

Қоғамдық сектордың қалыптастыру нәтижесі үй шаруашылығы игілігіне арналған және қоғамдық игілік ұсынумен байланысты қызметтер аспектісінде (полиция, қорғаныс, ТЖ, басқа да қызметтер) бағалауды есептеу алгоритмі арқылы жүргізіледі және ішкі жалпы өнім бірлігімен есептеледі.



Сурет 18 –ҰШЖ-93 жүйесінде үй шаруашылығы табысы мен кірістерін әдістемелік сараптау негіздері

* Авторлар құрастырған

Ішкі жалпы өнім мына элементтер бойынша пайдалану әдістеріне есептеледі:

- соңғы тұтыну шығындары;
- ішкі жалпы жинақтар;
- таза сараптама

Тұрғындарға қоғамдық сектор ресурстарының шығыны тұрғысынан алғанда тұрғындарға қоғамдық игілік ұсыну мына шығындарды көрсетеді:

Үй шаруашылықта соңғы пайдалану үшін;

Өндірушілерден тауар мен қызметті сатып алуға мемлекеттік басқарма ұйымдары (мемлекеттік мекемелер, коммерциялық ұйымдар) трансферттер мен экономикалық маңызды емес бағалар бойынша үй шаруашылығына беру үшін;

Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар.

Үй шаруашылығының соңғы тұтынуының шығындары, ҰШЖ-93, жүйесінің көрсеткіші ретінде үй шаруашылығын жүргізу үшін алынған тауар мен қызметті сатып алу шығындарынан тұрады:

А) шаруашылық бюджеті есебінен тұтыну тауарларын сатып алу (ұзақ мерзімдік пайдалану);

В) қызмет алу, агрегир түрлері білім беру, денсаулық сақтау, коммуникация және БАҚ, тұрғынжай-коммуналдық шаруашылық және т.б. болып табылады;

С) үй шаруашылықтың өзі шығарған тауарлар мен қызметтер өз қажетіне арналған;

Д) шет ел резиденттерінің сатып алған тауар мен қызметтерінің шығындары.

ҚР ІЖӨ үй шаруашылық соңғы тұтыну шығыны құрылымы 2012-2016жж. Соңғы пайдалану әдісі бойынша, ағымдағы суреттерде бағасы берілген 19 сурет.

Шығын құрылымында бағалау мерзімінде коммерциялық емес қызмет ету қызметінің үлесі қысқартылады (ҮШКЕҚК) 2,6% дан 2,1% аралығында. Ол шығындар тауар мен қызмет шығындарын көрсетеді онда үй шаруашылығы экономикалық аз бағамен қамтамасыз етіледі.


ҮШКЕҚК жалпы классификацияға мыналар кіреді:

1) қызметті мүшелік жарна төлейтін өз мүшелеріне ғана көрсететін өзара ұйымдар. (аталған ұйымның мысалдары кәсіподақ, әлеуметтік және спорттық клубтар, кәсіпкерлер ассоциациялар болып табылады);

2) қоғам мен адамдар топтарына теріс сипаттағы қызмет көрсететін ұйымдар. Оған экологиялық ұйымдар, коммерциялық емес ұйымдар ғылыми және қоғамдық сипаттағы және басқа да ұйымдар болып саналады;

3) үй шаруашылығына әр түрлі сипаттағы қайырымдылық сипаттағы қызмет көрсететін ұйымдар (кеңестік орталықтар, қайырымдылық бекеттері, жағдайы жоқ азаматтарға қолдау көрсету т.б.)





Сурет 19 – ҚР ІЖӨ үй шаруашылықта пайдаланудың шығындары 2012-2018жж. Соңғы тұтыну әдісі бойынша ағымдағы бағамен

Авторлар құрастырған

Мемлекеттік басқарманың аталған шығындар құрылымына үй шаруашылығына тегін немесе экономикалық мәндегі баға бойынша беруге арналған олардың тауар мен қызмет сатып алу шығындары ұсынылған.

Мемлекеттік бюджет қаржысы мемлекеттік бюджет есебінен шығарылады егер ол заңмен қарастырылмаған болса, онда бюджеттен тыс қордан алынады (Қазақстанда бюджеттен тыс қор жоқ, олар 2000 жылы бюджетпен біріктірілген және қаржыны шығындау үшін).

Мемлекеттік басқару секторының үлесі ІЖӨ-ге 2015 жылы тұтыну шығыны 19,8% оның ішінде жеке 9,6%, ұжымдық 10,2%. Ол жалпы алғанда ескі замандағы кеңестік дәуірдегімен тең. Атап айтқанда Ресейде осыған ұқсас көлем мына мәннен төмен: 17,7%, 8,2%, 9,5%.

Мемлекеттік басқару органдарының соңғы тұтынуға кететін шығындарының көрсеткішіне мыналар кіреді:

Өндірушілерден сатып алған тауардың және қызметтің бағасы үй шаруашылығына трансферттер формасында немесе экономикалық аз бағамен беруге арналған;


Қызметті нарықтан тыс шығару, ол мемлекеттік ұйымның жалпы соммасы ретінде анықталады (бюджет есебінен қызмет көрсетеді) нарықтық бағамен жартылай орнын толтыру сомасы аталған қызмет бағасында;



Үй шаруашылықтарының тауар мен қызметті сатып алу шығынын әлеуметтік сақтандыру шоты есебінен толтырылады.

Мемлекеттік мекемелердің соңғы сатып алу шығындарын екі бөлікке бөлуге болады:

- жеке сипаттағы тауарлар мен қызметтер;
- ұжымдық сипаттағы қызметтер. (Сурет 20)



Сурет 20 – Мемлекеттік ұжымдық (бөлінбейтін) және жеке (бөлінетін) игілікке жұмсалған шығындары арасындағы қатынастар

Ұжымдық және жеке қызметтер шығыны мәнін салыстыру барысында басымдықтар сақталады, сонымен қатар бөлінбейтін игіліктер шығыны артықшылықта болады. Ол игіліктерді азаматтарға басқару, қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, іргелі ғылымдар, коммуналдық шаруашылық, көлік және басқа да түрлерде ұсынылады. Әр жылдарда аталған қызметтердің шығыны әр түрлі болады, алайда тренд коэффициенті көрсетіп отырғандай құрылымдық үлесі теңдестіріледі.


Мемлекеттік мекемелердің жеке тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсайтын шығындары үй шаруашылығына арналған олардың жеке қажеттіліктерін өтеуге қажетті игіліктерді көрсетеді, ол қайтарымсыз қызметтер экономикалық мәні жоқ. Аталған қызметтерді білім беру мекемелері, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет және спорт мекемелері көрсетеді.

Оның шығындары келесідей анықталады:

- Тауар мен қызмет ұсыну;
- Үй шаруашылықтарына беру үшін тұтыну тауарларын қызметті нарықтағы өндірушілерден сатып алу;



- Үй шаруашылықтары нарықтан сатып алатын тауар мен қызметтерді жартылай қайтару, ол тізім мемлекеттің әлеуметтік кепілдігінде жазылған



Сурет 21 – 2012-2016 жылдардағы үй шаруашылықтарының нақты тұтынған қызмет пен тауар құрылымы, %

Біз қарастырған қатынастарға сәйкес жекелеген қызметтер шығыны ұжымдық шығынмен салыстырғанда елде аз көлемде.

Жеке қызметтер шаралар кешенінде жүзеге асырылады оны адамдық капитал құрайды. Адамдық капитал білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, әлеуметтік қызмет көрсету салаларынан тұрады. Бюджеттегі қаржыны аккумуляциялау мен елдегі адамдық капиталды дамыту стратегиясына сәйкес жоспарланған шығынды жүзеге асыру адам ресурсын дамыту саясатын тудырады.

Үй шаруашылығын соңғы тұтыну үй шаруашылығы ағымдағы кірістер есебінен сатып алатын тауарлары мен қызметтен тұрады, сонымен қатар мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық емес ұйымдардан әлеуметтік қызмет түріндегі немесе әлеуметтік трансферттер ретіндегі табиғи формадағы тегін алынған, кірістер есебінен сатып алатын тауарлары мен қызметтен тұрады,

Аталған стратегиялық әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, мемлекет адам капиталының құрылуына әсер ететін әлеуметтік игіліктерге тең қолжетімділік береді. Бұл жағдайда қоғамдағы әлеуметтік дифференциацияны төмендетуге жағдай туғызылады, олар бәсекелестікке қабілетті болуға тырысады және елдегі әлеуметтік капиталдың сапасы мен деңгей талаптарына қазіргі заманғы сәйкес болады.



Үй шаруашылықтарының соңғы тұтынуларын нақты көрсететін көрсеткіш мына шығындардан тұрады:

- үй шаруашылықтарының соңғы тұтынулары;
- үй шаруашылықтарына жеке қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер, үй шаруашылығының тауар мен қызметті тұтынуы ептіліктеріне және қаржы жинақтауға әсер етеді;
- қызмет көрсетуге деген коммерциялық емес ұйымдар, олар үй шаруашылығының қоғамдық сектор аясында ұсынылады.

Үй шаруашылығының соңғы тұтынуы ол тұтыну тауарлары мен қызметтер, оны үй шаруашылығы өздерінің ағымдағы табыстарына сатып алады және коммерциялық емес ұйымдардан тегін алады. Экономикалық мазмұны трансферт мақсатты мақсаттағы қайтарымсыз операция болып табылады.

Егер де ұжымдық қызметтің мемлекеттік шығындарын есепке алмайтын болсақ, онда үй шаруашылықтарының соңғы тұтынуына кететін нақты шығындары 2016 жылы 88,2%, яғни 10% артық болды.


Аталған 19 сурет мәліметін 21 суретпен салыстыру мына жағдайды көруге мүмкіндік береді, үй шаруашылығының нақты соңғы шығынында мемлекеттік шығын үлесі мемлекеттің жеке және ұжымдық шығындардың сомасына қарағанда төмен қарқынмен өседі. Егер де бірінші жағдайда үлес күніне 0,5% болса, екіншіде 0,3%. Ол ұжымдық қызметке деген мемлекеттік шығын жеке үй шаруашылық қызметтеріне қарағанда қарқындап өсіп келе жатқанын нақтылап отыр.

Нарықтық көздер арқылы үй шаруашылықтары өздері көрсететін нақты соңғы тұтыну - 88,2 % 2016 жылы және 87,1% 2014 жылғы көрсеткіш болды.

Нақты соңғы тұтынудағы ҮШКЕҚК үлесі неғұрлым маңызды, ол 2012 жылы былайша өзгерді 2,9% 2016 жылы 4,1%. Ол әрине соңғы тұтыну шығынына қарағанда артық 2,6 %– 2,1%.

Мемлекеттің үй шаруашылығындағы қызметін бағалаудың үшінші көрсеткіші үй шаруашылықтарының түзетілген табысы болып саналады.


Түзетілген қолда бар табыс құрылымы 22 суретте берілген.



Сурет 22 – 2016/2012 жж. түзетілген қолда бар табыс құрылымы %.




Аталған көрсеткіште табиғи формадағы әлеуметтік трансферттер есепке алынады, ол білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт қызметтері арқылы ұсынылады. Аталған трансферттер үлесі тұрғындар табысында жалпы 1016 жылы көлемі аз 8,7% болды. Социалистік мерзімдегі мәліметпен салыстырғанда ағымдағы цифрдағы артықшылық көрініп тұр (Сурет 23.)



Сурет 23 – 199/2001 жж. Түзетілген қолда бар ішкі табыс құрылымы.

Авторлар құрастырған

Табиғи формадағы әлеуметтік трансферттер үлесін үй шаруашылығы мен түзетілген қолда бар табыспен салыстыру 24 суретте көрсетілген.



Сурет 24 – Қазақстандағы 2012-2016 жылдардағы түзетілген үй шаруашылық табысын және нақты соңғы тұтынудың әлеуметтік трансферттерінің үлесі %



Салыстыру бағалауы аталған екі көрсеткіштің бір бағытта екенін көрсетіп отыр, алайда табиғи әлеуметтік трансферттердің өсу қарқыны соңғы қолдануда жоғары.

Сонымен, аталған параграф материалына қорытынды жасай келе мына ережелерді атауға болады:

1) ҰШЖ-93 халықаралық статистика қауымдастығы құрған және қазіргі заманғы статистикалық жүйенің экономика секторының дамуы мен жалпы жағдайы туралы ақпарат жинау болып табылады.

2) Себебі ол оның мәліметтерін ала отырып макро-деңгейде ақпаратты жалпылайды онда мына жағдайды көруге болады: экономиканың әр түрлі секторлары бірімен бірі әрекеттесетінін көреміз. Аталған тақырыпта бізді экономиканың қоғамдық секторы құқықтары, ол мемлекеттік бюджеттің қаржысымен әрекет етіп отыр және үй шаруашылықтарына беру үшін қоғамдық иілік өндіреді. Өндіріске экономиканың басқа да секторлары қатысады: үй шаруашылығына қызмет ететін жеке сектор және коммерциялық емес ұйымдар. ҰШЖ-93 жүйесі олардың аталған процеске қатысуын фиксациялауға мүмкіндік береді.

3) қоғамдық сектордың үй шаруашылығының өміріне қатысуын көрсететін негізгі көрсеткіштер мыналар болып табылады:

- нақты соңғы тұтыну;
- үй шаруашылығының қолданыстағы табысын түзету;
- үй шаруашылығын тұтынудың соңғы шығына.

4) Қоғамдық игіліктердің бөлінетін және бөлінбейтін қасиеттерін пайдалану арқылы ҰШЖ (ұлттық шоттар жүйесі) олардың арасындағы айырмашылықты есепке алады және оны жеке және ұжымдық игіліктер деп атайды. Аталған топтар арасындағы пропорция 2012 жылдан 2016 жыл аралығында жеке игіліктер бағытына өзгерген. Жалпы ол дұрыс жағдайды көрсетіп отыр, ол қазіргі заманғы адам капиталын қалыптастырудағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты көрсетеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

Қазіргі уақыттағы және өсу қарқынындағы үй шаруашылықтарының шығын құрылымы қандай?

ҰШКЕҚК-ге қандай субъектілер кіреді, аталған құрылымның поэлементті құрылымы қандай және ол тұрғындардың табысына қалай қатысады?

ҰШКЕҚК ММ органдарының соңғы тұтынудағы шығындарының құрылымы %?

Мемлекеттік мекемелердің соңғы тұтынуларының шығындарының құрылымы %?

Табиғи трансферт дегеніміз не? Табиғи трансферттердің мысалдары қандай?



Қоғамдық сектор шығындарындағы ұжымдық және жеке иіліктер үлесі қандай?


Үй шаруашылықтарының нақты соңғы тұтыну құрылымдары қандай?

Үй шаруашылықтарының соңғы тұтыну құрылымын және нақты соңғы тұтынуды аталған көрсеткішке мемлекеттің қатысу тұрғысынан салыстырыңыз.

Тұрғындардың табыстарын қайта бөлуде мемлекеттің қатысуы қандай? Соңғы 5 жыл динамикасындағы картина қандай?

СНС үй шаруашылықтарындағы табыс секторы қандай? СНС-тағы тұрғындардың әлеуметтік трансферттерінің үлесі қандай?

Тапсырма 1. Ұлттық шоттар жүйесі бойынша көрсеткіштерді есептеу әдісіндегі ауытқуларды толтыру.



Сурет 25 – Ұлттық шоттар жүйесі бойынша төлем жасау әдістемесі

Өзіндік бақылау сұрақтары

Ұлттық шоттар жүйесі дегеніміз не? Оның мүмкіндіктері қандай?

Ұлттық шоттар жүйесінің мүмкіндіктерін есепке қоса алғанда қоғамдық сектордың қызметін зерттеуден қандай бағыттарды бөліп қарастыруға болады?

1 және 2 ерекше және жалпы бағыттарын анықтаңыз?

ҰШЖ-93 бойынша үй шаруашылықтарының шығыны мен кірістерін сараптау әдісі.

Үй шаруашылықтарының соңғы тұтынуларының шығыны мен үй шаруашылықтарының нақты тұтынулары арасындағы шығындар қалай ерекшеленеді?

Үй шаруашылықтарының соңғы тұтынулары неден тұрады?


Үй шаруашылықтарының нақты соңғы тұтынулары мен түзетілген қолданыстағы табысты қалай айыруға болады?

Ол неге түзетілген деп аталады, ол компонентті қалай түсіндіруге болады, ол нақты нені түзетеді?

Мемлекеттік органдардың шығынының ұжымдық және жеке қызметтерден айырмашылығы қандай?

Соңғы тұтыну шығынын қалай айыруға болады және олар соңғы тұтынудан қалай өзгешеленеді?

Әдебиет: негізгі 20-23; қосымша 7-9.



ТАРАУ 5. НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕН БЮДЖЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ. Қазақстан РЕСПУБЛИКАСЫНА МОДЕЛЬДІ ЕНГІЗУ

5.1. Қазақстандағы нәтиже бойынша мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеуді енгізудің алғышарттары.

5.2. НББ (нәтижеге бағытталған бюджеттеуді) енгізудің әлемдік тәжірибесі.

5.3. Нәтиже бойынша басқару элементтері мен негізгі түсініктер

5.4. Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Министрліктер мен олардың құрылымдары мен элементтерінің стратегиялық жоспары.

Тақырып мақсаты: мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеуді нәтиже бойынша енгізудің алғышарттарын қарастыру, НББ енгізудің әлемдік тәжірибесін қарастыру.

Ілмек сөздер мемлекеттік басқару, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелігі, бюджеттеу технологиясы, мемлекеттік шығындарды басқару, бағдарламалық-мақсатты бюджет, «жоспарлау – бағдарламалау – бюджеттеу» жүйесі, бюджеттік реформа

5.1. Қазақстандағы нәтиже бойынша мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеуді енгізудің алғышарттары

2007 жылдан Қазақстанның мемлекеттік секторында нәтиже бойынша бюджеттеу мен басқару жүйесін енгізудің Концепциясы жасалды, ол дамыған елдерде қоғамдық сектордың ресурстарын басқарудың ең тиімді тәжірибесі болып саналады¹⁰.

Концепцияның мақсаты бірнеше өзара байланысқан кезеңдер реттілігімен Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлаудың жаңа моделіне өтудің әдістемелік және тәжірибелік ережелерін жасау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін мынандай бірлескен міндеттерді шешу қажет болды:

- мемлекеттік органдардың соңғы нәтижеге жетуге жекелік жауапкершіліктерін арттыратын өз ырқымен жұмыс істеу мүмкіндігін арттыратын, міндетке қол жетімділік пен мақсатты индикаторлар арқылы өлшенетін бағдарламалық құжаттар жасауы. Бұл жерде көрсеткіштер мен индикаторлар бизнестің мақсаттық нарықтағы бәсекелестік мақсаттарына қол жеткізу үшін өзіндік аналогты көрсеткіштер болып табылады;

- мемлекеттік жоспарлауда стратегиялық мақсаттан иерархиялық қозғалыс алатын және елдің, облыстың, қаланың, ауданның мақсатына



дейін жаңа логика құру. Бұл жерде бюджеттік ресурстар нақты мақсатты индикаторлар жетістігімен қалмай шара ретінде жоспарланады.

Бюджеттік процесті реформалау мемлекеттік органдардың қызметінің қоғам бақылай алатындай ашықтығы тұрғысынан алғанда. Бақылау нысаны ол мемлекеттік бағдарламалар және олардың пайдаланған бюджеттік қаржылары болуы керек.

2009 жылға дейін мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіруге талпыныстар болды, атап алғанда бағдарлама паспортын енгізу инновация болып табылады. Ол өзгертулер елеусіз болды және бағдарлама жасау әдістемесіне де оның нәтижесін арттыруға да айтарлықтай нәтиже берген жоқ.

Ұлттық және салалық бағдарламалардың көбінің проблемалары ортақ болды. Мақсаттар мен нәтижелер анық қалыптастырылмады, сандық көрсеткіштері анықталмады. Нәтижеге жету критерийі белгіленіп құрылмады, бағдарлама мазмұнында мақсатты индикаторлары болған жоқ. Мемлекет жоспарына мемлекеттік басқару органдарының қызметіне кірмейтін, тек бизнестің немесе коммерциялық сектордың қызметінің мазмұны болып табылатын шаралар мен нәтижелерді жазу жиі орын алды. Қандайда бір салалық бағдарламаның жүзеге асуының нәтижесіне жауапкершілік нақты анықталмады және бірнеше мемлекеттік органдарға бөлінді, соңында ол жауапкершіліктің жоқтығын тудырды.

Бағдарламаны және шараларды қаржылық қамтамасыз ету де проблемалар туғызды, себебі қаржыландыру болса да ол бірнеше бағдарламалармен бірлестіріліп жүргізілді.

Жоспарланған бағдарлама аясында емес одан тыс сұрату барысында қосымша қаржыландыру тәжірибесі бағдарлама шарасын жүзеге асыру үшін қажетті қаржы көлеміне түзету жасауды қажет болды. Ол бағдарламаның күтілетін нәтижесі мен мақсатының анық болмауын ақтауға негіз болды, барлық проблемаларды және ауытқуларды қаржыландырудың тұрақсыздығына жаба салуға мүмкіндік берді.

Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижелілігін көрсететін индикатордың жоқтығы сонымен қатар олардың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін бағалаудың нақты механизмдерінің болмауы және стратегиялық, экономикалық, бюджеттік жоспарлау қаржыны жұмсауды бақылаудың мүмкін еместігін көрсетті. Ішкі және сыртқы бақылаудың нәтижелері бюджетті жасау және оны қарастырумен еш байланысты болған жоқ.

2002 жылы енгізілген бюджеттік бағдарламалар паспорттары бюджеттік бағдарламаның администраторының өзіне тапсырылған қызметтерді орындау бойынша қызметін бағалаушы құрал ретінде және бюджеттік қаржыны жұмсауға тікелей бақылаушы ретінде де менеджменттің тиімсіз құралы болмады.



Бағдарламаның сандық индикаторлар мен міндеттері жоқ паспорты сонымен қатар қаржыны мақсатты пайдалану индикаторы болмағанда және қаржыны мақсатты пайдалану бағыты болмауы істің түбегейлі өзгеруін тудыра алмады. Себебі шаралардың жоспары кетірген шығыннан нақты нәтижеге жетуге емес тек шығындарға ғана негізделді, ол көбіне келеңсіздіктерге ұрындырды, мысалы шағынауданда балалар үш ауысыммен оқитын жерде толық жабдықталмаған екі мектеп қатар салынып жатқандай.

Бағдарламада ұсынылған ақпаратқа сәйкес бюджеттік шығындардың нәтижелігі туралы бірдей шешім қабылдау мүмкін емес. Сонымен қатар бағдарламаның мақсатын түсіну және соңғы нәтижесін түсіну қаржыны игеру туралы есеппен алмастырылды.

Аталған проблемаларды сезіну және қалыптасқан жағдайдан шешу жолын іздеу менеджменттің жаңа вариантын тауып оны енгізуге алып келді, ол осыған дейін жүзеге асырылған моделден өзгеше болды.

Қорытынды: Нәтиже бойынша жоспарлау және бюджеттеу нәтиже бойынша басқарудың қазіргі заманғы моделі болып табылады, ол мемлекеттік шығындардың тиімділігін арттыруға оның соңғы мақсатқа сәйкес болуына, жоспарланған мемлекеттік шығындарға сәйкес болуға қатты көңіл бөледі.

Аталған модельдің өзі креативті құрал болып саналады, себебі мемлекеттік органның қызметінің соңғы нәтижеге қол жеткізу үшін алдыға қойған мақсат пен міндетке сәйкестігін талап етеді.

Жаңа менеджмент моделінің квинт-эссенциясы соңғы нәтижені анықтау болып табылады, оны бюджеттік қаржы жұмсалатын шараларды жүзеге асыру барысында алу керек. Соңғы нәтижелер нақты көрсеткіштердің бірлігі болып табылады ол нақты осы жағдайда әлеуметтік тиімділіктің негізі. Аталған көрсеткіштер мәнінің негізінде алдыға қойылған жетістік деңгейі туралы айтуға болады, яғни қоғамдық мақсаттар туралы айтуға болады (екінші эффект) сонымен қатар игілікті тұтынушылардың қанағаттанушылықтарын (бастапқы эффект) айтуға болады.

Дәстүрлі 2009 жылға дейін қолданылған модель, шығынды әдіс болып табылады, ол бюджет қаржысын алушылар (немесе салалық басқармалар) мен шығынның жалпы көлемі арасындағы шығынды әдістерді көрсетеді. Сонымен қатар нәтиже бойынша басқару мен бюджеттеу алдыңғы мерзімдегі аталған уақытта маңызды болатын бюджет шығынын мемлекеттің негізгі мақсаты мен міндетімен байланыстырады.

Шығындық әдісті қолдану барысында мемлекеттік органдар қаржыны мақсатты орындауға жауап береді, ал нәтиже бойынша басқару барысында қоғамдық сектордың көрсеткен қызметіне жауап береді.

Мысалы, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мақсаты аясында «Жағдайы төмен азаматтарға әлеуметтік арнайы қызмет



көрсетуде» кедейлерге қарағанда мүгедектерге қызмет көрсетуге біршама көп қаржыны талап етеді, алайда біз оларға қызмет көрсету көп шығынды қажет болса да аталған топтағы азаматтардан бас тарта алмаймыз. Сол нәтиже бойынша басқару моделі аясында аталған азаматтарға аз шығынмен көмек көрсету пакетін іздеуіміз керек. Екінші тақырыпта айтылғандай аталған топтарға жетілдірілген бөлу моделін немесе квази-нарықтық моделді пайдалана аламыз. Әрбір жеке жағдайда біз мынаны шешіп алуымыз керек: азаматтарды толық қанағаттандыру үшін және аз шығын жұмсау арқылы көмекті қалай көрсету керек екенін шешіп алуымыз керек.

Нәтиже бойынша басқару және бюджеттендірудің мақсаты ортақ: мемлекеттік секторды басқарудың тиімділігін арттыру. Аталған басқару моделін енгізу нәтижесінде бюджеттік қаржыны басымдықты мемлекеттік саясат (шығынның бәсекелестік баптары арасындағы) және оны пайдалану тиімділігін арттыру арасында неғұрлым дұрыс бөлу қалыптасуы мүмкін.

Азаматтар басқару моделі мен бюджеттеу моделінің құндылығын бағалай алады, мысалы ол қоғамдық мүддеге сәйкес келетін және үкіметтің әрекетіне сәйкес келетін жеке қажеттілік пен мүдде арасындағы қатынасты дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жерде үкіметтің қандайда бір мақсаты мен міндеттері нақты қоғамдық мүддегі сәйкес келетінін немесе сәйкес келмейтінін салыстыруға болады.

Аталған басқару моделі бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың негізгі критерилері мемлекеттік бағдарламалардың экономикалық тиімділігі болып табылады (ұсынылған қызмет пен шығын көлемінің қатынастары және оны көрсету) және ол әлеуметтік тиімділік (соңғы нәтижеге қол жеткізу деңгейі, оның салдары, салдары, бағдарламаның әлеуметтік әсері).

Қазақстанда нәтиже бойынша басқаруды енгізуді жүзеге асыратын негізгі нормативті-құқықтық актілер мыналар болып табылады:

Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1297 қаулысы (қазір күшін жойған) ақпарат көзі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P070001297_

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 827 Жарлығы. Ақпарат көзі: <https://zakon.uchet.kz/view/25632/>

"Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 28 тамыз 2013 жылғы Жарлығы № 625. Ақпарат көзі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000765>

«Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары



қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы. Ақпарат көзі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000954_#z19

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кейбір мәселелері туралы» Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 58 бұйрығы. Ақпарат көзі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013411>

«Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесін бекіту туралы» Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 Қаулысы. Ақпарат көзі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P100000218>

НББ (нәтижеге бағытталған бюджеттеудің) енгізудің әлемдік тәжірибесі

Нәтижеге бағытталған басқару бойынша моделді жүзеге асырудың тәжірибесі АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Жаңа Зеландия, Канада, Нидерланды, Швеция, Дания сияқты елдерде бар..

«Нәтижеге бағытталған бюджеттеу» түсінігі ағылшын тілі әдебиеттерінде (performance management, program management, result-oriented management және т.б.) қолданылады, аталған термин АҚШ-та және басқа елдерде кең қолданылады және мемлекеттік сектордағы басқару моделінің ішінде аталған нұсқа табысты түрде қолданылып жүр.

Қолданылып жүрген терминдердің көптігі моделді жетілдіруге көп көмек береді және әр елдегі мемлекеттік басқарудың түрлерін және деңгейлерін көрсетеді. Мемлекет әрекеттерінің тиімділігі мен нәтижелігі барысында мемлекеттік басқару секторының ашықтығына деген талапты арттыруда бір термин екі көрші елде мазмұны жағынан әр түрлі болуы мүмкін.

Мемлекеттік басқарудағы қолданыстағы доминанта ХХ ғасырдың орталығында АҚШ пайда болды және кейіннен дамыған елдерге тарады, содан кейін барлық әлемге тарады. Бүгінгі күні халықаралық ұйымдарды бағалау көрсетіп отырғандай биліктің атқарушы органдары ЭҚДҰ (экономикалық қызметтестік және даму ұйымы) құрамына кіретін елдердің шамамен 80% бюджеттік құжаттарда әрекеттерінің соңғы нәтижесін көрсететін ақпараттарға сүйенеді.

Қалыптасып отырған соңғы нәтижеге бағытталу және оны бюджеттік процеспен тығыз түрде үйлестіру симбиозы әр елде әр түрлі деңгейде;

Австралия, Ұлыбритания мен Жаңа Зеландияда менеджменттің жаңа моделін енгізу басқару жүйесін толық модернизациялау арқылы жүргізілді;



Дания, Ирландия, Канада, АҚШ, Нидерланды, Финляндия, Франция, Швецияда жаңа элементтерді енгізу бірінші кезекте жеке бағдарламалармен байланыстырылып жүргізілді, олар мемлекеттік секторға қарағанда басқа принциптер бойынша басқарылды;

Германия, Норвегия, Швейцарияда реформалау негізгі мемлекеттік қаржыландырумен байланысты болды және есеп беру құралы бюджеттік бағдарлама болды.

Нәтиже бойынша басқару моделінің эволюциясын АҚШ мысалында анық көруге болады. Аталған моделде мына кезеңдерді бөліп алуға болады:

Performance Budget (PB)- бағдарламалық-мақсатты бюджет (1949 - 1962 жж.);

Planning - Programming - Budgeting System (PPBS) – жоспарлау жүйесі -бағдарламалау - бюджеттеу (1965 ж.);

Management by Objectives (MBO) – мақсат бойынша басқару (1972 - 1975 жж.);

Zero - Based Budgeting (ZBB) - «нөлдік бюджет» концепциясы (1977 - 1981 жж.).

Бағдарламалық-мақсатты бюджет идеясының пионері 1949 жылы Гувер командасы болды. Оны федералдық бюджетке ұсынған варианты («performance budget»деп аталды) мемлекеттік атқару органдарының шығындарымен қоса, мемлекеттік қызметті орындау нәтижелерін көрсету керек болды және оған оң нәтижелер іздеп табу керек болды.

Келесі кезең, жоспарлау жүйесі - бағдарламалау – бюджеттендіру, алдыңғы нұсқаны жетілдіруге негізделді және бюджеттік бағдарламалау процессін детализациялаудан алшақтауға негізделді, соңғы мақсат мен нәтижені ескерусіз қалдырды. Жоспарлау шегі бір жылдан бес жылға дейін арттырылды және міндетті шешудің бірнеше жолдарын салыстыру принципі ұсынылды және олардың ішінен дұрысын таңдау принципі ұсынылды .

Басқару моделінің эволюциясының келесі кезеңі модификация болды, ол «Мақсаттар бойынша басқару» деген атау алды (MBO). Мақсаттар бойынша басқарудың нақты идеясы толықтай бизнестен алынды оны қолдаушы менеджмент бизнес-ұйымдарға тән. Алайда, нарықтық секторда көрсеткіштер мен тиімділіктер ашық мәнде және оны нарық қалыптастыратын болғандықтан онда аталған мәселе басқарушыларға проблема туғызбайды. Мемлекеттік секторда аталған көрсеткіштер жасанды түрде қалыптастырылады және оны жасау барысында нәтиженің спецификасын есепке алу керек және нәтижені құрылымдау үшін (құрылымдау) шығармашылық қажет болады. Мемлекеттік шығындардың әлеуметтік тиімділігін (нәтижелік) және экономикалық тиімділігі көрсеткіштерін қалыптастыру іс жүзінде ғылыми міндет болды.

Жүйенің эволюциясының келесі кезеңі Zero-Based Budgeting (ZBB) атауын алды, ол 1977 жылдан 1981жылдар аралығында жүзеге



асырылды. Ол бюджеттік қаржы мен бағдарламаны жүзеге асыру арасындағы нақты байланысты анықтады.

Жүйенің дамуының қолданыстағы кезеңі «Мемлекеттік мекемелердің қызметтерінің нәтижелігін бағалау туралы» Федералдық заңмен байланысты (GPRA) ол 1993 жылы қабылданды онда ресурстар мен нәтижелермен байланысты жоспарлар мен есептер жүйесі құрылды. Бірнеше федералдық министрліктерде пилоттық режимде апробацияланды, аталған жүйе АҚШ қазіргі уақытқа дейін қолданылып отыр және оның құрылымы мынандай: 5 жылға арналған стратегиялық жоспар, бір жылға арналған жұмыс жоспары, бір жылда атқарған жұмыс туралы есеп.

5.3. Нәтиже бойынша басқару элементтері мен негізгі түсініктер

ЭҚСНББ (экономиканың қоғамдық секторындағы нәтиже бойынша басқару және бюджеттеу) (УБРОСЭ) аясында басқару нақты элементтер арасындағы айырмашылықтармен жүреді.

1) Ресурстар: Өнім мен нәтиже алуға арналған қаржы мен еңбек шығындары. Өнім мен нәтижемен салыстыру тиімділік индикаторын және нәтижелікті тудырады.

Тиімділік = өнім/шығын

Нәтижелілік = нәтиже /шығындар

2) Процесс: Орындалу сатысындағы немесе жаңадан түскен жұмыс көлемі. Жұмыс көлемі мониторинг көрсеткіші болмайды, себебі ол нәтижесінде қандай өнім алғанын көрсетпейді.

Процесс көрсеткіштері: қызметті сұрайтын клиенттер саны; жөндеуді қажет ететін жолдың км.

Аталған мәліметтер бағдарлама жетекшілері үшін ғана маңызды, себебі жұмыс жүктемесін көрсетеді немесе жұмысшының нормативін көрсетеді.

3) Өндірілген өнім немесе ұсынылған қызмет.

Өнім ретінде ұйымның немесе оның жалгерлерінің аяқтаған жұмысын айтамыз.

Өндірілген өнім көлемі немесе ұсынылған қызмет көрсеткіштер арқылы өлшенеді:

- асфальтталған жолдың км.;
- қызмет көрсетілген клиенттер саны;
- білім алған тыңдаушылар саны.

ЭҚСНББ (экономиканың қоғамдық секторындағы нәтиже бойынша басқару және бюджеттеу) ЭҚСНББ (экономиканың қоғамдық секторындағы нәтиже бойынша басқару және бюджеттеу) **өнім мен нәтиже арасындағы айырмашылық нақты көрінеді!**


4) Нәтиже дегеніміз ол – бағдарлама мақсатына қол жеткізу прогресін көрсететін оқиға, құбылыс, бір жағдайдан екінші жағдайға өту, жағдайдың өзгеруі, позициясы.



Нәтиже бағдарламаның негізгі қызметімен байланысты.

Нәтиже дегеніміз ол бағдарлама өзі жүзеге асырған жұмыс емес ол бағдарламаның қызметінің салдары.

Сонымен қатар, **аралық және соңғы нәтиже болады.**



Сурет 26 – Өнім мен нәтиже арасындағы айырмашылық

Аралық нәтиже дегеніміз ол- соңғы нәтиже алуға мүмкіндік беретін нәтиже, ал оның өзі нәтиже болып табылмайды.

Қызмет сапасы дегеніміз ол – аралық нәтиженің есекше түрі:

Қызмет сапасының типтік сипаттары:

- қызмет көрсету мерзімдерін ұстану
- қызмет алуға қолжетімділік және қолайлылық (орналасқан орны, жұмыс сағаттары, қызметкерлердің болуы)
- дұрыс қызмет көрсету
- персоналдардың сыпайылығы
- берілетін ақпараттардың жеткіліктілігі
- мекемедегі клиенттерге арналған нысандардағы қолайлықтар және қауіпсіздік
- нысандағы жекелеген қызмет көрсету аспектілеріне қанағаттанушылығы
- жалпы қызметті алуға қанағаттанушылық деңгейі.

Соңғы нәтиже – ол жалпы бағдарламаны жүзеге асырудан алынатын нәтиже. Соңғы нәтиже ол денсаулық, қауіпсіздік,



академиялық жетістіктер, жұмыспен қамту, азаматтардың табыстары, қолайлы тұрғын жай аспектілері болуы мүмкін.

Соңғы нәтиженің индикаторлары мыналар болуы мүмкін:

- ауру деңгейінің төмендеуі
- тестілеу нәтижесінің жақсаруы
- анықталған стандарттардан төмен үйлерде тұратын отбасылардың аз болуы
- тұрғындардың нақты табыстарының артуы
- азаматтардың әлеуметтік көмекке тәуелділігінің азаюы.

Кейбір бағдарламаларға және/немесе жобаларға клиенттің қызмет көрсетуге қанағаттанушылығын соңғы нәтиже ретінде қарауға болады.

Аралық нәтижелер қызмет ұсынудың нақты әдістерімен байланысты.

Мысалы, көлдердегі су сапасын арттыру үшін аталған нәтижеге жетудің әр түрлі әдістерін пайдалануға болады:

- су ағысы құрылымдарын тазарту
- кәсіпорынға ағын суларды тазалау үшін қосымша техникалық көмектер көрсету
- ағынды суларды ластандыруға жол бермеу үшін билік органдарын қатаң заң шығаруы ынталандыру.

Қызмет көрсету үшін бағдарламада қолданылған тәсілдерден соңғы нәтиже өзгермейді.

Біз қарастырып отырған соңғы нәтиже мысалдары «Ашық сулардың тазалығын арттыру» болып табылады.

Аралық нәтиженің артықшылығы мыналар болып саналады:

Олар бағдарлама жетекшілеріне маңызды, себебі бағдарлама барысы туралы өзекті ақпарат береді (білім беру қызметінің сапасын қазір бағалауға болады, ал жұмыспен қамту нәтижесі біраз уақыттан соң белгілі болады);

Бағдарламаның барлық жағдайында да соңғы нәтижеге қарағанда бағдарламаға аралық нәтижелерге әсер етеді.

5.4. Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Министрліктер мен олардың құрылымдары мен элементтерінің стратегиялық жоспары.

Бүгінгі күні Қазақстанда әрекет етіп отырған мемлекеттік реттеу жүйесі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 840 Жарлығымен реттеледі.



Жаңа ереже құжаттарды үш деңгейге бөле отырып жаңа иерархия құруды көрсетеді.

Жаңа деңгейге мына құжаттар жатады стратегиялық бағыттағы құжаттар, оған негізгі басымдықтар кіреді:

- Қазақстанды 2050 жылға дейін дамыту стратегиясы,
- Қазақстан Республикасының 10 жылға дамытудың Стратегиялық жоспары,
- Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды кестесі,
- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы.

Екінші деңгейге экономиканың ірі секторын дамыту басымдықтарын көрсететін құжаттар жатады:

- 5 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамыту болжамы,
- 5-10 жылға арналған мемлекеттік бағдарламалар,
- салалық бағдарламалар.

Үшінші деңгейге нәтижеге жетудің бағыттары мен әдістерін көрсететін бірінші және екінші деңгейге шығарылған келесі құжаттар жатады.

Декомпозиция әдісі міндеттің мақсатын, мақсатты индикаторларын, көрсеткіштерін анықтайды:

- Орталық мемлекеттік органдарға 5жыл,
- Аумақты дамыту бағдарламасы 5 жыл,
- ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың стратегиялық дамуына 10 жыл.

Иерархияға бекітілген құжаттар бірлігі нәтиженің индикаторлары мен көрсеткіштерін анықтайды.

Бүгінгі күні облыстық бюджеттен қаржыланатын және Астана , Алматы қаласы бюджетінен қаржыланатын органдар В стратегиялық жоспар құрмайды.

Стратегиялық жоспардың құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

- миссия және көзқарас (видение);
- ағымдағы жағдайды сараптау;
- мемлекеттік органдардың міндеттері мен мақсаттарының стратегиялық бағыттары;
- мемлекеттік органның қызметтік мүмкіндіктері және тәуекелдің мүмкін болуы;
- нормативтік құқықтық актілер;
- бюджеттік бағдарламалар.

Миссия және көзқарас.

Миссия мемлекеттік органның болмысын, қоғамдағы мақсат пен міндеттерге тәуелді емес және бес жылдық жоспарлауға тәуелі емес қызметтік мақсаттарын анықтайды.

Көзқарас аталған қызмет саласының болжамды жағдайын көрсетеді, ол саланың бес жыл мерзімінен кейін келетін яғни стратегиялық жоспарда белгіленген нәтижесін көрсетеді.



Ағымдағы жағдайды сараптау.

Ағымдағы жағдайды сараптау стратегиялық сипатта, мемлекеттік органның қызметінің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді (шектеулерді) сипаттайды. Сараптамада анықталған барлық проблемалар стратегиялық бағытты, мақсат пен міндеттерді және тиісті мақсатты индикаторлар мен міндеттің көрсеткіштерін жасауға негізі болады.

Мемлекеттік органның қызметінің стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттері.

Стратегиялық жоспардың орталық мазмұндық бөлігі толық жүйені көрсетуі керек, ол бір жағынан мемлекеттік жүйенің құжаттарының иерархиясын көрсетеді және жоғары деңгейдегі құжаттарға бекітілген неғұрлым жоғарғы деңгейді көрсетеді, ал екінші жағынан стратегиялық жоспардың аналитикалық бөлігіндегі проблемалар мен шектеулерді көрсетеді. Стратегиялық жоспардың міндетті ретінде анықталған шаралар оның міндетін шешуге бағытталуы керек және соның негізінде соңғы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тікелей нәтижелерді қамтамасыз етуі керек.

Мемлекеттік органдардың қызметтік мүмкіндіктері және тәуекелдің мүмкін болуы мемлекеттік органның оның құрылымын жақсарту, персоналды жақсарту бойынша, мемлекеттік органды басқаруды жақсарту бойынша ішкі мақсаттарын көрсетеді. Онда мемлекеттік органның адами ресурстарын дамыту бойынша міндеттер көрсетілуі мүмкін. Аталған тарауда мемлекеттік органға міндеттер көрсеткішіне қол жеткізуге кедергі болатын және соңғы нәтижеге жетуге кедергі болатын тәуекелдер де көрсетілуі мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілер стратегиялық жоспар түріндегі немесе жалпы әрекет ету саласы ретіндегі негізгі реттеуші құжаттар тізімін көрсетеді.

Бюджеттік бағдарламалар – максималды түрде ірілендірген және жүйелендірілген бағыттар, оған бірегей баптар бойынша ресурстар шығындары кіреді.

Сонымен, аталған тарау материалдарына қорытынды жасай отырып, бүгінгі күні толық жүйе құру арқылы аяқталған және модельдің дамыған елдерде ұзақ уақыт бойы қызмет етуінің ұзақ тәжірибесі бар нәтиже бойынша басқару әдістемесінің эволюциясының әлемдік тәжірибесі аталған әдістің бірнеше артықшылықтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- бюджеттік қаржы шығын түрлерімен емес бағдарламалар бойынша немесе стратегиялық мақсаттар бойынша бөлінеді;
- бағдарламалар заңшығару органдары бекіткен стратегиялық басымдықтарға базаланады;
- бюджет қаржысы бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануды шығынның тиімділігін арттыру үшін сыртқы бақылаудан ішкі



бақылауға министрліктер мен басқа да атқарушы органдардың бақылауына ауыстырылады;

- нәтиже бойынша басқару жүйесі уақытта алынған нәтижелердің тұрақтылығынан есептеледі, жобаны жүзеге асыру тиімділігінен бағаланады алдыға қойылған мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалаудан және мақсатқа қол жеткізу мен міндетті шешудің әр түрлі сценарийі мүмкіндіктерін есепке алуды таңдау арқылы есептеледі;

- мемлекеттік органдар алдына қойған мақсатқа жетуде таңдаулары мен еркіндіктері бар, атап айтқанда олардың бөлінген қаржыны әр түрлі баптар арасында қаржыны қайта бөлу мүмкіндіктері болады. Сонымен қатар соңғы нәтижені арттыруға жауапкершіліктері болады;

- бюджет қаржысын шығындау жобасы мемлекеттік шығындар мен үкіметтің саяси мақсаттары арасындағы нақты байланысты көрсетеді.

Оқу-әдістемелік материалдар:

НББ (нәтижеге бағытталған бюджет) аталған жүйелерді әлемдік деңгейде пайдалануда қандай артықшылықтары бар?

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінде қандай деңгейлер бар? Қай елдің жүйесі осыны көшіріп алды?

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары нені көрсетеді және ол мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінде қандай рөл ойнайды?

Қолданыстағы мақсатты бағдарламаларға қандай мысалдар келтіре аласыз? Аталған бағдарламалар министрліктің стратегиялық жоспарынан тыс қабылданды? Қазақстанның қандайда болмасын министрлігінің материалымен 3 тапсырманы орындаңыз және тиісті сұрақтарға жауап беріңіз.

Мемлекеттік органның операциялық жоспары нені көрсетеді?

Мемлекеттік органның есебі нені көрсетеді және оның қажеті қандай?

Стратегиялық жоспар қандай бөлімдерден тұрады?

Мемлекеттің миссиясы мен көзқарасын қалыптастыруға қандай талаптар қойылады?

«Ағымдағы жағдайды сараптау» бөлімінің мазмұны қандай.

Мемлекеттік қызметінің стратегиялық бағыты қандай және оның мақсаттан айырмашылығы қандай?

Мемлекеттік органның мақсатты қалыптастыру талаптары қандай болуы керек?

Мақсатты индикатор дегеніміз не және оны қалыптастырудың талаптары қандай?

Міндеттер дегеніміз не олардың мақсатқа деген қатынастары қандай және олар қандай талаптарды қанағаттандыру керек?

Нәтиженің көрсеткіші дегеніміз не және оның мақсатты индикаторлардан айырмашылығы қандай?



Мемлекеттік органның қызметтік мүмкіндіктеріне қандай талаптар қойылады және мүмкін болатын тәуелдіктер қандай?

«Нормативтік-құқықтық актілер» тарауына қойылатын талаптар қандай?

«Бюджеттік бағдарлама» талаптарына қойылатын талаптар қандай?

Тапсырма 1 – «Нәтиже бойынша бюджеттеу моделі типінің» кестесі қандай

НББ моделінің типі	Бюджеттік шығындар мен нәтижелер туралы ақпараттар арасындағы байланыс түрі	Нәтиже туралы нақты ақпарат немесе жоспарлы ақпарат	Бюджеттік процес аясындағы шешілетін міндеттер
Демонстрациялық/аналитикалық			
Нәтижені есепке алатын бюджеттеулер			
Нәтижеге тығыз байланысты бюджеттеу			

Тапсырма 2 – «Мемлекеттік басқаруды бағалау моделін салыстыра сараптаудың» аналитикалық кестесін толтыру

Моделді бағалау критерилері	Моделдің атауы	
	Шығынды модель (аралас қаржыландыру)	Нәтижелі модель
Бағалау нысаны		
Қызметке қажетті бюджеттік қаржы көлемін анықтау		
Тиімділікті бағалау сипаты		
Бағалау көрсеткіштерін алудың негізгі бағыттары		

Тапсырма 3. Кеңестік дәуір елдеріндегі мемлекеттік басқару моделінің сипатын анықтау (Қазақстанда 2009 жылға дейін) New public management

Басқару қызметтері	Шығынды басқарудың дәстүрлі моделі	Модель New public management, шығынға бағытталған
Жоспарлау		
Ұйым		
Мотивация		
Бақылау		
Моделді қолдану нәтижесі		
Ескерту – автор құрастырған		



Өзіндік бақылау сұрақтары

Қазақстанның нәтижесіндегі мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеудің жаңа жүйесіне ауысудағы Қазақстанның мақсаты қандай?

2009 жылға дейінгі басқару мен жоспарлау жүйесіндегі кемшіліктерді сипаттаңыз?

Нәтиже бойынша бюджеттеу мен жоспарлаудың жаңа жүйесіне ауысудың алғышарттары қандай?

Дәстүрлі жоспарлау жүйесінің негізгі кемшіліктері қандай?

Дәстүрлі модель мен соңғы нәтиже тұрғысынан НББ моделінің (шығындық) модельі қандай?

НББ моделін қолдану қоғамға не береді?

НББ бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың негізгі критерилері қандай?

НББ мақсаты не болып табылады және оның басты нәтижелері қандай?

АҚШ бағдарламалық - мақсаттық бюджеттеуді қолданудың тәжірибесі мен оны дамыту концепцияларының кезеңдері қандай? Әр кезеңнің кемшіліктері мен артықшылықтары қандай?

АҚШ мен басқа елдердегі НББ арасындағы әдістемелік айырмашылықтар қандай? Осы тәжірибелердің қайсысын Қазақстанда қолдануға болады?

Негізгі әдебиет: 20-27; Қосымша әдебиет :11-17.



ТАРАУ 6. БИЗНЕСТЕГІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ КОНТРОЛЛИНГ ЖҮЙЕСІ (2 САҒАТ)

6.1. Контроллинг жүйесі ретіндегі жаңа мемлекеттік басқару әдісі

6.2. Мемлекеттік басқаруды бағалауды дамытудағы контроллингтік жүйе құру элементтері (әлемдік тәжірибе)

Тақырып мақсаты : жеке және қоғамдық секторда контроллинг құру моделін зерттеу, әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы жұмыспен қамтамасыз ету саласының көрсеткіштерін жоспарлауға сипаттама беру.

Ілмек сөздер: қоғамдық сектор контроллинг, «3-Е- модель», жаңа басқарушылық модель, қоғамдық сектордағы контроллинг, ресурстық қамтамасыз ету стандарты, нәтиже бойынша басқару және бюджеттендіру, нәтижелілік, индикатор, ұсынылатын қызметтер сапасы, тиімділік, аралық көрсеткіштер, қолжетімділік пен қамтамасыз етушілік көрсеткіштері.

6.1. Контроллинг жүйесі ретіндегі жаңа мемлекеттік басқару әдістемесі

Мемлекетті жеке тұлға немесе топ бетінше қанағаттандыра алмайтын қоғамдық бірнеше қажеттерді қанағаттандыруға жауап беретін институт ретінде түсіну немесе шығыны жоғары байланыс институты ретінде түсіну қазіргі заманғы экономикадағы орталықтандырылған түсінік болып табылады.

Мемлекеттің қызметін қалыптасқан күрделі қоғамдық организм қызметін ұйымдастырушы және өндіріс процесіне араласуды қамтамасыз ететін және қоғамдық тауарға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бөлуші ретінде дамыту қазіргі заманда мойындалған қажеттілік болып саналады.

Мемлекеттің және қоғамдық сектордың концепцияларының мемлекеттің немесе қоғамдық сектордың қызметтерінің оң немесе теріс болатын көп түрлілігіне қарамастан көбіне ұқсас жағы қоғамның жалпы игіліктерін қамтамасыз етуде қызметтері ұқсас. Сонымен қатар қазіргі заманда мемлекеттің тұрғындардың игілігіне қол жеткізу құралы маңызды және экономикалық, өнеркәсіптік, әлеуметтік, экологиялық басқа да саясаттың құралы болып табылады.

Экономикалық теориядағы дәстүрлі мектептің өкілдері негізінен оларға парадигма жағынан жақыны экономисттер. 19 ғасырдың соңында қоғамдық реттеу туралы және қоғамдық бақылау жүргізу мәселе көтерген , бұл жерде қоғамдық бақылау ұйымын экономикалық реттеу элементтерін құраушы ретінде қарастырған.



Сол уақыттағы және одан кейінгі дәуірге де танымал ғалымдардың бірі Дж.Б.Кларк болды, ол нарық та мемлекет те және адам да қоғам да өз бетінше бірнеше базалық құндылықтарды жүзеге асыра алмайды деп санады: олар жұмыспен қамту, игіліктер, адамдардың бірлестігі сезімі және басқа да адамзатқа қажетті экономикалық және рухани игіліктер.

Осыған байланысты оның теориясындағы жаңашылдық қоғамның экономикадағы сапалы жаңа рөлі болып табылады, себебі қоғамдық бақылау проблемаларына байланысты шешуді қажет ететін басқа да әдістер, этика мәселелері туындайды.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін мемлекеттің бастан кешірген қиындықтарының әсерінен бақылау мәселесі бірінші кезекке шықта (welfare state), онда «экономикалық игіліктер» әсерімен материалдық игіліктерге А.Пигу және макроэкономикаға Дж.М.Кейнс акцент берді.

Осы мерзімде дамып келе жатқан мемлекеттік сектор көлемі және табысты қайта бөлу, қоғамдық таңдау жасаудағы парламенттің рөлінің артуы мемлекет әрекеттерінің шығын бөлігіне қоғам тарапынан бақылаудың артуына алып келді. Ос мерзімде экономисттер оның тиімділігін арттыру әдістерін іздеді, ол кейін жаңа мемлекеттік менеджмент негізін құрады.

Сол 20 ғасырдың 70-80і жылдары жомарт әлеуметтік саясаттың әсерінен қалыптасқан бюджет дефициті және сол мерзімдегі қалыптасқан экономикалық дағдарыс қоғамның қоғамдық ресурсты жұмсауына бақылау әдісін тудырды. Артып келе жатқан ресурс тапшылығында мемлекеттік шығынға бақылау жасау және оны есепке алу бірінші кезекті мәселе болды, ол мемлекеттік басқарудың негізі болды.

20 ғасырдың 60 жылдары басталған мемлекеттік басқаруға тырысудың нәтижелерін бағалау тәжірибесін қолдана отырып, осы мерзімде дамыған мемлекеттердің мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне жалпы ауысуы басталды (New public managment).

Аталған концепцияның әдістемелік негізі басқару тәжірибесінің жеке сектордағы менеджмент жүйесіне күрт бұрылуы болды. Д.Осборн және Т.Геблер оны мемлекеттік басқару туралы негізгі түсініктің шынтуайтында ескі негіздің бұзылып жаңа «кәсіпкерлік рухтың» негізінде жаңаның құрылуы деп атап көрсетті.

Әдістеменің күрт өзгеруі мемлекеттің игіліктерін оның едәуір қаржы трансферттерімен бірге және субсидиясынан бас тартып қоғамдық секторға нарықтық қатынас түріндегі квази-нарықтық қатынастар деп аталатын экономикалық қатынастарды енгізуді көрсетеді. Мемлекеттік бюджеттің бөлу моделінен жетілдірілген моделге және квази-нарықтық қатынасқа ауысу мемлекет пен қазір клиент ретінде болатын азаматтар арасында өзара тиімді қатынас құруға мүмкіндік берді.



21 ғасырда мемлекеттік және квази-мемлекеттік құрылымдардың қызметтерінің тиімділігін жеке сектор аясында алған тәжірибе арқасында экономикалық сараптау қоғамдық сектордағы басқарудың ажырамас бөлігі болды. Жаңа мемлекеттік басқару қоғамдық қаржыны бақылау жүйесіне (қайта бөлуді бақылауды қоса алғанда), мемлекеттік қызметті ұйымдастыруға, қоғамдық сектордың тұрғындарға тауар мен қызмет ұсынуына, азамат-клиенттер тұрғысынан оларға көрсетілген қызметке қанағаттанушылық тұрғысынан жаңа сапалық өзгерістер енгізді. Сонымен қатар ел азаматтары аталған жүйеде адрестік принципте, жеке жауапкершілікте, серіктестік пен әлеуметтік әділдік пен серіктестік принциптерінде мемлекеттің қызметін орындаудағы клиенті де серіктесі ретінде белсенді агенттер ретінде қабылданды.

Әлеуметтік және экономикалық тиімділігі принциптеріне құрылған «жаңа мемлекеттік басқару» әр түрлі варианттарда әр түрлі радикализм деңгейінде англосаксон елдерінде енгізіле бастады кейін барлық әлемге тарады.

Егер де әдіснама тұрғысынан алғанда жаңа мемлекеттік менеджмент азамат пен мемлекет арасында экономикалық және әлеуметтік тиімділік принципіндегі квази-нарықтық қатынасты құруға негізделсе онда қолданылып отырған құралдарда жаңа менеджмент корпоративтік секторға тән әдістерге негізделеді. Бұл жерде Дж.Олсен басқарудың жаңа әдісінің бизнес-табиғатын сипаттау арқылы мемлекеттік басқарудың жаңа моделін - «супер-нарықтық мемлекет» деп атауды ұсынды.

Корпоративтік сектордан идея алынды және контроллинг әдісі жүйесі а алынды, ол аталған әдісті қоғамдық сектор аясында және оның ерекшеліктерінде жүзеге асыру барысында өзгеріп отырған нарықтық жағдайға және ресурстардың шектеулілігіне корпорацияның адаптивтілігі мен дамуын көрсететін барлық артықшылықтарды сақтап жаңа сипатқа ие болды.

Кесте 13- контроллинг концепциясының эволюциясы

КОНТРОЛЛИНГ КОНЦЕПЦИЯСЫ					
1960 жж.	1980 жж. соңы	1990 жж. басы	1990 жж. ортасы	1990 жж. соңы	2000 жылдан қазіргі күнге дейін
Басқару қызметі		Басқару концепциясы		Басқару жүйесі	
Басқарушылық есепке алу	Ақпараттық жүйе	Жоспарлау және бақылау	Координация	«Басқару - Басқару»	Координация, Келісу, интеграция, бақылау



Контроллинг шығынды басқару жүйесі ретінде, ақпараттық қамтамасыз ету негізінде	Контроллинг жоспарлау, бағалау барысында пайдалануға арналған ақпаратты жинақтау ретінде	Контроллинг жоспарлау мен бақылау ретінде	Контроллинг кері байланыс бойынша жоспарлауды жүзеге асыру мен басқаруды қамтамасыз ететін менеджмент қызметі ретінде	Контроллинг басқарудың мета-жүйесі ретінде	Контроллинг басқаруды, координацияны, басқару шешімдерін қбылдау келісімі мен бақылауды қамтамасыз етуші метафункция ретінде
Р. Манн, Э. Майер, Х.Й. Фольму т Ч. Хонгрэн, И. Глушенко, П. Фридман және т.б.	Т. Рейхман, П. Прайсслер, Х.Берр, А. Кармин-ский, Н.Оленев, С. Фалько және т.б.	Д. Хан, Х. Юнг, П. Хорват және т.б.	Дж. Ким, Х-Ю.Книппер, А. Зунд, А. Шмидт, Й. Вебер және т.б.	Х.Штайнман, Й.Шрайог, Е.А.Ананьин, Н.Ж. Данилочкина, С. Фалько және т.б.	Ж. Пич, Э. Шерм, Х. Штайнман А.Беккер, А.Дайле, И. Бородушко және т.б.
Ескерту – авторлар ақпарат көздері бойынша құрастырған [22]					

Сонымен, бүгінгі күні контроллингтің қолданыстағы мынандай концепцияларының бар екендігі туралы айтуға болады:

- контроллинг концепциясы, есепке алу жүйесіне бағытталған;
- контроллинг концепциясы, ақпараттық жүйеге бағытталған;
- концепция, басқару жүйесіне бағытталған;
- классикалық концепция, оған сәйкес жоспарлау және бақылау жүйелері бөлініп алынады сонымен қатар ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі бөлініп алынады, олардың арасындағы координацияны контроллинг қамтамасыз етеді;
- контроллингтің тәжірибелік концепциясы, онда контроллинг ұйымды мақсатты түрде басқару құралы ретінде қарастырылады.

Біздің ойымызша мемлекеттік контроллинг – басқарудағы абсолютты жаңа бағыт, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай аясындағы экономикалық процестерді мемлекеттік басқарудың жаңа бағыты, оған жеке механизм түріндегі экономиканы тікелей емес басқарудың (құралдық емес) жоспарлау, процесті болжау және әдістемелер кіреді.

Қазіргі заманғы трактовкаға сәйкес, мемлекеттік контроллинг қысқа мерзімді және ұзақ мерзімдік перспективадағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органдарындағы экономикалық жұмыстарының ерекше бағытын көрсетеді.

Сонымен, жаңа мемлекеттік менеджмент әдістемесі туралы мынандай қорытындыға келуге болады.



Мемлекет туралы және оның қоғамдық сектор ресурстарын және жеке секторды басқарудағы экономиканың рөлі туралы жаңа түсініктер жүйесі бизнес-сектор мен мемлекеттік сектор арасындағы айырмашылықтар түсінігіне негізделді.

Бірінші өз бастауын тауар мен қызмет өндіру ептілігі ретіндегі және оны нарыққа минималды тиімділікпен сатудағы тиімділік пен бәсекеге қабілеттілік принциптері базасы негізінде алады. Әділ бәсекелестік жағдайында фирманы басқару сапасын бағалаушы нақтылық пен ашықтық, автоматизм оны бизнес үшін еш қиындықсыз бағалайды.

Шектеулі ресурстар жағдайында әрекет ететін мемлекеттің басқа да жақтары (мысалы, шығын мен кіріс көздерінің сәйкеспеуі, қоғамдық тауарлар шеңберін анықтаудағы қиындықтар және т.б.) әлеуметтік міндеттермен ауырлап тұр. Баға мен шығынды реттеуші қажеттілік түріндегі құралдың болмауында егер де егер де бақылаудың арнайы енгізілген әдісі осыны тудырмаса мемлекеттік басқару нәтижені және шығынды өлшемейді.

Әр уақытта қабылданатын және мемлекеттік бақылаудың нормативтік-құқықтық базасының өнімі ретінде қабылданатын жеке әлеуметтік-экономикалық бағалар мемлекеттік биліктің жағдайды бағалаудағы тенденциялары мен жалпы ұлттық экономиканың дамыту механизмдері мен құрылымдық негіздері қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайды. Әдетте шығындарды қаржыны мақсатты пайдалануды бағалайды және бақылау процедурасының сыртында қалады. Оған мыналар жатады:

- мемлекеттік шығындардың өнімі мен соңғы нәтижесі қандай ?
- қызмет көрсету процесін қайта құруға бола ма?
- қызмет көрсетуге мемлекеттік шығын жұмсалғаннан кейін адамдардың игіліктерінде айырмашылық бар ма?
- қызметке кететін қоғамдық шығындар қандай және оны соңғы нәтижені төмендетіп алмай оны қалай қысқартуға болады және т.б.

Елдің экономикасын дамытуды реттеу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік билік органдары әлеуметтік-экономикалық жүйеге ақпараттық-аналитикалық баға беру қажет. Аталған бағалауға қолданылып отырған қажеттілік мемлекеттік билік органдарында тиісті процедураларды дамытуды тудырады (дамиды, мысалы , экономикалық мониторинг жүйесі дамиды) алайда алынған нәтиже әзірше қажеттіліктерге көлемі мен сапасы жағынан да сәйкес емес.

Мемлекеттік билік экономикалық тиімділіктер мен ақпараттық-аналитикалық бағалауды бағалаумен толық қамтылмауының негізгі себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- а) мемлекеттік билікте тиісті қызметтер мен әдістерді қалыптастыру аяқ астылық, интуитивтік сипатта болады;
- б) аталған процесті регламенттейтін нормативтік-құқықтық база жоқ;



в) аталған мәселе бойынша теорияның ғылыми талдаулары жоқ;
г) аталған салады унификацияланған әдістер жоқ;
д) аталған жұмысты жүргізуге қажетті ұйымдастыру формалары жоқ.

Мемлекеттік билік органдарының бағалаушы экономикалық ақпарат және нақты жағдайдағы қалыптасып отырған қарсылықтарды шешудің тиімді әдісі мемлекеттік контроллингті мемлекеттік сектор жүйесін спецификасындағы бейімделген ретінде енгізу болып табылады.

Сонымен қатар, бақылау органының жұмыс нәтижелілігін кешенді бағалау мен тиімділігін есептеу әдісінің жоқтығы бақылау қызметінің өзінің жүйелі және объективтік сараптамасы да қиындатады. Бақылау процесінің нәтижелерін мониторингилеуді пайдалану тәжірибесі де дамымаған. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын тиімділік бойынша жекелеген цифрлар бақылау қызметінде тұрақты жүйелі сараптаудың жоқтығын көрсетеді.

Мемлекеттік контроллингті контроллингтің бір түрі ретінде қарастыруға болады (кәсіпорында контроллингпен бірге) ол мемлекеттік билікті барлық экономикалық бағалау түрлерімен кешенді қамтамасыз ету қызметін орындауға тартылған (таза бағалау, тиімділікті бағалау, ақпараттық-аналитикалық бағалау).

Мемлекеттік контроллинг мемлекеттік басқарудың жүйе ішілік жүйесі ретінде қызмет етуі керек, ол өз мазмұны бойынша мемлекеттік басқарудың өзі қолдау мен қамтамасыз ету қызметіне сәйкес болуы керек.

Мемлекеттік контроллингтің ұсынылып отырған концепциясына сәйкес оның мәнділігі бағалаушы экономикалық ақпаратты басқару мақсатына қажет болып қана саналмайды сонымен қатар мемлекеттік билік органы мен басқарылатын экономикалық жүйе арасындағы кері байланысты қамтамасыз етумен де анықталады.

Мемлекеттік контроллингінің мазмұны мен принциптері оның негізгі мақсатынан шығады ол мемлекеттік басқару органдарына ұлттық экономиканың даму перспективалары мен жағдайын кешенді бағалауды материалдарын ұсыну және кері байланыс каналдарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік контроллинг мемлекеттік биліктің жеке институты бола алмайды, алайда мемлекеттік басқарудың және мемлекеттік билік органдарының құрылымы ретінде оның институционалдық болмысы бар.

Осыған байланысты мемлекеттік басқарудағы контроллингті әдістемелік қамтамасыз етудегі ғылыми талдаулар өзекті болып табылады және контроллингтің принциптік сызбасы ретінде де және бағалау әдістері ретінде де қажет.



6.2. Мемлекеттік басқаруды бағалауды дамытудағы контроллингтік жүйе құру элементтері (әлемдік тәжірибе)

Контроллинг ретінде кең мағынада менеджменттің жүйе ішілік жүйесі ретінде және оның тиімділігін бақылаушы ретінде ұйымды басқаруды қолдауды түсінеміз. Контроллинг мекемені басқару барысындағы шешім қабылдау процессін қолдау ретінде ақпараттық-аналитикалық қолдауға ықпал етеді (кәсіпорынның, корпорацияның, мемлекеттік билік органының) және ұйым менеджментінің нақты шешімдерін жазатын құрылым болуы да мүмкін.

Қазіргі заманғы контроллингқа кәсіпорынды басқаруды қамтамасыз ету жүйесін қамтиды, оған стратегиялық, тактикалық және жедел жоспарлау кіреді, негізгі көрсеткіштер жүйесі негізіндегі басқару, сапа менеджменті жүйесі, тәуекелді басқару жүйесі кіреді.

Контроллинг қазіргі заманғы менеджменттің құралы ретінде олардың әрқайсысы екі позицияда қаралады, оның әрқайсысы, бизнес-басқаруда нақтыланады және аталған процестің екі жағын көрсетеді:

Стратегиялық менеджмент жүйесін, ол ресурстарды пайдалау тиімділігін арттыруға құрылған және бәсекелестікті нарықтық орта жағдайында фирманың бәсекелестік артықшылықтарын құруға бағытталған.

Кәсіпорынның барлық қызмет салалары бойынша жоспарлау, жоспарды жүзеге асыру, бақылау, сараптау және басқарушылық шешімдер қабылдау барысында басшыларды әдістемелік қолдау мен кіріктірілген ақпараттық-аналитикалық жүйе.


Шындығында контроллинг мазмұны туралы екінші көзқарас болмысында біріншінің қолданбалы үзіндісі болып табылады, себебі нәтижесінде ақпараттық -аналитикалық және әдістемелік қамтамасыз ету сол мақсатқа бағынады яғни орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік нарықта фирманың бәсекелестігін арттыруға бағынады.

Контроллинг жүйесінің мазмұны стратегиялық менеджменттің негізгі шешілетін міндеттері тұрғысынан алғанда мына түрлермен ұсынылуы мүмкін. (Сурет 27)

Аталған моделге сәйкес алдыға қойылған мақсаттар мен талдаулар негізінде бизнес-процеске «ену» қамтамасыз етіледі немесе «inputs» (ресурстар) – персонал, құралдар, шикізат, қаржылық ресурстар және т.б. өнім құру барысында ресурстар «шығысқа» айналады немесе «outputs» – өнім формасындағы немесе қызмет формасындағы нәтижелер.

Өнім (немесе қызметтер) жүзеге асырылғаннан кейін соңғы нәтижені тіркеуге мүмкіндік береді, оны алдыға қойылған міндеттер мен мақсатқа қол жеткізу тұрғысынан бағалау қажет.





Сурет 27 –Өндірістегі бизнес-сектордың контроллинг сызбасы
Ақпарат көздерін пайдалану арқылы авторлар құрастырған [67-70]

Нақты мыналар анықталуы керек:

- фирманың мақсаттары мен міндеттері, мақсаттарға арналған индикаторлар мен көрсеткіштер санмен берілген. Аталған кезеңде көрсеткіштер жүйесінде мақсатты көрсету міндеті тұр ол кейін өлшенеді, бағаланады және бақылауға алынады.

Өндірістің қажетті факторлары анықталып және бизнес-процеске енгізілуі керек ол бақылауға алынады және үнемділік, тиімділік және сапа менеджменті стандарттарына сәйкестік талаптарды қанағаттандырушы бизнес -процестің көрсеткіштер жүйесінде бағаланатын болады.

Өндіріс жүйесінен шыққанда және нарықта әрі қарай жылжу кезеңдерінде оны жүзеге асыруға дейін аталған кезеңнің көрсеткіштері шығын тиімділігі тұрғысынан бақылауға алынады.

Өндіріс кезеңінде көрсеткіштерді бақылау (бірінші деңгей көрсеткіштері) және өнімді сату (екінші деңгей көрсеткіштері) жедел және тактикалық жоспарлау саласында да шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Нақты көрсеткіштердің жоспарлы көрсеткіштен ауытқуын анықтау және оны сараптау және осы негізде басқарушылықтық шешімдер қабылдау ауытқуды кемітеді және алдыға қойған міндеттерді уақытылы шешуге және мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.



Сызбадан көріп отырғандай корпоративтік секторда контроллингті ұйымдастыру мына мысалдарға негізделген:

- бастапқы (өндірістік) және екінші/соңғы (өндіріс + сату) нәтижелерді бөлу

- бизнес-процестің әрбір кезеңіндегі мониторинг және бағалау.

- сенімді ақпарат көздеріне сүйену қандайда бір процесс кезеңінде неғұрлым дәл мәліметтерді анықтау.

Аталған жағдайда мониторинг пен бағалау контроллинг қызметін орындауға арналған.

Мониторинг пен бағалау нысаны мынандай процестер мен тікелей нәтижелер болып табылады олар бәсекелестіктің тиісті принциптеріне негізделген (немесе ережелерге) олар:

- ресурстарды пайдаланудағы үнемділік,

- өнімді (қызметті) өндіру тиімділігі,

- сапа менеджменті стандарттарына сәйкестігі,

- өнімді (немесе қызметті) сату тиімділігі,

- бастапқы және екінші деңгейдегі нәтижеге жетуді бағалау және қажет болған жағдайда мақсат пен міндеттерді корректировкалау.

Жоғарыда айтып өткеніміздей контроллинг үнемі ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз етуге сүйенеді, ол мына талаптарға сәйкес болуы керек.

Ақпараттық қамтамасыз ету барлық бақылаудағы процесстерді қамтамасыз етуі керек және төменде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы керек:

- параметр негізі бойынша дұрыстығы (көрсеткіш сұратылғанға сәйкес);

- Параметр формасы бойынша дұрыстығы (көрсеткіш уақыт, өзгеру жиілігі және т.б. қатарына сәйкес келеді);

- көрсеткіш мәнінің шынайылығы (ақпарат нақты фактіге сәйкес келеді);

- сақтаудағы ауытқулар (хабарламада берілді);

- ақпараттың уақытылы берілуі (ақпаратты беру уақытын сақтау);

- беретін ақпаратқа қолжетімділіктің конфиденциалдығы қамтамасыз етілген;

- хабарды трансформациялаудың жоқтығына кепілдік.

Сараптау үшін берілетін уақытылығы мен дәлдігінің талаптары оны өндірісте, қоймада, бухгалтерлік және басқа да есепке алу орындарын анықтайды.

Бақыланатын және бағаланатын көрсеткіштер тікелей нәтижелерді ғана қамтып қоймайды (өнім өндірісі, өзіндік құнын, сапасын және т.б.) сонымен қатар екінші қатар көрсеткіштерін (адами ресурстарын дамыту қызметін, тәуекелдерді, салықтық жоспарлауды және т.б.) қамтиды.

Сонымен қатар, контроллингтік жұмыстың ядросын құрайтын базалық көрсеткіштер ретінде экономикалық көрсеткіштер ғана болып



табылмайды сонымен қатар ол тиімділік, рентабельдік, өнімділік және кейбір басқа да көрсеткіштер болады.

Себебі жаңа мемлекеттік басқару қоғамдық секторға корпоративтік саланың басқару саласының әдістерін енгізу, бұл жерде контроллингтің экономикалық мазмұны көптеген түсініктер мен категориялардың адаптациясын тудырады, сонымен қатар корпоративтік сектордың әдістерін мен принциптерін тудырады.

Жаңа мемлекеттік менеджменттің жүйе құрушы түсінігі мыналар болып табылады:


- Клиенттік орталықтық модель (customerization, customercentred model);

- нәтиже бойынша жауаптылық (accountability for results);

- соңғы нәтижелер (performance results);

- тиімділіктер мен үнемділік (effectiveness, efficiency, economy).

Контроллинг механизмінің оны қоғамдық секторға ауыстыру барысындағы трансформациясы біздің ойымызша мынандай түрде жүзеге сырылуы мүмкін (Сурет 28).



Сурет 28 – Экономиканың қоғамдық секторындағы контроллинг сызбасы (жұмыспен қамту саласындағы мысалдармен)

Авторлар құрастырған

Қоғамдық сектордағы басқару әдістері жүйесі ретінде контроллинг құралын пайдалану бюджеттің ресурстарын басқарудың экономикалық бағыттарын арттыратыны сөзсіз.

Мемлекеттік басқарудың жаңа теориясының принциптері (ережесі) ретінде классиктер мысалы Ж. Дж. Фридриксон «шығын мен



табыс қатынастарын бағалау мен сараптауды» ерекшелеп көрсетіп отыр.

Жаңа мемлекеттік менеджмент әдістемесі бойынша басқару тәжірибесін қоғамдық сектордың шығындарының мақсаттылығы принциптерінде дамыту, соңғы нәтиже бойынша бағалау, аралық және соңғы нәтижеге жауаптылық 20 ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттік менеджментті дамытудың басты бағыты болып табылады.

Экономикалық әдебиеттерде әдіснаманың сапалық эволюциясын және әдістеменің сапалық тәжірибесін эволюциясын көрсететін «Жаңа мемлекеттік менеджментті» дамытудың нақты үш кезеңін көрсетіп отыр:

Қызмет көрсетуді бағалау және тікелей, бастапқы нәтиже процестерін бағалау (output): 1 блок 2 сурет;

Қызмет көрсету варианттарының үнемділігін бағалау: 2 блок 2 суретте;

Алынған соңғы нәтижелерді оның сапасы мен тиімділігі тұрғысынан бағалау (outcomes): 3 блок 2 суретте.

Егер де бірінші кезеңде бағалау негізінен қызмет көрсету мен тікелей нәтиже сапасының процесін бағалауға ғана қатысты болса, онда екінші кезеңде бағалауға экономикалық тиімділікті бағалау әдістері қосылды, ал үшінші бағалау интегративтік сипатта болды және жүйелік нәтиже тұрғысынан және интегралдық нәтиже тұрғысынан қаралды.

Бірінші кезеңде АҚШ-та принципті түрде алдыңғы мерзіммен салыстырғанда бюджеттік процесті құрудың жаңа жүйесі енгізілді – (Performance Budget – PB)

Аталған жүйедегі негізгі тәсіл жүйелік тәсіл болды, онда жүйені дамыту тұрғысынан алғанда бағдарламаның сараптамалары болды қызмет көрсету процесіне арналған тиісті альтернативаны міндетті түрде іздеу және ең үздік жолдарды анықтау (өзінше реинжиниринг) салыстыру сараптамасы негізінде дұрыс шешімді таңдау негізгі тәсіл болды. Бір текті өнімдерді, қызметті немесе процестерді сараптайтын және соңғы нәтиженің тұрғысынан үздігі анықталатын бенчмаркинг деп аталатын әдіс аталған жүйеден дұрыс жүзеге асырылу координатын алды. Қызмет көрсету барысында ең үздік нәтиже әдістерін іздеу (бүгінгі күні стандарт және регламент деп аталады) қызмет көрсетудің соңғы нәтижелеріне қол жеткізу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Қоғамдық сектордың ресурстарын шығындау процесінен мемлекеттік қызметті орындауға, нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қызметті жүзеге асыруға ауысу бірінші кезең негізін көрсетеді.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау институтын дамытудың **Екінші кезеңі** игілікті мемлекет дағдарысымен байланысты және қоғамдық сектордың бюджет профициті барысында және азаматтардың әл-ауқатын теңестіру бағытындағы өзіне жүктеп



алған әлеуметтік міндеттердің көптігімен байланысты. Аталған модель АҚШ PPBS (Programming, Planning, Budgeting System) атауына ие болды.

Мемлекеттік бюджеттегі пайда болған ресурстар дефициті және мемлекеттік операторға қоғамдық қызығушылықтардың және қажеттіліктердің төмендеуі министрліктердің (агенттіктердің) қызметін қатаң бөлуді туғызып отыр.

Әрбір министрлік (агенттік):

- барлық орындалатын қызмет түрлеріне сараптама жасау керек болған (қызметтік сараптама);

- оларды нақты бір әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бағдарламаларға немесе жекелеген міндеттер блоктарына топтастыру;

- мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін міндеттер мен шаралардың иерархиясын құру;

- аталған иерархияны базалық элементтерге дейін жеткізіп және бағдарламаны жүзеге асыру бағасын анықтау үшін бағдарламаның әрбір элементтерінің орындалуы шығындарын бағалау.

Мысалы, Ұлыбританияда реформаның нәтижесінде аталған қызмет саласына жетекшілік етіп нәтижесіне жауап беретін министрліктермен қоса арнайы агенттіктер пайда болды (Next step agencies) олар алдыға қойлған жоспарларды жүзеге асырумен айналысады. Ол тәжірибе азаматтардың қажеттіліктерінің ашықтығын арттыру мақсатында қызметті стандартизациялау мен унификациялау және мемлекеттік құрылымның қызметтерін регламентациялаумен қатар жүргізілді.

Аталған кезеңнің болмысы ол коммерциализациялау принциптеріндегі жаңа мемлекеттік менеджментті құру болды, яғни кәсіпкерлік принциптерді кристаллизациялау, оның бизнестегі көрсеткіші контроллинг жүйесі болып табылады.

Менеджериялдық революция барлық дамыған елдерде қарқындылық деңгейінен өтті институционалдық жүйеде және оны қамтамасыз ету механизмдерінде айырмашылықтары болды, нәтижесінде қазіргі заманғы дамыған елдер бағалау жүргізуде нықты тәжірибелері бойынша және процедуралары бойынша аздаған айырмашылықтары бар. Сонымен қатар осы барлық елдерді біріктіретін жалпы идеялар мен ондағы мемлекеттік менеджмент -ол бюджеттік қаржыны үнемдеуге қойылатын акцент болып табылады.

Мемлекеттік менеджменттің негізгі өзегі аудит позициясында бағалау болды және бюджеттік қаржыны тиімсіз ұстау, ведомстваларға реструкция жасағаннан кейін және қызмет реейжирингінен соң мемлекеттік аппаратты қысқарту, бірнеше мемлекеттік қызметтерді экономиканың басқа да секторларына беру негізінде мемлекеттік аппаратты қысқарту болды.



Өзара бәсекелестікте болатын және бірдей институциялық аяда әрекет ететін көптеген альтернативті жеткізушілерді тудыру және құру. Мемлекет жетекшілік ететін салаларда бәсекелесті нарықтың пайда болуы азаматтарға арналған ұсыныстардың диверсификациясын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал оның механизмдері аутсорсинг контрактысы немесе мемлекеттік қызметтердің монетизациясы болады. Қандайда бір механизмдерді қолдану қоғамдық игіліктер ерекшеліктерімен және тиісті нарықтағы бәсекелестік деңгейімен байланысты.

Азаматтарға нарықтық түсініктегі тұтынушы статусын беру мемлекеттің қатынастарының идеологиясын ауыстыру болып саналмайды, себебі қоғамдық игіліктердің тапсырыс берушісі және оны тұтынушы қоғам болып табылады. Контроллинг құралдарын иеленіп алу және оны қоғамдық секторда пайдалан мемлекеттік шығындардың экономикалық мәселелерін шешу міндетін орындайды, алайда демократиялық мемлекеттің идеясының өзін алмастыра алмайды.

Үшінші кезең – нәтижеліктің тиімділігі мен өнімділігінің тұрғысынан алғанда үнемі бағалау жасаумен байланысты және әлеуметтік тиімділікті бағалаумен байланысты. Ол кезең көбінесе мақсат бойынша басқару деп те аталады (Management by Objectives – MBO).

Екінші кезеңге қарағанда нәтиже бойынша сыртқы бағалаудан басқа ішкі бағалау да пайда болып отыр, ол оперативті менеджмент туралы көзқарастың негізгі көзі болып табылады.

Төртінші кезең – қазіргі заманғы дамыған елдерде жүзеге асырылады қоғамдық сектордағы басқарудың жаңа тәсілін көрсетеді, ол шешім қабылдауға қатысушылардың кеңейтілген тобы. Шешім қабылдаудың көп субъектілігі және оны жүзеге асыру барысында мүдделі тұлғалар тобына бағытталу төртінші кезеңнің негізгі мазмұны болып саналады.

Қазіргі заманда нақты нәтижеге қол жеткізу үшін «нақты, шынайы және өлшенген нәтижелерді алу үшін көптеген департаменттерді, мемлекеттік деңгейлерді, академиялық орта мен қоғамдастықтарды біріктіріп жатыр» ол мақсат пен міндетті құрудың оны бағалау әдістеріне жаңа тәсілдерін талап етеді.

Барлық төрт кезең үшін басқару тиімділігін бағалау әдісінің әр түрлі сипаттары тән болды.

Бірінші кезеңде М.Вебер мен Ф.Тейлор бойынша классикалық басқару теориясынан шығатын бағалау едәуір деңгейде технократтық сипатта болды, яғни басқаруды рационализациялау міндеті көрініп тұрды. Ол тәсілде бағалау мыналармен байланысты болды:

- қызметтерді мемлекеттік құрылымдар мен, бөлімшелердің, мамандар арасында нақты бөлумен;



-еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастырумен, яғни қызметті орындау уақытын минимизациялау, дайындалған процестерді орындауды ұйымдастыру және т.б.;

- мемлекеттік қызмет жұмыстарының қалыптасқандығына,

- мемлекеттік органның әрбір қызметкерінің жұмыс орынындағы қызметін орындау сапасына және профессионализмі (Кесте 14).

Еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру мемлекеттік органның міндеттерінің орындалу тиімділігін арттыруға көмектесті, яғни міндеттерді артық шығынсыз және уақытты артық кетірмей тезірек орындауға, әрекеттің реттілігін дұрыс құруға көмектесті.

Мемлекеттік құрылымның жұмысын ұйымдастыру проблемаларын іздеу мен идентификациялау үшін стратегиялық сараптау (SWOT-анализ) миға шабуыл, Дельфи әдісі қолданылды.

Бағалау әдістері мемлекеттік басқарудың тиімділігін технократтық түсінуге сәйкес болды: жұмысты орындауда уақыт пен ресурстарды үнемдеу және тікелей нәтиже алу.

Екінші кезеңде аталған технократтық менеджменттің рационализацияланған тәсілі тиімді сеніп берілген қызметтерді орындау барысында шығынды кеміту акцентімен сараптаудың жаңа әдістерімен толықтырылды «шығындар-тиімділіктер» түріндегі.

Кесте 14 – Жаңа мемлекеттік басқарудың және бағалау әдістерінің даму кезеңдері

№	Кезеңнің атауы	Трансформация мазмұны	Бағалау түрлері	Бағалау әдістері
1	Бағдарламалық - мақсатты бюджет РВ (Performance Budget)	1) Жүйелік сараптама және қызмет көрсету процесін рационализациялау 2) Процесті үздік орындау үшін альтернатива іздеу және тікелей нәтижелер алу	Қызмет көрсету процесін бағалау және тікелей бастапқы нәтиже алу (output)	SWOT-анализ Брейнсторминг (миға шабуыл) Метод Дельфи
2	«жоспарлау – бағдарламалау – бюджеттеу» жүйесі PPBS (Programming, Planning, Budgeting System)	Мемлекеттік акценттеу тәсіліне деген экономикалық орталықтық тәсіл. Қоғамдық сектордың ресурстарын үнемдеуге акцент беру, аудит, тиімсіз шығындалып жатқан қаржыны анықтау	Жұмсалған ресурстарды ғана есепке алу емес қызмет көрсетудің варианттарын таңдауды бағалау сонымен қатар жүзеге асырылмаған альтернативалардан түсетін тиімділіктер	Сараптау әдістері «шығындар-тиімділіктер» (cost-benefit analysis): экономикалық-математикалы, эконометрикалы қ
3	«мақсаттар бойынша басқару» жүйесі	Басқаруды тиімділіктің сандық және сапалық	Аралас бағалаулар, оған ресурстарды	Сараптау әдістері «шығындар -



	(Management by Objectives)	критерилерін бірігей есепке алу қажеттілігінен басқаруды күрделендіру	үнемдеу және нәтиженің әлеуметтік тиімділіктері кіреді. Өмір сапасы жалпы қабылданған денсаулық индекстері арқылы және адами даму арқылы есепке алынуы мүмкін	тиімділік» және «шығындар - пайда» (cost-effectiveness, cost-utility analysis)
4	«Соңғы нәтижелер бойынша басқару» жүйесі (Performance-Base Budgeting – PBB)	Соңғы нәтижеге бағытталу және барлық мүдделі тұлғалардың қызығушылықтарын есепке алу «стейкхолдерлер» Бағалаудағы аралас тәсілдер	Аралас тәсілдер: эксперттік, аудиторлық, мемлекеттік бағдарламаларды оның нәтижесі бойынша коррективтік	Сапалық және сандық сараптау әдістерінің үйлесі
Авторлар құрастырған				

Мемлекеттік саясатты қалыптастыруда экономикалық тәсілдердің әр түрлі салалардағы күшті позициясы аталған бағалау әдістерін кең таратуға алып келді» деп жазды аталған мерзімдегі зерттеушілердің бірі Е.Р.Хаус.

«Шығындар-тиімділіктер» әдісін дамыту мақсатқа жетудің альтернативтік варианттарының біреуін таңдау формасындағы міндетті шешу варианттарын салыстыру ғана болып табылмайды, сонымен қатар ресурстарды қолдану салдарынан жүзеге асырылмаған міндеттер тиімділігін жіберіп қоя болып табылады. Ұлттық басымдықтар тиімділіктермен байланысты, ал шығындар ол жүзеге асырылмаған альтернатива жіберіп алынған тиімділіктерінің плюсы, жобаларды орындауға пайдаланылған ресурстар.

Соңынан мыналар белгілі болды, бюджеттік ресурстарды үнемдеудің нақты белгілері бойынша тиімділікті өлшеудің сандық әдістеріне акцент берудің бірнеше кемшіліктері бар, оған бағдарламаның немесе қызметтің шығаратын өнім сапасын жоғалту жатады. Мысалы, жұмыссыздарды оқытуда оқыту топтарын максимизациялау арқылы немесе бір оқытушының сағат жүктемесін максимизациялау принципі бойынша минималды шығындарын таңдау соңғы өнім сапасының төмендеуіне –кәсіби даярлық сапасының төмендеуіне ұрындырады.

Қызмет көрсету уақытын қысқарту да мысалы, керең мүгедектерді сүйемелдеу қызметін қысқарту қызметтің минималды шығынын тудырады ал клиент қызметке қанағаттанбайды, себебі оның өмірлік



мәселелері шешілмей қалады, ал мүгедекті сүйемелдеу уақыты жеткіліксіз болады.

Қызмет көрсетуді унификациялауда сапалы қызмет көрсетуден айырылып қалу және оған кететін шығынды минимизациялау аталған әдісті дамытуда теріс әлеуметтік нәтижелерге соқтырды.

Аталған кемшіліктерді жоюға нәтиже бойынша басқарудың үшінші кезеңінің менеджерлері бағытталды. Игіліктерді алушылардың көзқарастарын бағалаудың экономикалық есептеріне қосымша «стейкхолдерлер» алынған игіліктерді сапалық бағалау жаңа әдістің дамуын тудырды ол «шығындар-тиімділігі» немесе «пайда-шығындары».

Осы кезеңде екі базалық түсінік пайда болды, олар бүгінгі күнге дейін өте қарапайым және есептерді орындауда қарапайым және алынған нәтиженің болмысын көрсетеді:

Efficiency – нәтижелік, экономикалық тиімділік ретінде түсіндіріледі, айтарлықтай шығындар, өнімділік, өндірістік. Нақты алғанда аталған баға қаржылық-материалдық тиімділікке ұқсас, ол өнеркәсіптік өндірісте қалыптасады.

Effectiveness – әлеуметтік тиімділіктер, сапалық нәтиже. Ол неғұрлым күрделі сапасы әр түрлі бағалау, ол қоғамдық игіліктермен қоса күрделі спецификаны көрсетеді. Ол бағалау нақты жағдайларда өз трактовкасы мен өз тәсілдерін талап етеді.

Аталған проблемаға қатысты Ж.Дж.Фредериксон өз негіздемелерінде «әлеуметтік әділдік» түсініктерінен алды онда қоғамдық сектордың барлық азаматтардың өмірлік деңгейін жақсарту ептілігін түсіндірді.

Мысалы, қарттар мен кәрілерге ұзақ мерзімдік күтім жасау жүйесіндегі әлеуметтік әділдік ретінде сақтандырулары тең болған жағдайда тең қызмет көрсету ретінде, өмірді қамтамасыз етуге қажетті қажеттілікті қанағаттандыру сағаттарының қолжетімділігі тең болу түсіндіріледі. Қаржыландырудың қандайда болмасын механизмдері горизонталды және вертикалды әділдікті нығайтуға ықпал етуі керек, онда мұқтаждықтары мен мүмкіндіктері бірдей азаматтар төлейді (горизонталдық аспект) бірдеу қолдауға қол жеткізер еді, ал мұқтаждығы көп азаматтар (вертикалды аспект) көп қолдауға ие болар еді.

Қазіргі заманғы неғұрлым практикалық трактовкада әлеуметтік тиімділік «азаматтарға ұсынылатын қызметтердің көлемі мен сапасына қатысты маңызды тиімділіктерге қол жеткізу деңгейі» ретінде анықталады. Осы контексте әлеуметтік тиімділік мемлекеттің нақты бір әлеуметтік топтар мен құрамдардың талаптарын қанағаттандыру ептілігі ретінде қабылданады.

Яғни әлеуметтік тиімділіктің:

- неғұрлым абстрактылы, саяси нәтижелері болуы мүмкін, ол жалпы қоғамдық игіліктерді ұсыну түсінігінің жүйесіне қатынастың



макродеңгейде өлшенеді. Ол екінші деңгейдегі нәтижені идентификациялау нәтижесі ретінде. Егер де жоғарыда аталған ұзақ мерзімдік күтім жасау туралы айтатын болсақ, онда қоғамның барлық мүшелері қоғамда жұмыс істейтін норма мен ережені әділ түрінде бағалаулары керек.

- аталған жүйедегі әрбір азаматқа көрсетілетін игіліктер немесе қызметтерді кейде жеке адам көрсетеді. Ол бастапқы деңгейде нәтиже көрсету ретінде идентификацияланады. Бұл жерде бағдарламаның көптеген клиенттері оны оң бағалап және өмір сүру сапасын жақсарту, денсаулық, жалпы игіліктер алу түріндегі әсер ретінде түсінуі керек.

Бағалаудың күрделілігі және оған кететін шығынның көптегі «effectiveness» (әлеуметтік тиімділік) мемлекеттік органның бағдарламасын және қызметін бағалаушы эксперттердің «efficiency» нәтижесіне басымдық беруін көрсетеді. Тікелей нәтижені бақылау, операцияндау және сандық тұрғыдан бағалау жеңіл. Сондықтан мемлекеттік басқарудағы көптеген практиктер тиімділікті айтарлықтай шығындар аспектісінде қарау немесе бағдарламаның өнімділігі тұрғысынан қарау жеңілірек.

Аталған параграфта берілген зерттеулерге қорытынды жасай отырып мыналарды айтып өту қажет. Жеке секторда қолданылатын контроллинг жүйесі менеджменттің дайын кестесі болып табылады, оның экономикалық логикасы оны мемлекеттік басқару негізіне алуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік басқару өзінің дамуының нақты кезеңінде яғни басталуы 20 ғасырдың 60-шы жылдары деп танылған, қоғамдық қаржының созылмалы дефициті пайда болуына байланысты, мемлекеттің көптеген әлеуметтік бағдарламаларының шығынының көптігінен және олардың қоғамның проблемаларын шешуі мүмкіндігінің болмауынан реформалаудың қажеттігін сезінді.

Бұл жерде контроллинг және бағалау процедуралары құрал ретінде қабылданды, олар мемлекеттік менеджментті жақсартуға епті, қоғамдық шығындар жүктемесін төмендетуге ептілігі бар және олар мемлекеттік менеджменттің негізгі элементтері болды, «жаңа мемлекеттік менеджмент» деген атау алды.

Э.Шуманның «Бағалауды зерттеу» жұмысы 1967 жылы пайда болды, ол мемлекеттік менеджменттің құралы болуға мүмкіндігі бар бағаны білімнің жаңа саласы ретінде қараудың алғашқыларының бірі болды.

Х.Вольманның ойынша бағалау құралын бастапқыда мемлекеттік басқару тәжірибесіндегі нақты бір саясаттың тікелей нәтижелерін жақсарту құралы ретінде қолдануға тырысты, кейін экономикалық шығындарды бағалау ретінде қолдануға тырысты және үшінші кезеңде ғана бағалау мемлекеттік басқарудың интегралды толыққанды бөлігі болды.




Бағаның мәні қоғамның барлық деңгейлерінде мойындалған болды: саяси, экономикалық, әлеуметтік. Бағалау нәтиже мен шығынның өлшемі ретінде және бизнеске тән тиімділік санаттары мазмұнын толтырушы ретінде және контроллинг құралы ретінде бүгінгі күні мемлекеттік басқаруға енгізілді. Мемлекеттік органдар жұмысын ұйымдастырудың бюрократтық моделі тиімділігі түсінігінен М.Вебер бойынша қаржылық шығындар орталығына және нарықтағы сияқты оның сыртқы нәтижелеріне ауысуды орындалған факт ретінде санауға болады.

Бүгінгі күні бағалау саяси нәтиже ретінде түсіндіріледі, яғни «бағдарлама аясындағы ақпаратқа оның сипатына бағдарлама туралы талқылау шығару үшін және нәтижесіне жүйелі шолу жасау оның тиімділігін арттырады және\немесе болашаққа жоспар құру тиімділігін арттырады»

Бағалау интегралдығы, тек экономикалық (efficiency) емес сонымен қатар әлеуметтік нәтижелерді есепке алуды (effectiveness) total quality management жүйесімен салыстыруға болады, оған экономикалық, психологиялық, әлеуметтік, кәсіби компоненттермен қоса бірнеше басқа да процесс сипаттары кіреді.

Тәуекелді есепке алу, бизнес-менеджментке және контроллингке тән және сыртқы және ішкі ортаның нәтижесі болып табылады, сонымен қатар жаңа мемлекеттік менеджментте көрініс тапты.

Мемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін бағалауға арналған процедуралардың көптігі 29 суретте көрсетілген.



Сурет 29 – Жаңа мемлекеттік менеджмент әдіснамасы аясындағы бағалау түрлері.

**Автор құрастырған*



Қоғамдық сектордағы контроллингтің күрделілігі мынадан көрінеді, ашық нарықтық құралдар жоқ жерде бағалаудың индикаторларын таңдау (табыс, рентабельдік) өте қиын, яғни бағаланып отырған құбылысқа индикатордың толық адекваттығына қол жеткізу үнемі мүмкін бола бермейді. Индикаторларды бағалау уақытпен және ресурстық шығындармен байланысты сондықтан оны үнемі қарапайым және адекваттылық (парапар) болмайтын жеңіл жиналатын мәліметтермен алмастырады.

Бағалаудың көптігі қоғамдық сектордағы нәтижеге тікелей қолдануға мүмкін болмайтын нарықтық механизмдермен аналогын жүзеге асыру үшін қажет. Әсіресе ол effectiveness және оның efficiency-ге қатынасын бағалауға қатысты, ол арнайы процедураларды, сараптамалық бағалауларды талап етеді.

Дамыған және дамушы елдердегі жаңа мемлекеттік менеджмент жүйесіндегі контроллинг кезеңдерінің ерекшеліктері.

Контроллинг жүйесін енгізу идеясына қарамастан мемлекеттік басқару бастапқыда англосаксондық елдерде пайда болып бекітілді (Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Жаңа Зеландия) содан кейін континенталды Европа елдерінде пайда болды, жаңа мемлекеттік менеджменттің институционалдық негіздері қолданыстағы моделде айырықша ерекшеленеді. Қабылданатын формалар мен әдістердің әр түрлілігі бірінші кезекте мемлекеттік басқарудың жоғары децентрализациясымен аумақтық және жалпы ерекшеліктермен анықталады. Әр түрліліктің жоғары деңгейіне қарамастан ЭҚДҰ елдері жаңа мемлекеттік басқару әдістерінде лидер болып табылады.

Жаңа мемлекеттік басқаруды дамытудың төртінші кезеңінде **АҚШ** тиімділікті бағалауды дамытудың пионері болып табылады, ол 1993 жылы «Үкіметтің жұмысын өлшеу туралы» Заңын қабылдаудан басталды (Government Performance Results Act of 1993) және «балансталған бюджет туралы» Заңын қабылдаудан басталды (1997 ж.). Заң мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырушы мемлекеттік органдарды әрбір бағдарламаға мақсат анықтауға міндеттеді, алдыға қойылған мақсаттың нәтижесін өлшеуге міндеттеді және қол жеткізілген прогресті ашық талқылауға міндеттеді. Бұл жерде субсидия көлеміне емес қызмет түрінде ұсынылған және клиенттің қанағаттанушылығы түріндегі жұмыс нәтижесіне көңіл бөлінді.

GPRA шараларының негізін бағалауды эксперттер «мемлекеттік басқару жүйесінің маңайында жобаланған негізгі тактикалық міндеттер мен мақсаттардың және оны жетілдірудің тұрақты процесін анықтау» ретінде бағалады. Тағы да «клиенттерге арналған жағдайларға және олардың аталған қызметтерге қанағаттанушылықтарына» акцент жасалды. GPRA -тің негізгі элементі стратегиялық даму жоспары бес жылдан кем уақытқа есептелді және жұмыс нәтижесінде қол жеткізілген нәтижелер мен мақсаттар, миссия туралы жыл сайынғы есеп болды. Заң бағаны бағалауды анықтауға анықтама берді (program



evaluation) онда «федеральдық бағдарламаның алдыға қойылған мақсатқа жету деңгейін объективтік өлше арқылы және жүйелі түрдегі сараптаулар арқылы бағалауға» анықтама берді.

Аталған заңның негізгі мақсаттарының бірі басқаруды жетілдіру ғана емес сонымен қатар мемлекеттік үнемі өз жұмысының нәтижесі бойынша есеп беруге мәжбүрлеу және оған жауап беру болды.

Мемлекеттік басқаруды дамытудың келесі қадамы АҚШ кезекті президентінің бастамасымен байланысты болды, онда саясатты, федеральдық шығындарды жан-жақты талқылау арқылы ұлттық тиімділікті бағалап оны зерттеу болды және үкіметтің және оның ведомстволық құрылымдарының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау. Контрактылық мемлекет идеясы қызметті тұтынушы мен тиімді қызмет көрсететін қоғамдық сектор арасында контракт жасау мүмкіндігімен көрінді.

Осы мерзімде ішкі аудит пайда болды ол ішкі тексерудің мобильді және конструктивтік әдісі ретінде болды, онда неғұрлым құзырлы жұмыскерлер уақытша ұжымға біріктіріліп экономикалық және әлеуметтік тиімділікті арттыру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуді тарату кестесін жасады.

21 ғасырдың басында мемлекеттік менеджменттің тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар тұрақты болды ол ұйымдастырушылық өзгертулер арқылы жүрді және бағалаудың жаңа әдістерімен, айрықша консервативті ретінде танылған құрылымның орнына жаңа құрылымдардың пайда болуы арқылы жүргізілді.

Кейіннен пайда болған рейтингілік бағалау әдісі (Program Assessment Rating Tool, PART) төрт бөлікті қамтыды: бағдарлама мақсаты және оның құрылымы, стратегиялық жоспарлау, бағдарламаны басқару және оның нәтижелері. Сауалнаманың сұрақтарының әрбір жауаптарына сандық баға қойылды, ол кейін нақты бір салмақпен сомаланды: бірінші және үшіншісінің салмағы 20%, екіншісі – 10%, ал нәтиже туралы тарауға 50% берілді. Алынған нәтиже сапалы индикаторлар шкаласы бойынша бағаланды:

- тиімді (бағдарлама);
- шамалы тиімді;
- адекватты;
- тиімсіз;
- нәтиже идентифицирленген жоқ. Мәліметі аз бағдарламалар және мерзімі аз бағдарламалар осындай статус алды.

Жаңа бөлімшенің жетекшісі

Административтік-бюджеттік басқару (Office of Management and Budget) стратегиялық жоспарлау мен бюджеттік процесс арасындағы байланысты анықтау үшін аталған әдістің мүмкіндіктеріне көңіл аударды.

Сараптау мен бағалауды административтік-бюджеттік басқарма қызметкерлері жүргізді, алайда нақты ведомстволардағы бағдарламаны



тікелей жүзеге асырушы мамандардың қатысуы әбден мүмкін еді. Егер де ведомство қызметкерлері бағалау нәтижесімен келіспеген болса онда олар тағы да бағалау жасауды талап етуге мүмкіндіктері болды немесе бағалаудың альтернативтік процедурасын ұсынуға мүмкіндіктері болды.

2009 жылы PART әдісі сараптаудың, бағалау мен жұмыс нәтижесін жақсартудың жаңа әдісімен алмастырылды.

Жаңа әдіске сәйкес министрліктер мен ведомстволардың жұмыс нәтижесі туралы нақты ақпарат алудың жаңа әдістеріне сәйкес және ведомствоның қызметін жетілдіру үшін немесе нақты бағдарламаны пайдалану біріне бірі тәуелді емес құрылымдар бойынша бөлінді..

Ол «Үкіметтің жұмыс нәтижесін өлшеу туралы» жаңа Заң қабылдаудан көрінді. Әрбір агенттіктерде екі лауазым құрылды, олардың қызметі мақсатты көрсеткіштерді орындаумен байланысты болды:

- басты операциялық директор, ол оперативті менеджментке жауап береді және мақсатты көрсеткіштердің орындалуына бақылау жасайды;

- қызмет нәтижесін жетілдіру бойынша директор, ол процестерді оңтайландыруға және қызмет көрсету алгоритмдеріне немесе бағдарламаның міндеттерін орындауға жауап береді.

Стратегиялық жоспарлаудың элементі мемлекеттік ведомствоның негізгі мақсаттары болып қала береді, ол осыған сүйене отырып оған қол жеткізудің есептерін дайындайды.

Жаңа заң басқаруды кіріктіру әдісінің қажеттігін және оның мүмкіндіктерін анықтайды, себебі ол әкімшілік-бюджеттік басқару министрліктерден бірлесіп әрбір төрт жыл сайын (президенттік мерзімімен синхронизациялау) негізгі ведомствоаралық мемлекеттік мақсаттарды анықтауы керек және жыл сайын оған қол жеткізудің қадамдары мен деңгейлері туралы ақпарат ұсынуы керек. Ведомство аралық әрекеттестік саласындағы қиындықтардан басқа агенттік сонымен қатар әр түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар арасында экономикалық және әлеуметтік тиімділіктерге ықпал етуді арттыру үшін кең интеграциялануға да жауап береді.

Сонымен, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен тәжірибесінің көптігіне қарамастан АҚШ азаматтарды қоғамдық қажеттіліктерді анықтау процедурасына толық тарту мақсатында және ұсынылған қоғамдық игіліктер сапасын бағалау үшін оны жетілдіруді жалғастырып келеді.

Ұлыбританияның бюджеттік реформасы соңғы үш он жылдықта жалғасып келеді. Перспективті (үш жылдық) бюджеттендіру ресми түрде 1998 жылдан басталды. Оған «Келесі қадам» бастамасы алғышарт болды (Next Steps Initiative) онда мемлекеттік мекемелерге түбегейлі реструктуризация жасалды, ол бюджеттік қызмет ұсыну саласына нарықтық бәсекелестікті енгізу арқылы жүргізілді.



1998 жылы Ұлыбританияда бюджеттік бағдарламаны министрліктер өзіне қабылдайтын міндеттермен бірге бөлудің нақты байланыстарына акцент берілді. Бюджеттік қызмет сапасын арттырудың үлесіне нәтиже индикаторлары, көлем стандарттары және мемлекеттік қызмет сапасы жасалды олар кейін Азаматтық Хартиядан көрініс тапты.

Жаңа тәсілге екі негізгі элемент кірді: бюджеттік қызметтер туралы келісім (Public Service Agreements, PSA) және қызмет сапасы туралы Келісім (Service Delivery Agreements, SDA). Екі құжат та үш жыл мерзімге жасалады. Олар әрбір министрліктің мақсаттары мен міндеттерін және бюджеттік қызметтің көлемін және сонымен қатар министрліктің басқа да мақсатты көрсеткіштерін анықтайды.

Ұлыбритания Үкіметі тиісті әдіснамалық базаны жасады, атап айтқанда орталық үкіметтің және жекелеген министрліктердің жүргізген бағдарлама тиімділігін, жоспарды бағалау мен жұмыс нәтижесін бағалау жүйесін қалыптастыру бойынша жалпы принциптер.

Бюджеттен бөлінетін қаржыны анықтау барысында бірінші кезекте осы қаржының көмегімен қол жеткізілетін соңғы нәтижелер талқыланады. Министрлер Кабинеті PSA бюджеттік иеленумен (ассигнования) бірге қарастырылады. PSA бұқаралық ақпараттық құралдарда жарияланады және ресми сайттарда жарияланады Парламентке ұсынылатын жобаға үкімет пен ведомстволар деңгейінде бюджеттік тапсырыстармен қоса беріледі.

Бюджеттік қаржыны жұмсаудың ішкі бақылауын министрліктің ішкі аудит қызметі арқылы жүргізіледі, ал сыртқы бақылау – Ұлттық аудит қызметі арқылы жүргізіледі, ол үкіметке есеп беруге тәуелді емес және парламентке есеп береді. сыртқы және ішкі аудиторлардың бюджеттік ресурстарды жұмсау бойынша жұмысының мақсаты проблемаларды анықтау ғана емес сонымен қатар министрліктер мен ведомство қызметкерлерін осы саладағы жетістігі көп тәжірибемен таныстыру болып табылады, сонымен қатар мемлекеттік органдардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар жасау болады.

Ұлыбританияда нәтиже бойынша басқару жүйесі әлемдегі ең дамыған жүйе ретінде саналады. Оның негізін құраушы сипаттар мыналар болып табылады:

- бюджеттік шығындардың тиімділігін бағалау барлық муниципалитеттерге тең нәтижеліліктің 130 көрсеткішіне негізделген; бағалаудың бірегейлігі қызметтің нәтижесін салыстыруға және әр аумақтағы басқарудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді;

- ұсынылған қоғамдық қызмет сапасының стандарттарының минималды стандарттары жасалып бекітілді;

- органның қызметінің тиімділігін бағалау сыртқы және ішкі аудит аясында жүзеге асырылады;

- ұсынылатын қызмет сапасын бағалау бойынша есептің және ранжирлеудің бірегей әдісі бар.



Ұлыбританияда нәтиже бойынша басқару жүйесі үнемдеуді бағалаудың принциптеріне негізделген (efficiency) қызмет көрсетудің нәтижелік пен тиімділігіне (effectiveness) негізделген. Басқалармен салыстырғанда неғұрлым жоғары нәтиже көрсететін муниципалитеттер жаңа бағдарламаны жүзеге асыру үшін федералдық бюджеттен қосымша қаржы алады және ол бойынша Шоттық палата тарапынан инспекциялық тексерістің көлемінің азаюы байқалады.

Көрсетілетін қызмет сапасын бағалау жыл сайын жүргізіледі бір жағынан тұрғындарға ұсынылған қызметтің сапа стандарттарының көмегімен ал екінші жағынан тұрғындардың аталған қызметті ұсыну туралы көзқарастарын есепке алу арқылы жүргізіледі.

Басқарудағы және бюджеттеудегі аталған екі лидерлердің тәжірибесін нәтиже бойынша жалпылау және басқа да дамыған елдердегі көрсеткіштер бойынша жалпылау әдіснамалық негіздерді қалыптастыруға мүмкіндік береді, оның негізінде қазіргі заманғы нәтиже бойынша басқарудың жүйесі құрылған және жүйенің немесе процестің бес компонентін бөліп қарастырады, олар жүйені құраушы болып табылады біз ол туралы бизнес-контроллинг концепциясында жоғарыда айтып кеткенбіз.

Аталған бес элемент негізінде мынандай басқару каркастарын анықтауға болады:

- нәтижені жоспарлау.

Ұлттық басымдықтар әрбір нәтиже деңгейіне мақсат ретінде құрылады. Нәтижеге бағытталған жоспарлауға болжанған нәтижені анықтауды көрсетеді, ол макродеңгейдегі әсерден төменге бағытталған жалпы алғанда жұмыспен қамтуды арттыру ретінде, сектордың нақты нәтижелеріне дейін, жастарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру сияқты. Аталған нәтижелер бюджеттік ресурстар аясында нақты анықталуы керек және мақсаттары мен индикаторлары болуы керек, тиісті мониторингі мен сараптау мен бағалау құрылымдары болуы керек.

- нәтижеге қол жеткізуге арналған бюджет.

Бюджет ұлттық басымдықтардың жоспарланған нәтижелерін қолдайды. Бюджеттендіру стратегиялық жоспарда көрсетілген нәтижеге қол жеткізу үшін құрылғанына кепілдік береді.

- Нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қызметті ұйымдастыру.

Адамдар, саясаткерлер мен процестер алдыға қойылған шараларды жүзеге асыруда және көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуде экономикалық және әлеуметтік тиімді болуы керек. Осы кезеңде күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін саясат, кадрлар, шаралар жүйесі, бағдарламалар мен процестер, құрылады.

- Аралық және соңғы нәтижеге мониторинг жүргізу.

Нәтижеге негізделген мониторинг мынаны көрсетеді, нақты тараптар жоспарлауда көрсетілген көрсеткіштер бойынша қол жеткізілген нәтижеге жауап береді, онда мәліметтерді өңдеудің нақты



көрсеткіштерін, сараптамалары мен есептерін пайдаланады. Таңдалып алынған нақты көрсеткіштер келісілген нәтижелерге қол жеткізу үшін пайдаланылады.

- Нәтижені сараптау және бағалау

Сараптаудың әдіснамасы нәтижелерді бағалауға мүмкіндік береді стратегиялық жоспарды корректировкалау бойынша негізді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Төменде **басқарудың принциптері** көрсетілген оны контроллингке бастаушы ретінде бағалауға болады:

- жалпы нәтижелердің фокусы.

Жоспарланған нәтижелер (аралық соңғы) сол нәтиже болуы керек, оның шығыны бюджетте жазылған ол бақыланатын және бағаланатын шаралар жүйесін жүзеге асыру барысында алынған. Басқаша болғанда нәтижені жоспарлау бюджеттік параметрлерді ескермейтін тек қана құжат ретінде болып қалуы мүмкін. Өз кезегінде бюджеттік жүйе Ұлттық жоспармен байланысты емес мақсатқа арналған ресурсты бөліп көрсетеді және бақылау процесі көрсеткішті бақылай алады, ол мақсатқа қол жеткізуге арналған ұлттық мақсатқа қалай қол жеткізілгені туралы ешқандай ақпарат бермейді.

- Өзара байланыс.

Аталған компоненттер де өзара байланысты болулары керек мысалы, жоғарыдан төменге қарай жоспарлау бюджетті құру параметрлерін орнатады, алайда өз кезегінде бюджеттік шектеулерге тәуелді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай жоспардағы көрсеткіштерге қол жеткізу барысында олар көбіне мониторинг нәтижесін есепке ала отырып анықталады ол бюджеттегі өзгерістерді тудыруы мүмкін.

Барлық компоненттер тығыз интеграцияланған болуы керек, нәтиже ол ұлттық мақсатқа қол жеткізу болып табылады. Тығыз интеграция болған жағдайда болашақ шешімдер қабылдау шынайы ақпаратқа сүйенеді, бес элементтің циклі үнемі қызмет етіп тұрады жекелеген компоненттерің және байланыстардың үздіксіз толықтырулар жүреді. Басқарудың жүйелілігі тұрғысынан алғанда бір компонентке басымдық беріп өзара байланыстықта жұмыс істемейтін басқасын қалдыру мақсатты емес. Сонымен қатар циклдық платформа реформаға ені нүктесі ретінде қандай да бір компонентке шығуға мүмкіндік береді және ол циклдық байланыстар бар болса барлық тізбектен көрінеді.

Горизонталдық және вертикалды байланыстар.

Нәтижеге ұлттық деңгейде бағытталған жоспарлар, бюджеттер және шаралар жүйесі атқарушы биліктің субұлттық деңгейімен байланысты болуы керек (облыс, қалалар, аудандар) олар да елдің нәтижесіне жетуде маңызды рөл ойнайды. Субұлттық атқарушы органдар өздерінің жеке стратегиялық жоспарларын жалпы ұлттық саясат аясында жасап жүзеге асырулары керек және ол жауапкершілік



нақты есептілікпен, ресурстық қамтамасыз етумен және толық қаржыландырумен немесе бағдарламамен келістірілуі керек.

Горизонталды және вертикалды байланыстар жауапкершіліктің барлық деңгейлерінде нәтижені дұрыс анықтауға мүмкіндік береді және мекемелерде және әр түрлі деңгейлерде қосымша бастамаларды қамтамасыз етеді.

Азаматтардың мен жалпы қоғамның қажеттіліктеріне бағытталу.

Ол үшін экономикалық және әлеуметтік тиімділікті сыртқы және ішкі сараптама принциптерінде бағалау қолданылады. Бағалаудың ерекшеліктері оның жоспарлау индикаторларын қолдануында және мониторинг нәтижесі туралы ақпаратты қолдануында. Институционалдық ерекшеліктер оның ішкі және сыртқы статусымен анықталған. Сыртқы бағалау барысында барлық мүдделі тараптардың, сейкхолдердердің мүддесі есепке алынады. Олар әдіснама жасауға қатысады және мониторинг пен бағалауға қатыса алады.

Қазақстан үшін айырықша қызығушылық тудырып отырған ол қоғамдық сектордағы нәтиже бойынша басқару моделі ғана емес сонымен қатар аталған прогрессивті басқару әдістерін 20-30 жыл бұрын игеруді бастаған елдердің тәжірибесі де қызығушылық тудырып отыр. Аталған елдер ішінде жоғары деңгейде дамыған елдер де бар, олар ЭҚДҰ құрамына кіреді, сонымен қатар тұрақты дамуы 20 жыл бұрын ғана басталған елдер де бар.

Нәтиже бойынша басқару қалыптасу үстіндегі жас елдерге мысалы **Камбоджа** жатады. 1993 жылдан бастап елде экономикалық саясатты нығайту міндеттері қабылданды және демократиялық басқару институттары құрылды.

Ең күрделі экономикалық жағдайдағы макроэкономикалық басқару соңғы он жылда Камбоджада басқару көрсеткішін жақсартудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Алайда мемлекеттік сектордағы басқару реформасы әлі де болсын ерте кезеңде болса да жоспарлау жоғары деңгейге шығарылған. Мемлекеттік қаржыны басқарудың институционалдық реформасы бюджетті сенімді құрал ету үшін жасалған және бүгінгі күні орта мерзімдік шығындардың үш жылдық бюджетін таргеттеу арқылы бюджеттік сенімді құрал етуге тартылған. Алайда, басқа да маңызды процедуралар, мысалы бюджеттің вертикалды жән горизонталды байланысы әлі де тексерілетін болады. Мемлекеттік қаржыны басқару бюджетті игеруге жауапкершілікті арттыру негізінде, нәтижені қадағалау мен есепті қадағалау процедуралары үшін реформалауға ұшырап үлгерді. Мониторинг пен бағалау компоненттері әлі де әлсіз жоспарлау үшін кері байланысы шектелген.

Жаңа мемлекеттік менеджмент модел төрт реформа негізінде енгізіліп отыр:

- административтік реформалар бағдарламасы,
- құқықтық және сот реформасының бағдарламасы,



- Деконцентрация және децентрализация,
- мемлекеттік қаржыны басқару реформасының бағдарламасы.

Зайырлы мемлекет Камбоджа ұлттық үкіметтің және аумақтық атқарушы биліктің рөлі, міндеттері және жауапкершілігі арасындағы балансты іздей бастады ол жергілікті деңгейде қызмет көрсетуде неғұрлым белсенді рөл ойнайтын болады.

Басқару элементтері бойынша мыналарды айтуға болады:

Жоспарлау басқару деңгейінде және әр деңгейдегі көрсеткіштердің өзара байланысқан мақсаттарын қалыптастыруға қарай жылжиды.

Ұлттық жоспар мен бюджет арасында байланыс әлсіз. Ал жоспар мемлекеттік бағдарлама инвестициясы мен бюджет арқылы жүзеге асырылуы керек, әрбір мекеменің ресурстарымен стратегия мен жоспар арасындағы, жоспар мен мақсаттарда арасындағы өзара байланыс жеткіліксіз болып қалып отыр. Осыған байланысты жоспар мен бюджеттің байланысы кейінгі кезеңдерде мемлекеттік қаржыны басқаруды 12 реформасында айтылатын болады.

Деконцентрация мен децентрализация Камбоджада көп уақыт жүргізіліп жатыр. Қызметтер негізінен орталықтандырылған, алайда қызметті децентрализациялау деп тану субұлттық деңгейде жергілікті атқарушы билік деңгейі құзырында ұлттық деңгейде қызметті тікелей жеткізушілерді қалыптастыруды тудырды. Бүгінгі күні уақытша бюджет негізінде үкіметаралық бюджеттік трансферттерге арналған негіз қалыптастыратын заңнама қабылданды. Беру жұмыстары нақты жұмысты автоматты түрде ауыстыру мен нақты жеткізу арқылы жүргізіледі, олардың кейбіреулері аумақтар арасында бюджеттік трансферттер үшін бәсекелестікті немесе жарыстардың мысалы болады.

Жалпы мониторинг әлсіз алайда әдеттегі есептіліктің кейбір түрлері жергілікті орындарда жасалады. Үкімет ұлттық стратегиялық даму жоспары нәтижелеріне жалпы қол жеткізуде арагидік мониторинг жасауды жоспарлап отыр. Мындаған жалдардағы даму мақсаттары да прогресс мониторингісі көрсеткішіне енгізілген. Сонымен қатар, мемлекеттік секторда мониторингтің анықталған әдіснамалары жоқ және институционалдық міндеттер анықталмаған. Алайда үкімет даму саласында, қаржыландыру мен бағдарламаны жүзеге асыруда және жобаны жүзеге асыруда барлық министрліктерді, агенттіктер мен серіктестерді мерзімдік мониторинг жасауға және жоспарлау министрлігіне баяндама ұсынуға міндеттеп отыр.

Алайда Камбоджада мемлекеттік сектор да әлсіз болып табылады, аудиторлық тексеріс механизмдері дамымаған. Ресми аудит механизмдерін мемлекеттік қаржыны басқаруды реформалаудың екінші кезеңіне болжанып отыр. Алайда даму бойынша серіктестердің көмегімен Камбоджа тәуекелдер мен тиімділіктерге аудитті бастады. Жоспарлау министрлігі ұлттық жоспарға қол жеткізудің прогресін



диагностикалауда жалпы есепте ұсынылған мониторингілеу нәтижесімен баяндамаларды бағалау нәтижелерін қолдануды бастады.

Оңтүстік Кореяда жоғары орталықтандырылған жоспарлау құралдары күшті, ол экономикалық өсу қарқыны дәуірінде қалыптасып үлкен рөлге ие болды. Жылдар өткен сайын орталықтандырылған жоспарлау доминантасы әлсіреді. Жоспарлау мен бюджеттеу жоспарды жасау сапасы бойынша едәуір теңестірілді және бір министірліктің құзырында.

Мемлекеттік «нәтижені» жоспарлаудың орталық нүктесін ауыстыру, бюджеттік ресурстар шаралар мен нәтижелерге жылжу 2000-ші жылдары белгіленді. Үкіметтің 1998 жылғы дағдарыстан кейінгі қанағатсыз қаржылық жағдайы теріс әлеуметтік қорғанысты табыс теңсіздігін арттыру және тұрғындардың тырысуларын арттыруын тудырды.

Кореяның министрлігінде өнімділік жоспарын жасайды, оған мыналар кіреді:

- мекеменің миссиясы;
- орта мерзімдік мақсатты анықтайды (3-5 жылға);
- өнімділік мақсаттарын анықтайды және соған сәйкес көрсеткіштер мен оны өлшеу әдістерін анықтайды;
- саясат пен стратегияның шараларын ұсынады, бюджетті ұсынылған мақсаттарға сәйкес қамтамасыз етеді;
- орындау туралы баяндамағы мына ақпараттар кіреді қол жеткізілген нәтижелер туралы, қол жеткізілмеген нәтижелер туралы және қол жеткізілмеген мақсаттарды аяқтау кестесі.

Нәтиже бойынша басқару және бюджеттеу үлкен жобаларда жақсы қолданылады. Әр түрлі идеялар беру үшін болжанып отырған жоспарды дұрыс жүзеге асырудың объективтілігін арттыру үшін пән аралық команда құрылады. Сараптау жобаның экономикалық аспектілеріне шоғырланады. Онда сандық бағалау өте қиын жүзеге асырылады. Жоспарлау мен өнімділік туралы мәліметтер және бюджеттік ассигнование арасындағы тығыз байланысты жекелеген министрліктер мен ведомстволар тудырады және бюджеттің орындалуын жақсартады.

Бюджеттеудің реформа аясында төрт кезеңі енгізілді (Оңтүстік Кореяда ол өнімділікті басқару деп аталады): нақты жұмыстарға бағытталған бюджетті құру, аталған жұмыстардың техникалық-экономикалық негіздері, жұмысты аяқтау бойынша инспекция, үнем негізінде марапаттау.

Жобаны жүзеге асырудың барлық уақытында проблеманы анықтау үшін және келесі жылдың бюджетіне ақпарат енгізу үшін үнемі мониторинг жүргізіледі. Инспекциялық топтар Агенттіктің орталық бюджетінің директорының орынбасарынан жеке сектор сарапшыларынан тұрады. Инспекция процесі шамамен 5 ай және сараптамалық көзқарастардан тұрады, олар сұхбат басқа да ақпарат



көздерінің мәліметтеріне шолу жасау. Баяндама бюджеттік жоспарлаудың Орталық Агенттігіне ұсынылады, ол ақпарат бюджетті жақсарту үшін және институционалдық тиімділікті арттыру үшін пайдаланады.

Жалпы алғанда Оңтүстік Кореяда қолданылатын кесте АҚШ осыған ұқсас институттардың импорты болып табылады.

Көрсеткіштерге жоспарлау, жоспар шараларын жүзеге асыру, әсерлер, жалпы саясаттың қоғамдылығын бағалау және жекелеген қызметтерді қамтиды. Сонымен қатар, елдің барлық саясатын бағалау жүйесі сонымен қоса онлайн жүргізіледі және балансталған жүйенің әрбір өзгерісін нақты уақыт режимінде бағалауға болады.

Басқарудың бірнеше бағалау кезеңдері бар, ол мониторинг жүйесімен тығыз байланыста. Тұрақты бағдарламаға шолу жасау процесі бар, сонымен қатар жекелеген бағдарламаларды бағалау процесі бар. Тұрақты бағдарламаны шолудың нәтижесі Кореяда жалпы бюджеттік циклға бюджеттік бағдарламаны өзіндік бағалау арқылы кіріктірілген.

Аталған бағалаудың нәтижесі егер де бағдарлама бірінші ретте тиімсіз ретінде бағаланса шешім қабылдайтын тұлғаларды ақпараттандыруда қолданылады, онда оны қаржыландыру екінші жылы 10% қысқартылады. Кейін тағы да теріс баға алса бағдарлама жабылуы мүмкін.

Осы елдегі жүйенің негізгі ерекшелігі мемлекеттік қызметкерлер мен бағалау нәтижесі бойынша марапаттау арасындағы айырмашалық болып табылады. Бұл жерде аталған шаралардың кптеген жақтаушылары бөлімшенің басшысына ғана емес жалпы алғанда бөлімге марапат берілу керек деп санайды.

Егемендік алған уақыттан бастап **Малайзия** мемлекетінің жеке секторында бірнеше реформалар болды және жылдам өзгеріп жатқан жағдайларға және артып келе жатқан талаптарға әсер ету үшін трансформация саласында да өзгерістер болды. Дамыған жоспарлау мен бюджеттік процесс аталған реформаның бастамасы болды. Дамуды жоспарлау Малайзияда 1950-ші жылдары бірінші жоспардан басталды (1956 – 1960). Перспективтік жоспардың бірінші нұсқасы (OPP1) ұзақ мерзімдік ұлттық даму саласындағы кеңейтілген стратегиялық күн тәртібін анықтау үшін әзірленді ол (1971 – 1990) жж. Содан кейін екінші жоспар жасалды ол 1991-2000 жылдар аралығында және 2001 – 2010 жылдарға жоспар әзірленді. 1991 – 2020 жылдар мерзіміне арналған ұзақ мерзімдік ұлттық басымдықтар мен мүддеге көзқарас жоспары бар. Ұзақ мерзімдік жоспарға негізделіп ағымдағы бес жылдық жоспарды Экономикалық жоспарлау тобы құрастырды, оны Премьер-министрдің Департамент басшылығының кластерлік топтардың миссиялары мен техникалық жұмысшы топтардың кеңестік процестері арқылы жасалды. Жоспарда макроэкономикалық даму,



мемлекеттік сектор бағдарламасын бөлу көлемі мен дамыту көлемі жазылған.

Орташа мерзімдік мониторинг пен бағалау 5- жылдық жоспарлау циклдың ортасында жоспардағы ауытқуды анықтау үшін және мақсатты анықтау мен оған қол жеткізу кестесін ұсыну үшін жүргізіледі.

Мониторинг негізінен әр түрлі бағдарламалар деңгейінде орталықтандырылмаған және кешенді мониторинг жүйесінсіз негізгі көрсеткіштерге негізделіп жүргізіледі. Қазіргі қолданылып отырған жүйедегі негізгі кемшіліктерді бағалау кезеңінде көрсетеді. Нақты нәтижелерге бағытталған бюджетті құру процесін қолдауға құрылған нәтижеге негізделген тәсілдерді енгізу Малайзияны дамытудың он жылдық бағдарламасында (2011 – 2015 жылдар) бюджетті құрудағы жүзеге асыру, мониторинг және әр түрлі деңгейлердегі бағалаулар арқылы жоспарлаудың стратегиялық интеграциясына ерекше көңіл аударылады.

Үкімет стратегиялық жоспарлаудың кешенді аясын қабылдады, ол Малайзияның ұлттық дамуының 10 жылдық жоспарынан бастау алады (NRF). Нәтижеге негізделген және тәсілдері 5 стратегиялық бағыттың ұлттық басымдықтарына бағытталған 24 негізгі бағыттар және 30 бағдарлама министрліктер мен ведомстволар желісі бойынша жүзеге асырылады.

Жоспарлаудың ағымдағы процестері мен бюджеттік құру бағалау жасаумен, нәтижені анықтаумен және нәтиже мен жоспарды анықтаумен толық байланысты.

Нәтиже бойынша жүйені басқаруды қазіргі заманғы кезеңі жоспарлаудың стратегиялық интеграциясын, бюджетті құруға, әр түрлі деңгейдегі мониторинг пен бағалауға акцент береді. Яғни бағдарламаның жетістіктері туралы толық түсінік беру үшін шығынға емес нәтижеге қол жеткізуге негізгі көңіл бөлінеді. Нақты нәтижеге бағытталған басқарудың әдіснамасында аталған міндеттер шешілетін болады. Басқарудағы аралас бастамалар жалпы ұлттық нәтижеде дефицитті жою мен үкіметтің қарызын жабуға шоғырландырылған.

Филиппин нәтиже бойынша басқару жүйесін енгізуді күшті жоспарлаудан бастады. Жоспарлау мен бюджеттеу байланыстары нақты құрылды және бюджеттеу жүйесінің орташа мерзімдік шығындарға арналған және министрліктер мен ведомстволардың арасындағы шараларды жүзеге асырудың мониторингіне негізделген. Қызмет көрсету стандарттарының қолжетімділік пен оны жүзеге асыру процесін нығайтудың проблемалары әлі де қалып отыр.

Сонымен қатар, шектеулі бюджеттік ресурстар салдарынан әр түрлі бағдарламалар арқылы соңғы реформа салдары мерзімінде барлық жаңашылдықтар және әрекеттер жоспарлау мен бюджетті құруды нығайтуға бағытталды, ал жүзеге асыру мен мониторинг және бағалауға басымдық аз берілді.



Филиппиндер нәтижеге бағытталған басқару компоненттерін табыспен енгізіп және игерді, жоспарлау барған сайын жақсы күш алды, бюджет теңестірілді, мониторингтің дұрыс құралы нәтижеге қол жеткізуге бағытталды. Сонымен қатар, мониторингтің әр түрлі деңгейлерінде қоғаммен кеңесу кең етек алды және жоспарды жүзеге асыру барысында ашықтықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жүйе компоненттерінің арасында байланыстарда кедергілер бар, әсіресе оны жүзеге асыру, оны бақылау мен бағалауда туындаған қиындықтарды еңсерді.

Шри-Ланка мемлекеттік секторда нәтижеге бағытталған әдіснаманы жүзеге асырудың институционалдық негіздерін құрды. Аталған әдістің ерекшелігі оның барлық деңгейлерде жүзеге асырылуы болды: ұлттық, секторалдық, аумақтық және жобалық. Мониторингтің күшті жағы мен бағалау көрсеткіштер мен индикаторларды түзетулерге мүмкіндік береді және саясаттың мазмұнын корректировкалауға мүмкіндік береді. Жоспарлау әр деңгейдегі нәтижені анықтайды. Бюджеттік жүйеге реформалау жалғасуда және бүгінгі күні орташа мерзімдік мерзім бюджеті жүзеге асырылып отыр. Бақылау мен бағалаудың сенімді жүйесіне қарамастан, кері байланыс механизмі басқару циклын үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етуге мәжбүр.

Шри-Ланкадағы жоспарлау 10 жылдық мерзім аралығында жүргізіледі. Нәтиже басымдықты салаларда көрсетіледі, мысалы инфраструктура құру, ауыл шаруашылық, шағын және орташа өнеркәсіпті дамыту, денсаулық сақтауды дамыту және білім беруді дамыту. Әрбір басымдықты салалар үшін нәтижелер матрицасы жасалды, ол 2020 жылғы мақсатты және ауысу процесін нақты көрсететін өндірістіліктің негізгі индикаторларын (балансталған көрсеткіштер жүйесі - KPI) және секторалдық стратегияны анықтайды. Әрбір сектордың жоспарының мақсатты нәтижесі бар соңғы нәтиже нақты жобалар мен бағдарламаға құрылған. Бүгінгі күні министрліктердің миссиясы мен көзқарастарын көрсетеді және KPI нақты мақсаты және орта мерзімдік мақсаттар 3 жылға арналған.

Жоба туралы айтқанда жоспарлау, логикалық негізді сараптау немесе нәтиже матрицасы ірі жобалар үшін міндетті бағдарламаға болып табылады. Ұлттық жоспарлау департаменті барлық министрліктен мақсат иерархиясын көрсете отырып, көрсеткіштерді тексеру мен мониторинг арқылы және тәуекелді бағалай отырып жоба жоспарының матрицасын немесе жобаның дизайны матрицасын жасауды талап етті.

